Ауа райы: ● Қызылорда +6 ● Жаңақорған, Шиелі +8 ● Тереңөзек, Жалағаш +7 ● Қармақшы, Байқоңыр +6 ● Қазалы, Арал -1

Сыр бойы

28 АҚПАН СЕНБІ

2015 жыл
№29-30 (18917-18918)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ

www.syrboyi.kz

● САЙЛАУ

МАҢЫЗДЫ НАУҚАННЫҢ МҰРАТТЫ ЖОЛЫ

Кезектен тыс президент сайлауына үміткерлерді тіркеу 26 ақпанда басталды. Бұл туралы ҚР Президенті жанындағы ОКҚ баспасөз мәслихаты барысында Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Қуандық Тұрғанқұлов мәлімдеді. Сондай-ақ, ол ҚР Президенттігіне кандидатты ұсыну тәртібі жөнінде айтты.

– Президенттікке кандидаттарды ұсыну құқығы белгіленген тәртіпте тіркелген республикалық қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ, өзін-өзі ұсыну тәртібімен азаматтарға тиесілі. Президенттікке кандидатты облыстардың, Астана және Алматы қалаларының кем дегенде үштен екісінің атынан теңдей өкілдік ететін сайлаушылардың жалпы санының кем дегенде бір пайызы қолдауы тиіс. Кандидаттарды тіркеу кандидаттар барлық қажетті құжаттарды ұсынғаннан кейін басталады және 2015 жылғы 25 наурызда аяқталады. Президенттікке кандидат тіркелгенге дейін және оның ҚР Конституциясы мен «Қазақстан республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңда белгіленген талаптарға сәйкестігі мен кандидатты қолдап жиналған қолдардың шынайылығы расталуы тиіс. Одан кейін орталық сайлау комиссиясының шотына 1 млн 60 мың теңгеге жуық мөлшерде сайлау жарнасы енгізіледі. Кандидат пен оның жұбайы тіркелгенге дейін тұрғылықты жері бойынша салық органдарына 2015 жылғы 1 ақпандағы жағдайы бойынша табысы мен мүлкі туралы декларация тапсырылуы қажет. ҚР Президенттігіне кандидаттардың сайлау алдындағы үгіті 26 наурызда басталып, 24 сәуірде 24.00-де аяқталады. Сайлау болатын күні және оның қарсаңындағы күні кез келген үгітке тыйым салынады,– деді Қ.Тұрғанқұлов.

Сонымен қатар, Ортсайлауком төрағасы мемлекеттің кепілдігі ретінде бюджет қаражаты есебінен кандидаттардың үгіт жұмысын жүргізу шығыстары Орталық сайлау комиссиясы белгілеген мөлшерде ішінара жабылатындығы туралы атап өтті.

Айта кету керек, президенттікке кандаттарды ұсыну 2015 жылдың 15 наурызында аяқталады.

Брифингте сондай-ақ, ҚР Президенті сайлауын әзірлеу мен өткізу уақытында тұрақты жұмыс жасайтын баспасөз орталығы ашылатыны да белгілі болды.

– Сайлаушылардың толық және дұрыс тізімдерін жергілікті атқарушы органдар тиісті сайлау комиссияларына 5 сәуірден кешіктірмей жолдауы, ал 10 сәуірден кешіктірмей оларды азаматтарға танысу үшін ұсынуы тиіс. Дайындық жұмыстары аясында облыстық, Астана мен Алматы қалалық аумақтық сайлау комиссиялары учаскелік сайлау комиссия мүшелерін науқанды ұйымдастыру мен өткізудің негізгі құқықтық және тәжірибелік аспектілерін талқылау арқылы оқыту ұйымдастыру қажет. Ортсайлауком сайлау органдарына қажетті ұйымдастырушылық, әдістемелік және ақпараттық сүйемелдеу көрсетеді,–дей келе, Ортсайлауком басшысы жақын күндері сайлауды әзірлеу мен өткізу уақытында тұрақты жұмыс жасайтын баспасөз орталығының ашылатынын айтып өтті.

Дауыс беру 26 сәуір күні жергілікті уақыт бойынша таңғы сағат жетіден бастап кешкі сағат 8-ге дейін болатындығын айтқан Қ.Тұрғанқұлов: – Орталық сайлау комиссиясы 3 мамырдан кешіктірмей, Президент сайлауының қорытындыларын анықтап, тиісті қаулы қабылдауы тиіс. Сайлау науқаны барысында сайлау комиссиялары сайлауды ұйымдастыру, әзірлеу мен өткізудің негізгі халықаралық қағидаттарын, сондай-ақ, сайлау процесінің оның барлық кезеңдерінде ашық, жариялы және транспарентті болуын қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөледі. Бұған сайлау процесін байқауға отандық және халықаралық сарапшылардың белсенді қатысуы да ықпал ететін болады. Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп халықаралық байқаушылар институты ашылады,– деді.

Айнұр БАТТАЛОВА.

САЙЛАУШЫЛАР НАЗАРЫНА

Қызылорда облыстық сайлау комиссиясының орналасқан мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, нөмірсіз, облыстық басқармалар ғимараты, 2 қабат №230, 231 бөлмелер, телефондары 605434 (төраға), 605436 (хатшы), факс: 605436, электронды пошта sailau_orda@mail.ru.

Комиссия құрамы: Қайроллаұлы Қорғанбек – төраға, Жүнісов Абайбек Талғатұлы – төраға орынбасары, Наурызбаев Қожамжар Ыбырайұлы – хатшы, мүшелері: Есбосын Қаракөз Қожаққызы, Нақыпов Болат Нұржігітұлы, Сырлыбаева Аягөз Мұратбеққызы, Чагай Руслан Петрович.

Төрағаның ұялы телефоны: 87017864502;

Хатшының ұялы телефоны: 87773031805.

Облыстық сайлау комиссиясы.

● САПАР

ҮРЛЕМЕЛІ ТОСПА СУ ТАПШЫЛЫҒЫНЫҢ АЛДЫН АЛАДЫ

Аптаның жұмасы күні облыс әкімі Қырымбек Көшербаев пен ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің төрағасы Ислам Әбішев Шиелі ауданында болды.

Облыс әкімінің бұл жолғы сапары Шиелі ауданындағы суландыру мәселесін жақсартуға қатысты еді. Әсіресе құрғақшылық жылдары, сондай-ақ, су көп буланатын жаз мезгілінде, егіс алқаптарының аяқ судан тапшылық көретіні жылда қайталанатын көрініс. Осының салдарынан көктемде жерге дән тастаған егіншілер, ала жаз бойы еткен еңбегінің қайтарымы бола ма, болмай ма деп сенімсіздікке бой алдыра бастаған.

Жағдайды жете зерттеген мамандар Төменарық маңындағы бас сағa тұсынан үрлемелі су тоспасының құрылысын салу жөнінде ұсыныс берген еді. Облыс басшылығы ұсынысты қолдап, оның жүзеге асуын бақылауда ұстады. Азиялық мемлекеттер тәжірибеден өткізген бұл тоспа облысымызда әуелі Жаңақорған ауданының Көктөбе елді мекені жанына салынып, осыдан екі жыл бұрын пайдалануға берілді. Аталмыш су тоспасының шарапаты нәтижесінде жаңақорғандықтар су тапшылығынан құтылды, межелі дақылдарын егіп, одан лайықты өнім ала бастады. Міне, оның ендігі кезегі Шиелі ауданына да келіп жетті. Шындығында ел тұрғындарының әлеуметтік жағдайына елеулі әсер ететін су тоспасының құрылысы өткен жылдың соңғы айларында-ақ басталып кеткен-ді.

Аймақ басшысы комитет төрағасымен құрылыстың жүру қарқынымен танысты. Нақты кезеңде бұл жерге республиканың әр аймағынан 150 техника алдырылып, қызу жұмыс жүріп жатыр. Жалпы құны 1,6 млрд теңге болатын нысанды ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің тапсырысы негізінде «Қазсушар» РМК Қызылорда филиалы жүзеге асыруда. Құрылыс жұмысының барысымен филиал директоры Болат Арыстанбаев таныстырды.

– Жаңақорған ауданында салынған үрлемелі су тоспасынан 30 мың гектар жерді суландыруға мүмкіншілік туғызылған болса, мына құрылыс арқылы да 27-30 мың гектар алқапқа аяқ су еркін жететін болады. Бұл жөнінде біздің пікірімізбен санаса отырып, бірлесе жұмыс істеуге келісімін берген комитет басшыларына ризамыз. Енді аталмыш құрылысты тездете бітіріп, жаз айларында шиелілік дақандар су молшылығына кенелуі тиіс, – деді өз сөзінде облыс әкімі Қырымбек Көшербаев. Ол осы жерде су мамандарымен, аудан ардагерлерімен пікірлесті.

– Көктөбеде салынған үрлемелі су тоспасының ашылу салтанатына мен де қатысқан едім, енді сол сияқты алып су құрылысының біздің Шиелі ауданында басталғанына куә болып отырмын. Бұл елге деген жанашырлық, халықтың қамын ойлаған әрекет деп түсінеміз. Енді осының тезірек іске қосылғандығын көрейік, – деді су шаруашылығының байырғы маманы, ардагер Төлес Апбасов тұрғындар атынан ризашылығын жеткізе отырып.

– Биылғы жылы Тоқтағұл су қоймасынан төмен жіберілетін су көлемі жылдағыдан едәуір кеміп, шамаман 3,8 млрд шаршы болады деген болжам бар. Мұндай жағдайда Сырдария өзенінен су алатын оңтүстік аудандарда жаз айларында тапшылық болуы мүмкін. Сондықтан да Елбасы тапсырмасына орай барлық аймақтарға комитет тарапынан қамқорлық танытылу үстінде. Аталмыш үрлемелі су тоспасын салу уақыт жағынан да, қаржылық тараптан да тиімді. Мәселен, бұл тәсіл Ертіс, Жайық, Іле, Сырдария өзендерінде қолданылып, өзінің пайдалылығы мен қолайлылығын көрсетті. Мұның жарамдылық мерзімі 15 жыл, яғни, экономикалық тиімділігіне сөз жоқ, – деді ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің төрағасы Ислам Әбішев журналистерге берген сұхбатында.

Аймақ басшысы тұрғындар ахуалымен танысып, келелі мәселелерді сөз етті. Газ тарату орындарының құрылысы басталғандығын айтып, биыл әр үйге газ келетіндігін еске салды. Яғни, аймағымызда халықтың әлеуметтік жағдайларына, олардың жұмыс орындарымен қамтамасыз етілуіне мән берілуде деген сөз.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Шиелі ауданы.

● АРДАГЕРЛЕР – АБЗАЛ ЖАНДАР

ӨҢІРГЕ "ӨМІР ЖОЛЫ" КЕЛДІ

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығына орай «Ардагерлер ұйымы» республикалық бірлестігінің Орталық кеңесі «Самұрық-Қазына» ұлттық қорымен бірлесе «Жеңіс» акциясын ұйымдастырған болатын-ды. Оның аясында «Өмір жолы» қоғамдық қоры ҰОС ардагерлеріне аса қажетті жағдайда көмек көрсететін ұялы телефондарды сыйға тартып келеді. Осы мақсатта Сыр өңіріне келген «Евразия Медиа форум» халықаралық қорының өкілі Ольга Савельева, республикалық «Өмір жолы» қоғамдық қорының директоры Ернар Нұрбеков облыстық ардагерлер үйінде ҰОС ардагерлерімен кездесті. Бұл шараға сондай-ақ облыстық ішкі саясат, денсаулық сақтау, ішкі істер, төтенше жағдайлар, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармаларының жауапты қызметкерлері, аудандық, қалалық ардагерлер кеңестерінің төрағалары мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Салтанатты шараны ашқан облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сейілбек Шаухаманов аймақта Ұлы Жеңіс мерекесі қарсаңында жүргізіліп жатқан жұмыстарға тоқталды. Сыр өңірінде ҰОС-ның 104 ардагері бар, олар туралы кітап шығарылып, деректі фильмдер түсірілуде. Әр ардагердің үйіне белгілер қойылып, көшеге олардың суреттері ілінбекші. Ауыл, аудан, облыс тарапынан Жеңісті жақындатқан майдангерлерге, олардың отбасына лайықты құрмет көрсетіледі. Ал республикалық Ардагерлер ұйымы тарапынан көрсетіліп жатқан мына құрметтің ерекшелігі өз алдына.

Мұнан кейін Алматыдан арнайы келген халықаралық және қоғамдық қор өкілдері елімізде жүргізіліп жатқан «Жеңіс» акциясы аясындағы «Өмір жолы» жобасының мақсаты мен оның ардагерлер өміріндегі алатын орны туралы жан-жақты әңгімеледі. Майдангерлерге ұсынылатын бұл ұялы телефонның басты ерекшелігі, ондағы дабыл түймесінің басылуына орай ардагерге Алматы қаласында орналасқан орталық арқылы, яғни солардың араласуымен түрлі көмектер көрсетіледі. Ал, «Билайн» компаниясы облыстық бөлімінің қызметкері Гүлзада Құрманбаева ҰОС ардагерлеріне көрсетілетін қызмет түрлері мен жеңілдіктер жайында айтып өтті.

Республикада жүргізіліп жатқан акция барысында Қызылорда қаласында тұратын ҰОС ардагерлері Бөрібай Құлманов, Ыдырыс Қалиев, Кеңесбай Қалиев, Әбдірауық Сатыбалдиев пен Михаил Баев арнайы жабдықталған, өзі, балалары мен туған-туыстары, қызмет көрсететін мекемелер жайында толық мағлұматпен қамтамасыз етілген ұялы телефонның иесі атанды.

Ардагерлерді №187 орта мектеп оқушылары құттықтап, гүл шоқтарын табыс етті. Бүлдіршіндердің өнеріне риза болған Ыдырыс ата оларға ақ батасын берді.

Жұмагүл ОРАЛБАЕВА.

КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУ –

"НҰР ОТАН" ПАРТИЯСЫНЫҢ СЪЕЗІ 11 НАУРЫЗДА ӨТЕДІ

«Нұр Отан» партиясының төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев 2015 жылдың 11 наурызында партияның кезекті XVI Съезін өткізу жөніндегі Қаулыға қол қойды.

Осыған орай, «Нұр Отан» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Байбектің төрағалығымен бейнеконференциялық байланыс арқылы аймақтармен селекторлық кеңес өтті. Оған еліміздің барлық аймақтарынан 300-ден астам бастауыш партия ұйымының төрағалары қатысты. Жиында ауыл тұрғындары партияның басты тірегі екендігі және биылғы жыл өңірлердегі бастауыш партия ұйымдарының жылы болатындығы баса айтылды. Сондықтан да, ауылдық партия өкілдерінің еңбегін бағалау үшін жыл бойы «Ең үздік ауылдық БПҰ», «Ең үздік БПҰ басшысы» және т.б. аталымдармен «Ең үздік бастауыш партия ұйымы» байқаулары өткізіледі. Бұдан бөлек, алдыңғы жылдардың үлгісіне сәйкес, 1000 бастауыш партия ұйымының төрағалары үшін тренинг өткізу жоспарланды.

«БПҰ – бұл кемінде үш партия мүшесінің негізінде құрылатын бастауыш партия ұйымы. Бүгінде 5598 бастауыш партия ұйымы 849,7 мың партия мүшесінің басын біріктіріп отыр. Бұл елдегі әрбір тоғызыншы сайлаушы. Ал, БПҰ-ның 60 пайызы ауылдарда орналасқан. Оның 40 пайызына әйелдер қауымы басшылық етеді», - деді Б.Байбек.

Сондай-ақ, Б. Байбектің айтуынша, партияның кезекті XVI Съезі - тарихи Съез болмақ. Оған 1200-ден астам делегат қатысады. Қазіргі кезде бүкіл ел аумағындағы бастауыш партия ұйымдарында делегаттар ұсыну үдерісі басталды.

М.ОТАРАЛЫ.

КӘСІПКЕРЛЕР ЕЛБАСЫ ШЕШІМІН ҚОЛДАЙДЫ

Қызылорда облысының кәсіпкерлері Мемлекет басшысының кезектен тыс Президент сайлауын өткізу туралы шешімін қолдайды. Бұл туралы облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Руслан Досмаханов арнайы брифингте мәлім етті.

Палата директоры қазір әлемде тұрақсыз экономикалық жағдай қалыптасып отырғанын айта келе, бұл мәселе елімізден сырт айналып өтпейтінін және қазірдің өзінде ел ішінде экономикадағы дағдарыстық құбылыстар салқыны сезіліп жатқанын жеткізді.

– Дегенмен, бұл дағдарысты еңсеруде Қазақстан экономикасының қоры жеткілікті. Қазір елімізде шағын және орта бизнесті қолдау жөніндегі кешенді шаралар қабылдануда. Дағдарысқа қарсы «Нұрлы жол», үдемелі индустриялық-инновациялық даму және өзге де мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылуда. Бұл дегеніміз – жаңа жобалар, жаңа жұмыс орындары, шағын және орта бизнесті қолдауға бағытталған кешенді шаралар. Осы шаралардың барлығы Қазақстанның дағдарыс кезеңінен шығуда шешуші шарт болатынына сенімдіміз, – деді палата директоры.

Осы орайда, ол аймақтың бизнес-қоғамдастық өкілдері Елбасының мерзімінен бұрын президенттік сайлау өткізу туралы қабылдаған шешімін бір ауыздан қолдайтынын мәлімдеді.

– Бұл – әлемдік экономикалық дағдарыс жағдайында елдің саяси тұрақтылығы мен одан әрі дамуына мүмкіндік беретін сенімді қадам, – деді Руслан Досмаханов.

Дәурен ОМАРОВ.

ОБЛЫС ЖҰРТШЫЛЫҒЫ ПРЕЗИДЕНТТІК САЙЛАУДЫ

ҚАЛАУЫМЫЗ – ТҰТАСТЫҚ

«Біз қазақ мал баққан елміз. Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз» деген ғой қаз дауысты Қазыбек би. Бұл – біздің жұрттың бүкіл болмыс-бітімін ашатын сөз. Кеңпейілдігін, жомарттығын, қонақжайлығын, бейбітшіліксүйгіштігін дәл көрсеткен, анық айтқан, көркем кестеленген осы суреттеу бүгінгі қазаққа да тән.

Сын сағатында бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, елдің тыныштығы мен тұрақтылығын басты құндылық санайды біздің жұрт. Қазақстан халқы Ассамблеясының кезектен тыс президенттік сайлау өткізу туралы ұсынысын халқымыз мемлекетіміздің баянды болашағы, кемел келешегі үшін жасалған жақсы қадам ретінде қабылдады. Сондықтан біртұтас қолдап, қуаттап, Елбасына арнайы хат жолдап, саяси шешімді қабылдауды сұрады. Президент Нұрсұлтан Назарбаев халықтан түскен өтініш-тілектерді тыңдап, ой елегінен өткізіп, терең сараптап, өзінің кесімді сөзін айтты. Сонымен, президенттік сайлау 26 сәуірге белгіленді. Бұл дер шағында, дәл уақытында қабылданған шешім болды.

Елбасы өз Үндеуінде президенттік мерзімді референдум арқылы созғаннан гөрі кезектен тыс сайлау өткізген дұрыс деді. Әлемдік саясат қым-қуғаш кейіпке еніп, дағдарыстың дауысы зорая түскен мына шақта елдің болашағын алдын ала айқындап алмаса болмайды. Мұндай кезеңде бізге ең алдымен тыныштық пен татулық керек. Алауыз болмай, араздыққа бармай, бір қолдың саласындай, бір үйдің баласындай ауызбіршілікте болсақ қана алда тұрған қиындықтарды еңсере аламыз.

«Жер бетінде саны қанша миллион болса да туын тігер ұлтарақтай жерді, ұрпағына мирас етер елді арман еткен ұлттар қаншама! Елі болғанмен бағдары жоқ, бағдары болғанмен берекесі жоқ халықтар да көз алдымызда. Қазақстан даму көшіне ілескен елдерден суырылып шығып, көш тізгінін ұстаған елдердің санатына бет алды», – деді Мемлекет басшысы. Шекарасы бекітілген жеріміз бар, біртұтас еліміз бар. Бағытымыз айқын. Бағдарымыз анық. Сондықтан дамудың көшіне еркін енген халқымыз алдағы саяси сәтте өзінің болашағын адаспай таңдайды деп ойлаймын.

Сейілбек ШАУХАМАНОВ,
облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

ТҰЗШЫЛАР ҚАУЫМЫНЫҢ ОРТАҚ ТІЛЕГІ

Арал ауданындағы "Арал тұз" кәсіпорнының ұжымы Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың мерзімінен бұрын Президент сайлауын өткізу туралы бастаманы құптаған және сайлау өткізу туралы шешімін толығымен қолдайды.

Бүгінде төртқұл әлем қазақ елін ұстанымы берік, ғаламдық деңгейдегі жауапты істерге белсенді араласатын әрі салиқалы бастамалардың басында тұратын тұрақты мемлекет деп біледі. Бұған халықаралық сарапшылар мен аузы дуалы саясаткерлердің берген бағасы дәлел. Бүгінде әлемдік қауымдастық мемлекеттің әр жетістігін Сіздің есіміңізбен байланыстырады. Қазақстан және Нұрсұлтан бір-бірінен ажырамас ұғымдарға айналды.

Қазақ халқы сан мың жылғы мұратына Сіздің тұсыңызда жетті. Тәуелсіз тарихымыздың ғасырға бергісіз әр жылында еліміз үшін, оның болашағы үшін аса маңызды шешімдер қабылданды. Тарихымыз түгенделіп, тіліміз, дініміз, діліміз қайта оралды, тұңғыш рет шекара бекітілді. Қазақстан әлемдік қауымдастықтан ойып орын алды. "Қазақ" деген ұлтты, "Қазақстан" атты елді әлемнің алпауыт мемлекеттері мойындап, стратегиялық әріптестікке келісті. Осының барлығы Сіз жасаған еңбектің, өзіңіз ұйытқы болған жасампаз жұмыстың нәтижесі. Сондықтан Сізге деген ыстық ықыласымыз бен шексіз құрметімізді білдіреміз.

Біздер Қазақстанды гүлдену мен толағай табысқа бастаған өзіңіздей Ұлт Көшбасшысын мақтан тұтамыз! Сіздің басшылығыңызбен қазақ елі бағындырған биіктер мен қол жеткізген табыстары бұдан да зор болатынына сенімдіміз.

Біздің елімізде Елбасының бастамасымен қолға алынған алып жобалар, ізгі мұратқа жетелейтін жоспарлар, еліміздің барар бағытын, жүрер жолын, жетер биігін қамдаған мемлекеттік бағдарламалар бар. Біз тәуелсіздік алған жылдардан бері Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен жолға түскен елміз, бұл жақсы жолымыз, жақсы қалыбымыз жаңа сайлаудан соң да жалғасын тауып, Елбасымен бірге ертеңге бет аламыз деген ойдамыз.

"Арал тұз" акционерлік қоғамының ұжымы.

АЛҒА БАСУДЫҢ АЛҒЫШАРТЫ

Біздің бабаларымыз талай қиын сәттерді өткізді. Кең даланың сүйем жері үшін күресті. Бүгінгі сәулетті өмір, егемендік, тәуелсіздіктің көк байрағы оңайлықпен келген жоқ. Елбасының сарабдал саясаты бірлік пен ынтымақтың тамырын одан әрі тереңдете түсуде. Әдетте, "ел мықты болса, ел ағасынан, үй мықты болса, бел ағашынан" демей ме! Қазіргідей күрделі кезеңде сайлау өткізу бұған дейін белгіленген бағдарламаларды жүзеге асыруға одан әрі жол ашады. Бұл сайлауда бірлік, ұйымшылдық көрсету – парыз, бұл сайлау – біздің тағдырымыздың одан әрі гүлденуінің айқын жемісін айқындайды.

Бүгінгідей дәуірде қайта қаһарына мінген әлемдік дағдарыс жағдайында бізге бірлік пен ынтымақ одан әрі құнды. Бұл біздің Отанымыздың табысты дамуының басты формуласы.

Сыр өңірі қазір қарқынды даму үстінде. Үлкен өндіріс орындары қанат жая бастады. Көпқабатты үйлер жылма-жыл сап түзеп, туған жердің келбетін өзгертуде. Жұмыссыз жандардың еңбекке араласуына, мүгедек жандар үшін қамқорлық аясын кеңейтуге бетбұрыс басталды.

Облыс әкімінің жуырдағы жұртшылық алдындағы есеп беруінде атқарылған жұмыс, алдағы міндеттер ұтымды баяндалды. Сыр жұртшылығы ертеңгі болашаққа сенімді қадаммен нық басуда.

Елбасы ұсынған "Нұрлы жол – болашаққа бастар жолдың» көрінісі. Ұзақмерзімді стратегиялық жоспар – бұл ертеңгі күнге деген сенімді ұрпақ бойына ұялата түсуде.

Президенттік сайлау өткізу бастамасына қолдау білдіру – әр азаматтың парызы. Неге десеңіз, Елбасы аса қиын кезеңдерде реформаларды қолға алып, оны тиімді жалғастырғаны, одан нәтиже шығарғандығы біздің көз алдымызда. Біздің әрқайсысымыз сайлау қарсаңында Елбасының жанына тығыз топтасу үшін еңбекті еселей түсіп, сәулетті Қазақстанның көркеюіне үлес қосуға тиіспіз.

Ә.ӘМІРҒАЛИҰЛЫ,
Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы Қызылорда филиалының директоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты.

БҮКІЛ ХАЛЫҚ ҚАЛАУЫ

БИЫЛ ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ ШЕШІМДІ ТОЛЫҚ ҚОЛДАЙДЫ

ЕЛДІГІМІЗДІҢ ЕРТЕҢІ ҮШІН

– Ел Президенті Үндеуде атап өткендей, мына әлемдік дағдарыс жағдайында бірлік бізге бұрынғысынан да құнды. Яғни, «Мемлекеттің тыныштығы мен елдің бірлігін сақтап, дамыту Президенті бастап, елі қостаған кезде ғана баянды болмақ». Елбасының өзі «кезектен тыс Президент сайлауын өткізген жөн» деген пайымға келіп отыр. Бұл сайлаудың баршамызды баянды болашақ жолында біріктіре түсеріне мен де бек сенімдімін.

Иә, Елбасы жүргізген саясаттың арқасында біз биік белестерді бағындыра алдық. Мәселен, Тәуелсіздік алғаннан бері елімізде Ақсу-Дегелең, Хромтау-Алтынсарин, Шар-Өскемен, Өзен -Түркіменстан, Жетіген-Қорғас темір жолдар желісі салынып, іске қосылды. Ал, 2012 жылы құрылысы басталған «Жезқазған-Шалқар-Бейнеу» темір жолының жалпы ұзындығы 1200 шақырымды құрайды. Айрықша атап өтерлігі, азаттық алған 23 жылдан бері елімізде мұндай ұзын теміржол салынбапты.

Өткен жылдың жазында Жезқазған қаласында Елбасының қатысуымен телекөпір өтіп, онда аталған темір жол желісінің бойында орын тепкен 4 ірі станциядан алғашқы жүк тасымалдаушы поездар жолға шығарылғаны баршамызға мәлім. Бүгінгі таңда осы стратегиялық жоба аясында Қазақстанның орталық өңірінен жөнелтілген жүктер Батысқа, одан әрі Еуропаға тікелей шығарылуда. Бұл өз кезегінде еліміздің экономикасының жедел дамуына ықпал етеді. Тың жатқан далаға жан бітірген ұзындығы 1200 шақырымдық темір жолдың 571,4 шақырымы Жезқазған мен Сексеуіл арасын жалғайды.

Мемлекет басшысы атап өткендей, «Қазақ қазақ болғалы қазіргідей төрт құбыласы түгел, қуатты елге айналып көрген емес. Біз бүгін қариясы қамсыз, азаматы алаңсыз, ұрпағы уайымсыз елдердің қатарына ұмтылдық. Біз үшін көк аспанымыз ашық, көк байрағымыз асқақ болғаннан артық мәртебе жоқ».

Қазір әлемдегі саяси-әлеуметтік жағдай тұрақсыз. Қаржылық-экономикалық дағдарыстың жаңа толқыны бой көрсетіп отыр. Ендеше, осындай алмағайып күндерде барша қазақстандықтар Елбасы Н.Назарбаевтың төңірегіне тығыз топтасуымыз қажет деп ойлаймын.

Бұл жолы да Нұрсұлтан Әбішұлының сайлауға қатысқанын қалар едім. Өйткені, Нұрсұлтан Әбішұлының Отанымыздың іргесі бекіген тәуелсіз мемлекет болып қалыптасуына сіңірген еңбегі шексіз екенін тек қазақстандықтар ғана емес, бүкіл әлем біледі. Әр жылы халыққа арнайтын Жолдауларында Отанымыздың дамуына ең қажетті деген келелі мәселелер мен тапсырмаларды көрегендікпен, дер кезінде қоя білуінің арқасында бәсекелестікке қабілетті елдің қатарына енгеніміз – Н.Ә.Назарбаевтың нағыз Көшбасшы екенінің дәлелі.

Амангелді АРЫСБАЕВ,
Қызылорда теміржол бөлімшесінің директоры, облыстық мәслихаттың депутаты.

ЖАРҚЫН КЕЛЕШЕК ЖОЛЫНДА БІРГЕМІЗ

Біз – білім беру саласының ардагерлері, еліне жанашыр, патриот азамат ретінде, мерзімінен бұрын Президент сайлауын өткізу туралы Қазақстан халқы Ассамблеясы кеңесінің бастамасын, Елбасы шешімін толығымен қолдаймыз.

Біздің бүкіл еңбек жолымыз білім берумен байланысты. Біз өзімізді жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесіне арнадық.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың парасатты саясатының арқасында жүріп жатқан Қазақстанның қазіргі қарыштап дамуы бізге зор қуаныш пен мақтаныш сезімін сыйлайды.

Елбасы адам капиталы мен қарапайым адамдардың өмір сапасын арттыруға ұдайы ерекше көңіл бөлетіні белгілі. Әлеуметтік салаға елімізде басымдық берілгенін анық көріп, өз өмірімізде айқын сезініп отырмыз. Тәуелсіздік алғалы бері мұғалімдердің жалақысы үнемі өсуде, жаңа мектептер мен балабақшалар салынуда. Балаларымызға шетелден білім алуы үшін тамаша мүмкіндіктер жасалған. Мұның барлығы Елбасының сарабдал саясаты арқасында іске асты.

Біз Қазақстанды гүлдену мен толағай табысқа бастаған Президентті мақтан тұтамыз!

Қашанда үмітімізді ақтап, келешекке жол бастаушы кемеңгер Көшбасшымыздың бұл жолы да қайратымызды қайрап, жігерімізіді жанып, асқаралы мақсаттарға жетелеріне күмәніміз жоқ. Бәріміздің көкейіміздегіні дөп басқан, көңілімізден шыққан шешімді барша қазақстандықтардай ұстаздардың да қызу қолдайтынын жеткізгіміз келеді.

Ардагер ұстаздар атынан:
Шінәлі Байділдаев, Кендебай Сейітов, Сексенәлі Раханов, Шәкей Сейітжаппаров.

БАЯНДЫ БОЛАШАҚҚА НЫҚ ҚАДАММЕН

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Үндеуінде президенттік сайлаудың не үшін кезектен тыс өткізілуі қажеттігіне кеңінен түсінік берілген. Ойлап қарасақ, кезектен тыс өткізілген сайлау елді түрлі кикілжіңдер мен сыртқы жанжалдардан қорғап қалуға мүмкіндік жасайды екен. Сосын алыс-жақын шет елдер қаржылық қиындықтарға ұшырап, халқы үшін тиімсіз әрекеттерге барып жатқан кезде біздің ертеңгі күнге деген сеніміміз нығайды. Себебі, біздегі жұмыс орындарының қысқармағаны, жалақы мен түрлі әлеуметтік төлемдердің сақталып қалғаны көңілге демеу. Тағы бір айтарлығы, біздің кең-байтақ жерімізде бірнеше ұлттың өкілдері тату-тәтті өмір сүруде. Олар қиналғанда бір-біріне көмекке келеді, ақыл береді, бірлесе алдағы күндерге ұмтылады. Біздің еліміздің осындай дәрежеге, бір отбасындағыдай татулыққа жетуіне аз уақыт кеткен жоқ. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңде тұрақтылық пен татулықты, экономикалық өркендеу мен жұртшылықтың әл-ауқатын жақсартуды жүзеге асырдық. Мұның бәрі – Елбасының сарабдал саясатының нәтижесі.

Президенттік сайлауды мерзімінен бұрын өткізу жөніндегі бастаманы Сыр бойының Батыр аналары да оң қабылдады. Қазақстанның әлемдік қауымдастықта лайықты орны бар бейбіт те берекелі мемлекетке айналып, еліміздің өзгелерге үлгі боларлықтай дамуы – Елбасының тынымсыз атқарған еңбегіңіздің жемісі. Біз, аналар, еліміздің жан-жақты дамуы үшін жүргізіп отырған саясатыңызды қолдауға әрқашан дайынбыз.

Қай ана болса да баласының еліне жанашыр, халқының құрметіне лайық азамат болып ер жетуін, оның Отаны мен отбасы үшін аянбай еңбек еткенін қалайды. Осындай ұл өсірген анаға бұдан артық бақыт бар ма? Құт дарыған қазақ жері әлемге Елбасы секілді тұлға сыйлағаны біз үшін, қазақстандық барша аналар үшін – мақтаныш.

Сыр өңірінің
Батыр аналары атынан:
Зейнеш ӘЖІМБАЕВА, Әсемкүл АРЫСТАНБЕКОВА, Ақбибі ҚАЛАБАЕВА, Кенескүл КЕНЖЕҚОЖАЕВА.

ЖҰДЫРЫҚТАЙ ЖҰМЫЛУҒА ТИІСПІЗ

Ата Заңымызға байланысты бір жылда екі сайлау өтпеу керек. Өйткені электораттық науқанды екі сайлауға жұмылдыру еліміз үшін тиімсіз. 2016 жылы әлемді шарпыған экономикалық дағдарыстың шырқау шыңырау биігіне жететін кезі екен. Ол кезде тағы да қиын болады. Соған байланысты Президент сайлауын мерзімінен бұрын өткізу туралы ұсынысты жан-жақты саралап, оны биыл өткізу туралы Елбасы қабылдаған шешімді «Қызылорда облысы Азаматтық Альянс» қауымдастығы» толығымен қолдайды.

Бұған бірнеше негіз бар. Біріншіден, әрбір азаматтық қоғамды ең алдымен тұрақтылық, соның ішінде әлеуметтік тұрақтылық мәселесі мазалайды. Елбасымыз өзінің көрегенділігімен осы жағдайды жасай алды. Әлемдік қауымдастық алдында да еліміздің беделін көтерді. Екіншіден, Нұрсұлтан Назарбаев елдің 2050 жылға дейінгі стратегиялық даму бағдарламасын жасады. Онда әлемнің үздік отыз елі қатарына қосылу жолдары көрсетілген. Оны кезең-кезеңімен жүзеге асырып келеді. Үшіншіден, Елбасы ҮЕҰ үшін де көп нәрсе жасаған адам. Біздің міндеттерімізді, нақты бағыт-бағдарымызды айқындап берді.

Елдегі демократиялық үрдістердің дамуы ҮЕҰ-лармен тығыз байланысты. Халық пен биліктің үйлесімді іс-әрекеті ғана азаматтық қоғамға әкеледі. Қысқаша айтқанда, үкіметтік емес ұйымдар халық пен биліктің арасын жалғап келеді. Бүгінгі жетістіктер – бірлескен жұмыстардың жемісі. Оның алдағы уақытта да сәтті жалғаса беруін қалаймыз.

Елбасымыздың игі бастамалары, нақты стратегиялық бағдарламалары қарапайым халықтың жүрегінен орын табуда. Сондықтан күрделі заманда түрлі қауіптерге төтеп беру үшін бәріміз бір адамдай жұмылып, Президент саясатын жүзеге асыруға бар күш-жігерімізді жұмсауымыз керек деп ойлаймыз.

Әлима ӘБДІХАЛЫҚОВА,
«Қызылорда облысы Азаматтық Альянс» қауымдастығының төрайымы.

БІРЛІК – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

«Жан-Арай Жем» ЖШС ұжымы Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың мерзімінен бұрын Президент сайлауын өткізу туралы шешімін дұрыс қабылданған шешім деп есептейді.

Президент бастамасымен қабылданған Индустрияландыру бағдарламасы еліміздің тауар өндірушілеріне зор көмегін тигізді.

Қазіргі заманда әр адамның жеке айналысатын бір ісі, яғни кәсібі болғаны дұрыс. Өз кәсібіңмен айналыссаң, өзіңмен қоса мемлекетке де пайдаңды тигізерің сөзсіз. Қазіргі таңда кәсіпкерлер қатары артуда. Солардың қатарында біз де бармыз. Бұл болса, Ұлт Көшбасшысының табанды да салиқалы жүргізіп отырған саясатының нәтижесі екендігі баршаға аян.

Еліміздің әлемдік экономикалық күрделі жағдайларды еңсеруіне «Нұрлы Жол» жаңа бағдарламасы аясында индустрияландырудың екінші бесжылдығы қатарласа жүретінін білеміз. Осы бағдарламалардың табысты жүзеге асырылуы өте маңызды.

Қазіргі әлемдегі дағдарыс пен көрші елдердегі шаруашылықтың құлдырауы еліміздегі береке мен шаруа адамына деген қамқорлықтың қаншалықты қымбат екендігін тағы да көрсетті. Осы жолдан таймай, көтерілген биіктен төмендемей, алға жылжу үшін бізге ауызбіршілік пен татулық басты құндылық. Сондықтан да біздер «Жан-Арай Жем» ЖШС ұжымы Елбасының осы сайлауға қатысқанын құптаймыз.

Бағдәулет МАҚАШЕВ және «Жан-Арай Жем» ұжымы.

● БРИФИНГ

ОБЛЫС БЮДЖЕТІНІҢ ТҮСІМІ АРТЫҒЫМЕН ОРЫНДАЛДЫ

“Сыр медиа” ЖШС жанындағы коммуникациялар орталығында журналистермен жүздескен облыстық қаржы басқармасының басшысы Талғат Жақыпбаев өткен жыл қорытындысы мен алда атқарылатын жұмыстар жайлы айтып берді.

Атап айтқанда, басқарма басшысы өткен жылы облыс бюджеті жалпы түсімдер бойынша 101,5 пайызға орындалғанын жеткізді. Соның ішінде бюджеттің өз кірістері 105,1 пайызға орындалып, 3 млрд теңге артық түсті. Сондай-ақ, жыл ішінде салықтар жоспары 22 млрд теңгеге көбейтілді. Облыстық, қалалық және аудандық бюджеттердің барлығы кірістер жоспарын орындаған.

Республикалық бюджеттен 138 млрд теңге трансферттер толық алынған. Сондай-ақ, республикалық бюджеттен алынатын қарыздар да 5,5 млрд теңгеге толық алынды. Бұл қаржы “Жұмыспен қамту-2020” жол картасы аясында ауылдық жерлерде кәсіпкерлік саласын дамыту мен ипотекалық тұрғын үй құрылысына және мамандарды әлеуметтік қолдауға бөлінді.

Шығыстар бойынша облыс бюджеті өткен жылы 99,7 пайызға орындалды.

Коммуналдық меншік саласы бойынша өткен жылдың алдын ала қорытындысына сәйкес 21 ұйым өз қызметін 1,5 млрд теңге пайдамен аяқтауы болжамдап отыр. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда екі есеге жуық артқанын көрсетеді.

Мүлікті жария ету акциясына орай үстіміздегі жылдың 23 ақпанындағы жағдай бойынша 349 өтініш келіп түскен. Келген өтініштер бойынша мүліктердің жалпы құны 3,9 млрд теңгені құрап отыр. Соның ішінде 268 өтініш бойынша жалпы сомасы 3,1 млрд теңгені құраған 329 жылжымайтын мүлік жария етілген. Жалпы басқа облыстармен салыстырғанда біздің облыста жарияланған мүліктердің саны жоғары болып отыр.

Жекешелендірудің екінші толқыны аясында коммуналдық меншіктің 6 кәсіпорны және “Байқоңыр” ӘКК ҰК АҚ 11 еншілес компаниясы анықталды. Сонымен қатар өткен жылы бекітілген кестеге сәйкес Тілдерді оқытудың өңірлік орталығы кәсіпорнын сату жоспарланған болатын. Алайда сұраныстың болмауынан тендер өткізілмеді. Енді ол алдағы наурыз айында қайта саудаға шығарылмақшы. Сондай-ақ, өткен жылы “Байқоңыр” ӘКК ҰК АҚ жоспарланған бес ұйымының төртеуі бәсекелестік ортаға берілді. Ал, “Қызылорда құс фабрикасы” ЖШС электрондық сауда-саттыққа қойылған. Оның қорытындысы алдағы наурыз айында шығарылмақшы. Мұнан бөлек биыл “Салауатты өмір салтын қалыптастыру облыстық орталығы” кәсіпорны жекешелендіруге шығарылып, “Жаңақорған” шипажайы ЖШС бәсекелестік ортаға берілмекші.

Айғали ҚАРАБАЛАЕВ.

КОМПАНИЯЛАРМЕН КЕЛІСІМ ЖАСАЛДЫ

Облыстық коммуникациялар орталығында облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Жазира Жылқышиева әлеуметтік саладағы дағдарысқа қарсы шараларды баяндап, брифинг өткізді.

ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Бақытжан Сағынтаев бастаған Үкімет мүшелерінің аймағымызға жұмыс сапары барысында облыстың бірқатар ұлттық компанияларымен, оның ішінде “ҚазАтомПром”, “ҚазМұнайГаз”, “Қазақтелеком” АҚ басшылығымен біздің тауар өндірушілерді қолдау жөнінде меморандумдарға қол қойды.

Келісім бойынша Ұлттық компаниялар Қызылорда облысы кәсіпорындарынан 39 млрд теңгенің өнімін сатып алады. Жұмыс беруші қабылдаған осы міндеттемелердің өзі 6 мыңға жуық жаңа жұмыс орнын сақтауға көпілдік береді. Облыс әкімдігі, облыстық кәсіподақ және облыстың 6 кәсіпорнымен жұмыс орындарын сақтау және өндірістік үдерістерді тұрақтандыру бойынша өзара ынтымақтастық жөнінде меморандумдарға қол қойылды.

Бүгінде мұндай меморандумдардың саны жыл басынан бері 69635 адамды қамтыды. Облыста 6005 жұмыс жүргізіп отырған кәсіпорын бар. Оның 5188-де ұжымдық шарттар жасалған.

Алдағы уақытта облыстық үшжақты комиссияның отырыстарында негізінен мекемелер мен кәсіпорындарда орын алып жатқан қысқартулар мен жұмысшылар алдындағы жалақы қарыздары туралы мәселелер тұрақты түрде қаралып, бақылауға алынады. Себебі, жыл басынан кәсіпорындардың толығымен немесе жартылай тоқтауынан 567 адам ақысыз демалысқа жіберілген, 28 адам жұмыстан қысқарған, 104 адам өз еркімен және әкімшілік шаралар қорытындысымен жұмыстан шығарылған.

Бүгінгі күні орын алып отырған экономикадағы күрделі жағдайларға қарамастан әлеуметтік жобаларды қаржыландыру қысқартылмайды. Атап айтқанда, “Жұмыспен қамту жол картасы” бағдарламасы жалғасын табатын болды. Биыл 9500 жаңа жұмыс орындарын құру жоспарланса, 1 ақпандағы мәлімет бойынша 730 жаңа жұмыс орны құрылды (725 тұрақты орын).

Мүгедектерді кресло-арба, таяқ, балдақ, тифло және сурдоқұралдармен, протезді-ортопедиялық көмек түрлерімен және санаторий-курорттық емделумен қамтамасыз ету мақсатында 256,4 млн теңге бөлінді. Жыл басынан облыс бойынша 28 мүгедек тұрақты жұмыспен қамтылды. Аталған жұмыстар жалғасын табады.

Басқарма басшысы жұмыспен қамтуға қатысты қойылған сауалдарға жауап беріп, дағдарыс жағдайындағы іс-шаралардың мазмұнын егжей-тегжейлі түсіндірді.

М.МЕРЕЙ.

“Сыр медиа” ЖШС жанындағы коммуникациялар орталығында журналистермен жүздескен облыстық жер қатынастары басқармасының басшысы Шахмардан Қойшыбаев өткен жылы атқарылған жұмыс қорытындысы мен алдағы міндеттер жөнінде айтып берді.

ЖЕРДІ ТҮГЕНДЕУ ТИІМДІЛІГІН БЕРДІ

Шахмардан Сұлтанбекұлы алдымен облыстың жалпы жер аумағы жөнінде айтып өтті. Атап айтқанда, бүгінде Қызылорда облысының жер қоры 24 млн. гектар болса, оның ішінде 2,2 млн. гектар Қарағанды облысынан ұзақмерзімді пайдалануға алынған. Сонымен қатар облыс аумағының 771,4 мың гектар жерді Ресей Федерациясы жалға алып, пайдаланып отыр. Ал облыстың әкімшілік аумағы 226 мың шаршы шақырымды құрайды. Сондай-ақ, ауыл шаруашылығы мақсатына пайдаланып отырған жер көлемі 2 млн 439 мың гектар болып отыр.

Соңғы төрт жыл ішінде екі мәрте ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге түгендеу жұмыстары жүргізілді. Соның алғашқысы 2011 жылы облыс бойынша пайдаланылмай отырған 178,6 мың гектар жер анықталып, ол толығымен мемлекет меншігіне қайтарылды. Екінші түгендеу жұмысы 2012-2014 жылдары аралығындағы үш жыл ішінде жүргізіліп, онда 1910,1 мың гектар жер қамтылған. Бұл түгендеулердің мақсаты облыстағы жерлердің сапалық жағдайы, саны және көлемі мен пайдаланылуына нақтылау көзделген. Сонымен қатар алқаптарды трансформациялау, пайдаланылмай отырған жерлерді мемлекетке қайтару мен кейін оларды пайдаланатын адамдарға беру де қарастырылған. Осы түгендеу нәтижесінде 132,6 мың гектар жер пайдаланылмай отырылғаны анықталды. Соның ішінде 6,7 мың гектар жер мемлекетке қайтарылды. Ал 2,9 мың гектар жер пайдалану үшін қайта қолға алынып жатса, 123 мың гектар жерге қайтарып алу жұмыстары жүргізілуде. Осы жылдары жүргізілген түгендеу жұмыстарының қорытындысымен мемлекетке қайтарылған жерлердің 199,8 мың гектарды құрайтын 822 жер учаскелері мемлекеттік бағдарлама мен сауда-саттық арқылы қайта айналымға енгізілді.

Басқарма тарапынан бекітілген бас жоспарға сәйкес аудан орталықтарының шекараларын белгілеуге бөлінген 17953,2 мың теңгеге тиісті жұмыстар жүргізілді. Сондай-ақ, бас жоспарға сәйкес Қызылорда қаласының шекарасын анықтау және бекіту жұмыстарына облыстық бюджеттен бөлінген 19,2 млн. теңгеге жоба дайындалды. Бұл жоба ҚР Үкіметінің қаулысымен келісілген. Енді алдағы уақытта ол облыстық мәслихаттың бекітуіне ұсынылмақшы.

Өткен жылы жер учаскелерін рәсімдеу туралы 102 өтініш түскен. Ол бойынша облыс әкімдігі 17 қаулы қабылдап, жер қойнауын пайдалану мақсаты үшін 4052,5 гектар жер учаскелерін берді. Ал бір жер учаскесіне іздестіру жұмыстарын жүргізуге рұқсат етілген. Жалпы былтыр мерзімі біткен жер пайдаланушылардан 604,3 гектар жер учаскесі мемлекеттің жер қорына қайтарылды. Мемлекеттік орман қоры жерлерін басқа санатқа ауыстыру бойынша да кең ауқымдағы жұмыстар жүргізілді.

Мәслихат соңында басқарма басшысы журналистер тарапынан қойылған сұрақтарға орай қаланың сол жағалауы мен Төретам, Ақсай елді мекендері дамыту мен тұрғындарға жер бөлу және жерді аукцион арқылы сату секілді сенім мәселелер жөнінде толыққанды жауаптар қайтарды.

А.АМАНЖОЛҰЛЫ.

ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕР КӨБЕЙТІЛДІ

Қазақстан Республикасының «2015-2017 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңында 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап айлық есептік көрсеткіштің мөлшері (АЕК) 1982 теңге, ең төменгі зейнетақы 23692 теңге, күнкөріс деңгейі 21364 теңге, базалық зейнетақы төлемі 11182 теңге және ең төменгі жалақы 21364 теңге болып белгіленді.

Сондай-ақ, 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанның барлық зейнетақы алушы азаматтарының зейнетақы төлемдерінің мөлшері 9 пайызға көбейтілді. Орташа зейнетақы мөлшері базалық зейнетақы төлемімен қоса 50549 теңгені (зейнетақы мөлшері–39367 теңге, базалық зейнетақы төлемі–11182 теңге), ал ең төменгі зейнетақының мөлшері базалық зейнетақы төлемімен қоса 34874 теңгені құрайды.

2014 жылдың 1 желтоқсанына орташа зейнетақы мөлшері базалық зейнетақы төлемімен қоса 46675 теңгені (зейнетақы мөлшері–36225 теңге, базалық зейнетақы төлемі–10450 теңге), ал ең төменгі зейнетақының мөлшері базалық зейнетақы төлемімен қоса 32186 теңгені құрады. (зейнетақы мөлшері–21736 теңге, базалық зейнетақы төлемі–10450 теңге).

Ал мүгедектігіне, асыраушысынан айырылуына және жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылардың жәрдемақы төлемдері биылғы жылдың 1 қаңтарынан бастап белгіленген күнкөріс деңгейінің өзгеруіне байланысты арттырылды.

Ерекше зиянды және жарасты жұмыстарында жұмыс істегені үшін №1, №2 тізім бойынша мемлекеттік арнайы жәрдемақы алушылардың жәрдемақылары, бала тууына байланысты берілетін бір жолғы және бір жасқа толғанға дейінгі бала күтімі үшін мемлекеттік жәрдемақы мөлшерлері де осы жылдан бастап айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) 1982 теңгеге өсуіне байланысты көбейді.

АЕК-тің өзгеруіне байланысты бала туғанда берілетін бір жолғы жәрдемақының мөлшері бірінші, екінші, үшінші бала туылғанда 62255 теңге, ал төрт және одан да көп бала туылғанда 103758 теңге болды. 2014 жылдың 1 желтоқсанына бала туғанда берілетін бір жолғы жәрдемақының мөлшері бірінші, екінші, үшінші бала туылғанда – 58172 теңге, ал төрт және одан да көп бала туылғанда – 96953 теңгені құраған болатын. Жаңа жылдан бастап олардың мөлшерлері сәйкесінше 4083 және 6805 теңгеге өсті.

Мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарына, қамқоршыларға берілетін жәрдемақының мөлшері 2015 жылдың қаңтарынан бастап 21364 теңге, яғни ең төменгі жалақының мөлшерінде төленеді. Ал арнаулы мемлекеттік жәрдемақының мөлшері жаңа жылдан бастап айлық есептік көрсеткіштің 1982 теңгеге өсуіне байланысты, яғни 7 пайызға арттырылды. Осыған байланысты арнаулы мемлекеттік жәрдемақының мөлшері Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерінің 29632 теңгеден 31712 теңгеге, яғни 2080 теңгеге, «Алтын алқа», «Күміс алқа» белгісімен марапталған көпбалалы аналардың жәрдемақылары 11853 теңгеден 12683 теңгеге, яғни 830 теңгеге, 4 және одан да көпбалалы отбасыларына берілетін жәрдемақы 7705 теңгеден 8245 теңгеге, яғни 540 теңгеге көбейді және басқа да санаттар бойынша тиісінше арттырулар жүргізілді.

Лиман БОРАНБАЕВА,
еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары.

● ДІН МЕН ДІЛ

ТҰРАҚТЫЛЫҚ – БАСТЫ МҰРАТ

“Сыр медиа” ЖШС жанындағы облыстық коммуникациялар орталығында “Ақмешіт-Сырдария” орталық мешітінің бас имамы Талғат Сейіткәрімұлы БАҚ өкілдерімен баспасөз мәслихатын өткізді. Онда Қазақстан діни басқармасының ұйымдастыруымен Астана қаласында тұңғыш рет өткізілген республикалық имамдар форумындағы көтерілген мәселелер, қабылданған шешімдер туралы айтылып, сала бойынша атқарылған істерге талдау жасалды.

– Республикалық форумда имамдарға зор жауапкершілік жүктелетінін тағы бір мәрте сезіндік,– деді ҚМДБ-ның облыс бойынша өкілі. – Қазіргі имам Құран сүрелерін сауатты оқумен, жаназаны шариғат заңдарына сай шығарып салумен қатар, қоғам өмірінде болып жатқан саяси оқиғалармен, халықтық салт-дәстүрімен етене таныс болуы шарт. Ол – сөзге шешен, әр іске сабырлылықпен қарап, байыппен шешетін, қоғамдағы діни ахуалды қалыпты ұстап, тұрақтылық пен өзара татулықты баянды етуге күш салатын тұлға.

Республикалық форумда Сыр өңірі діни қызметкерлерінің халық арасында жүргізіп жатқан түрлі жұмыстарына жақсы баға беріліп, бірқатар істері өзге өңір имамдарына үлгі етілді. Мәселен, 10 адамнан жасақталған екі насихаттық топ мүшелерінің жыл бойғы жүргізген жұмысы, имамдар мен молдалардың әр айдың екі аптасын діни сабаққа арнауы форум қатысушыларының қызығушылығын тудырды. Өткен жылы жасалып, колледждер мен мектептерде, жастар жиі жиналатын орындарда көрсетілген бейнекөрсетілімдер жұрт назарын аударды. Биыл да былтырғы жақсы басталған істер жарасымды жалғасатын болады. Құрамында 10 имамы бар насихаттық топ мүшелері облыстың бүкіл аймағын аралап, екі күнде 60 кездесу ұйымдастыруды бастап та кетті.

Дегенмен, аймақта білімді, сауатты имамдар жетіспейді. Сондықтан орталық мешіт басшылығы тарапынан батыл қадамдар жасалуда. Бас имам Талғат Сейіткәрімұлы өзінің Сыр өңірінің жастары білім алып жатқан Сарыағаш, Шымкент және Астана қалаларындағы медреселерде болып, ондағы түлектерді туған жерге шақырғанын жеткізді. Сонымен қатар аймақтағы өзге ағым жетегіндегі жандармен өзара түсіністік қалыптасқанын, оларды қатарға қайта тарту сөзбен ғана емес, дін саласындағы жүргізілген нақты жұмыстар арқылы жүзеге асырылатын, болашақта орталық мешіт жанынан діни оқу орталығын ашылатынын тілге тиек етті.

Баспасөз мәслихатына келген дін саласының мамандары журналистердің сұрақтарына толыққанды жауап берді.

Гүлнұр РЕЙМБЕРГЕН.

КІРІС БОЛМАЙ ШЫҒЫС БОЛМАС

Кіріс болмай шығыс болмайды. Оның ішінде кіріс көзінің қайдан шығатынын дұрыс жоспарлау маңызды. Осындай дағдарыс заманында бюджет тайқазанын толықтыру оңай шаруа емес. Бүгінгі таңда салық базасын ұлғайту мәселесін облыс әкімі жылда бірінші орынға мақсат етіп қойып келеді және ол барлық деңгейдегі әкімдердің негізгі көздейтін мақсатына айналуға тиіс. Әкімшілік реформа нәтижесінде мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыру және деңгейлер арасындағы өкілеттіктердің ара-жігін ажырату бойынша біршама жұмыстар жүргізілуде. Ауылдық округ әкімдерінің мемлекет алдындағы рөлін күшейтіп, олардың құзырына бұрын аудандық деңгейде болған функцияларды жүктеп отыруы салық жинаудағы – үлкен жауаптылық.

Елбасы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы» 2012 жылы 28 қарашада №438 Жарлығында жергілікті өзін-өзі басқаруды одан әрі дамыту екі кезеңде болжанатындығын атап көрсеткен болатын. Бірінші кезең (2013-2014 жылдар) – басқарудың төменгі деңгейлеріндегі қолданыстағы жүйенің әлеуетін кеңейту болса, екіншісі (2015-2020 жылдар) – жергілікті өзін-өзі басқаруды одан әрі дамыту. Осыған орай, бірінші кезеңде аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент және ауылдық округ әкімдерінің басқаруына мемлекеттік мүлікті мүліктік жалға (жалдауға) беруден түсетін кірістер, жеке және заңды тұлғалардың ерікті түрдегі алымдары, сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақы және құқық бұзушылықтар үшін алынуға тиісті айыппұлдар түсімі берілді.

Ал екінші кезең 2015 жылдан бастап, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ аумағында тіркелген жеке тұлғалардың төлем көзінен салық салынбайтын табыстары бойынша жеке табыс салығы, мүлкі аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ аумағында орналасқан жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық, жер учаскесі аудандық маңызы бар қалада, ауылда, кентте орналасқан жеке тұлғалардан алынатын, елді мекендер жерлеріне салынатын жер салығы, аудандық маңызы бар қалада, ауылда кентте тіркелген жеке тұлғалардан алынатын, көлік құралдарына салынатын салық болып табылады.

Ауылдық округ әкімдері өзі басқаратын ауылдың тыныс-тіршілігімен тығыз байланыста болып, осындай салық түрлерін мерзімінде жинап отырса, оны әрі қарай ауыл тұрғындарының халахуалын жақсартуға тиісті бағдарламаларға жұмсап отырса, нұр үстіне нұр болмай ма?! Сол сияқты бюджет кірісін жоспарлауда әрбір салықтың өз төлемгерлері бар, оған үнемі талдау жасай отырып, құзырлы органдармен жасалатын жұмыстың нәтижесінде бюджет қаржысы жинақталады. Оны әрі қарай тиімді етіп халық игілігіне жұмсау екінші мәселе. Сондықтан, мемлекет бюджетін оның ішінде жергілікті бюджетті дұрыс жоспарлау Сыр елінің жарқын болашағына қосатын үлесіміз деп айтсақ, қателеспеген болармыз.

А.НҰРАСЫЛОВА,
облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының фискалдық саясат бөлімінің басшысы.

● КЕҢЕС

БОЛАШАҚҚА БАҒЫТТАЛҒАН ҚАМҚОРЛЫҚ

Жуырда Қызылорда қаласында облыстық мәслихаттың «Әлеуметтік және мәдени мәселелер» жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысы өтті. Онда мектеп оқушыларының жазғы демалысын ұйымдастырудың жайы талқыланды.

Шараға облыстық мәслихаттың хатшысы А.Әлназарова, қала әкімі Н.Нәлібаев, мәслихат депутаттары, атқарушы орган қызметкерлері мен облыстық кәсіподақ және кәсіпкерлер палатасының өкілдері қатысты.

Қоғамдық талқылауда қалалық білім бөлімі басшысы М.Аралбаев, облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары С.Серғазиев, облыстық тұтынушылар құқын қорғау департаментінің өкілі А.Көшербайқызы баяндама жасап, демалыс лагерьлеріне қатысты сала бойынша атқарылған жұмыстары жайлы айтып берді.

Халық қалаулылары балалардың жазғы демалысын тиімді өткізуге баса мән беру керектігіне шақырды. Жиында кәсіпкерлерді көмекке шақыра отырып, акциялар ұйымдастырылса, қалауынша әр кәсіпкер жазғы маусымда белгілі мөлшерде бала қабылдап, оларға жеңілдікпен жағдай жасаса деген ұсыныстар айтылды. Мәселен, «Арай» ойын-сауық кешені аквапаркіне немесе «Евразия» спорт кешеніндегі бассейнге оқушыларға тегін бір-екі айлық акция ұйымдастыруға болады. Немесе оқушылар сарайын жазғы жұмыс уақытына көшіру, жағажай, мұз айдыны сияқты демалыс орындары балаларды қабылдап, мәдениет, денсаулық, спорт күндері өткізілсе құба-құп болар еді деген пікірлер де болды. «Бала – біздің болашағымыз, сондықтан олардың демалысына барлық жағдай жасаймыз. Қазіргі кезде бірнеше кәсіпкерлермен балаларға қамқорлық жайында сөйлесіп жатырмыз» деді қала әкімі. Өз кезегінде облыстық кәсіпкерлер палатасы басшысының орынбасары Ербол Күмісқожаев, бала демалысын тиімді өткізуге қатысты ұсыныстарды кәсіпкерлерге жеткізетінін білдірді.

Үш ай уақытын қызықты да әсерлі өткізу әр бала үшін маңызды. Жазғы демалысты тиімді ұйымдастыру тек бос уақытты көңілді өткізу ғана емес, еліміздің келешегі – жастар тәрбиесіне ерекше мән беріп, олардың жан-жақты қалыптасуына, қоғамның дамуына үлес қосатын азамат болып өсуіне қамқорлық жасау болып табылады. Тәуелсіз еліміздің жас ұрпағына қамқорлық көрсету әр азаматтың патриоттық парызы деп білеміз.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.

БАЛАЛАР ДЕМАЛЫСЫ ҰТЫМДЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ ТИІС

Облыстық мәсихаттың тұрақты комиссиясының кеңесі Жаңақорған және Шиелі аудандарында өткізіліп, онда мектеп оқушыларының жазғы демалысы кезінде тынығуы мен отансүйгіштік рухта тәрбиеленуі мәселесі қаралды.

«Мәңгілік ел» идеясын ұстанған мемлекетіміздің болашағы – жастар, олар осы бастан қамқорлыққа алынып, алдыңғы толқынның нақты қолдауына ие болуы тиіс. Осы мәселені басты ұстаным етіп алған халық қалаулылары жиын барысында оны кеңінен сөз етіп, жергілікті атқарушы биліктің уәжіне ден қойды.

Жаңақорған ауданының әкімі Р.Рүстемов кеңесті ашып беріп, күн тәртібіне ұсынылып отырған мәселенің жай-күйін сөз ету тізгінін аудан әкімінің орынбасары Б.Әйтпенбетовке берді.

Жаңақорған ауданында «Тау самалы» және «Талдысу» атты тынығу лагерьлері жұмыс істеп келеді. Оларға тек Жаңақорған емес, аймағымыздың басқа аудандарынан, облыс орталығынан келген балалардың тынығу тәжірибесі бұрыннан бар. Қаратау бөктеріне жақын маңға қоныс тепкен тынығу лагерьлерінің жабдықталуы да көңілге қонымды. Дегенде, әр мезгілдің өзіне лайық ұсынатын мәселелері шығып тұрады, оны шешуге аудан әкімшілігі мен білім бөлімі бірлесе іс-қимыл жасауда. Аудан көлеміндегі кәсіпорындар тарапынан да қолдаулар ұйымдастырылады. Сонымен қатар, мектептер жанынан ашылатын демалыс лагерьлеріне де оқушылар тартылады. Бұл жөнінде Жаңақорған ауданы білім бөлімінің басшысы Б.Ибрагимов қосымша айтып өтті.

Шиеліде өткен жиынды аудан әкімі Қ.Сәрсенбаев ашты. «Көкшоқы» мөлтек ауданында бұрынғы балабақша ғимаратына кешегі тоқырау жылдары орналастырылған «Сыр ұланы» лагерінің ауқымы мүлдем тар, жатын орындары, ойын алаңдары шағын. Сонымен қатар асханасы санитарлық талапқа мүлдем сай келмейді. Жуынатын орындары да басқа жерде. Жиһаздар, жабдықтары ескі. Бұл туралы облыстық тұтынушылар құқығын қорғау департаментінің бөлім меңгерушісі А.Көшербайқызы нақты фактілер келтірді. Аудан әкімшілігі жаңа тынығу лагерін салуға жер бөліп, ғимараттың сметалық жобасын жасағанымен, үміт еткен құрылыстың әлемдік дағдарыс салқыны салдарынан биыл да салынуы неғайбыл. Сондықтан қолдағы бар басқа мүмкіндіктерді тиімді пайдалануға тура келеді. Балаларды қала сыртына демалдыру, басқа аудандардағы лагерьлерге апару және осындағы кәсіпорындар мен кәсіпкерлердің қолдауын ұйымдастыру шаралары қарастырылғаны жөн. Ауыл әкімдері, мектеп басшылары аталмыш жағдайға байланысты өз ұсыныстарын білдіріп жатты.

Кеңесте облыстық мәслихат депуттарынан құралған топтың жетекшісі Р.Байназарова сөз алып, күн тәртібіндегі мәселенің ауқымдылығын, мәні мен мазмұнын еске сала отырып, қаржы тапшылығын алға тарта бермей, тиімді жолдарын қарастыруды еске салды. Кеңес соңында аталмыш мәселені шешудің тұшымды тұжырымы жасалды.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Жаңақорған, Шиелі аудандары.

КАЗАҚСТАН МӘСЛИХАТТАРЫ

КЕНТТІ КӨРКЕЙТУ – КӨПКЕ ОРТАҚ

2015 жылдың 23 ақпаны Шиелі аудандық мәслихат аппаратының мәжіліс залында аудандық мәслихаттың кезекті сессиясының күн тәртібіне енгізілген «Шиелі кентін абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту бойынша атқарған жұмысы туралы Шиелі кенті әкімінің есебі жайлы» мәселе қаралды.

Шиелі аудандық мәслихаты хатшысының 2015 жылғы 21 қаңтардағы №8 өкімімен құрылған аудандық мәслихаттың уақытша депутаттық комиссиясының отырысында мал жайылымдарының жайы, орталық базарға қатысты мәселелер талқыланып, тиісті шешімдер қабылданды. Қазіргі таңда аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасының мамандарымен бірлескен рейдтер ұйымдастырылуда.

ҚАЛАУЛЫЛАР ЕЛ АЛДЫНДА ЕСЕП БЕРДІ

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2014 жылғы 11 қарашада халыққа өзінің «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты кезекті Жолдауын арнағаны баршамызға белгілі. Еліміздің барлық азаматы жыл сайын Елбасы Жолдауынан жаңа бір оң өзгерістер күтіп, дамуды көздеген Қазақстанның келесі тың қадамдарына куә болатыны сөзсіз.

Халық сенім білдіріп сайлаған бірқатар депутаттар да өз сайлаушыларының алдында атқарылып жатқан игілікті істер жайлы хабардар етіп, Елбасы Жолдауын насихаттау, алдағы жылға халықпен бірлесе отырып жоспарлар жасау мақсатында өз есептерін жүргізді.

Халық алдында есеп беруді №21 Мұратбаев сайлау округінен сайланған облыстық мәслихат депутаты Кәрім Медет №233 орта мектепте бастап берді. Ол есеп беру барысында өзінің сайлауалды бағдарламасының орындалуына кеңінен тоқталды.

Қоғамдық көлікпен қамтамасыз ету жүйелілігін жаңартуға байланысты өткен жылдары «Байқоңыр» әлеуметтік корпорациясы арқылы жаңа орта сыйымдылықты 20 автобус алынды. Биыл тағы осындай автобустардың легін әкелу жоспарлануда.

«Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту» бағдарламасы аясында «Шұғыла» мөлтек ауданындағы барлығы 53 көпқабатты тұрғын үйдің 2014 жылы 15-і күрделі жөндеуден өткізілді. Бұл жұмыстарды орындауға 574 млн теңге көлемінде несие берілді.

Сайлау округінде 5 орта мектеп, 2 мектеп-интернат пен 7 мектепке дейінгі білім беру ұйымдары орналасқан. Оларға тұрақты түрде мерекелер аясында қолдаулар көрсетіліп отыр. Мысалы, округ аумағындағы көпбалалы және тұрмысы төмен отбасылардың мектеп бітіруші балаларына, «Ақ жол» акциясы аясында 2 млн теңгеге арнайы киімдер алып берілді. Облыс мектептерінің 64 «Алтын белгі» иелеріне ноутбуктер сыйға тартылды. Сондай-ақ қайырымдылық акциясы аясында жаңа жылда сайлау округіндегі 500 бүлдіршінге 1 млн 250 мың теңгеге сыйлықтар тапсырылды.

№7 орта мектеп, Мұстафа Шоқай атындағы №187 орта мектеп, Ж.Нұрсейітов атындағы №233 орта мектеп пен №235 орта мектептер ауларына спорт алаңдарын салуға 40 млн теңге берілді. Қала бағдарламасы бойынша «Шұғыла» мөлтек ауданындағы №1А, №6А, №7А және №58 көпқабатты үйлердің аулаларына балалар спорт-ойын алаңдары салынды.

Медет Сәпиұлының халықпен кездесу барысында көпшілік жасалған жұмыстарға алғыс білдіріп, әлеуметтік мәселелерге байланысты сауалдар қойды. М.Кәрім айтылған ұсыныстілектер мен пікірлердің әркез назарында болатындығын айтып, барынша орындау үшін күш салатындығын жеткізді.

• Осыдан кейін №23 Тасбөгет сайлау округінен сайланған облыстық мәслихат депутаты Асылбек Тоғызбаев Белкөл және Тасбөгет кенті тұрғындарына депутаттық есебін берді. Бірінші Белкөл кентінде өткен жиында орындалған жұмыстарға тоқталып өтті. 2013 жылы Бірқазан елді мекеніндегі №145 орта мектеп жанынан 20 орындық балабақшасы, бар 50 орындық мектеп құрылысы жүргізілді. 2013 жылы республикалық «Ақбұлақ» бағдарламасы бойынша кенттегі 206 жеке тұрғын үйге ауыз су жүйесі тартылды. Сондай-ақ, КБИ мөлтек ауданының жол жөндеу жұмыстарына 2012 жылы 89 млн теңге қаржы бөлініп, Торайғыров және Ысқақов көшелеріне орташа жол жөндеу жұмыстары жүргізілген. 3 жылда бюджеттен 165 млн теңге қаржы жұмсалып 4,7 шақырым болатын 4 көше жөнделді.

Депутат Тасбөгет кентінде өткен есебінде жол жөндеу, көше жарығын орнату, ауыз су құбырын тартуға қосқан үлесі жайын тарата айтты. Асылбек Тоқмырзаұлының жеке адамдарға берген көмегі де жеткілікті. Тасбөгет кентінің тұрғыны Ақерке Рахметованың медициналық коледжіндегі 2 жылдық оқу ақысына 360 мың теңге берді. 2013 жылы оны Қызылорда қалалық ауруханасына жұмысқа орналастырылды.

Тасбөгет кенті, «Наурыз» ықшам ауданы №1 үй 8 пәтерінде орналасқан «Батыр ана» көпбалалы аналардың қоғамдық бірлестігінің Халықаралық әйелдер күніне орай мерекелік іс-шара өткізуіне көмек көрсетті.

КБИ мөлтек ауданы, Мұнайшы №30 үй 4 пәтер тұрғыны, екі баланың анасы 2-топ мүгедегі З.Әлішованың екі баласына оқу құралдарын сатып алуға қаржылай 70 мың теңге көмек берді. №176 орта мектебіне 2014 жылдың 22 тамызында «Мектепке жол» акциясына орай 100 000 теңге көлемінде демеушілік жасады.

• Облыс көлемінде халық жағдайын жақсарту бағытында өз депутаттық қызметінде көптеген жұмыстар ақтарған облыстық мәслихат депутаты Нұрмұрат Ермановты көпшілік таниды. «Құрмет» орденінің иегері төрт бірдей шақырылымның депутаты болып сайланған Нұрмұрат Ермановты аймақ дамуына өз үлесін қосып жүр. Соңғы екі жыл көлемінде депутат Ақжар округі – 5, Ақсуат ауылында – 6, Талдыарал ауылында – 3, Иіркөлде – 2, Тасбөгет кентінде 7 рет халықпен кездесу ұйымдастырды. Кездесу барысында өзекті мәселелер ортаға салынып, шешу жолдары да қарастырылды. Соның нәтижесінде Ақсуат ауылының ауыз су мәселесіне биыл 450 млн теңге бөлінді. Балабақша, амбулатория салуға бюджеттен қаржы қарастырылды. Сонымен қатар, Ақжарма ауылында жаңадан балабақша салуға 62 млн теңге бөлінді. Депутаттың Талдыарал ауылында апатты жағдайда тұрған мектептің жағдайын билікке жеткізуінің нәтижесінде кентте жаңадан 200 орындық мектеп пайдалануға берілді.

«Мектепке жол» акциясы бойынша №101, 268, 143 мектептердегі көзі нашар көретін балалардың әрқайсысына 30 мыңнан қаржылай көмек көрсетті. Соқырлар қоғамындағы 9 балаға 16 мың теңгеге мектептің керек-жарақтарын соңғы 2 жыл ішінде әлеуметтік жағдайы нашар отбасыларына 1,5 млн теңге көлемінде қаржылай көмек көрсетті.

Н.Ерманов Тасбөгет кентіндегі екі қабатты үйлерді күрделі жөндеуден өткізу жұмысының бастамашысы болған.

Облыс көлемінде 26 мыңнан астам мүгедек бар. Осы көңілі қаяу жандардың өмірін жақсарту бағытындағы жұмыстарды қамтыған «Жол картасын» республика бойынша бірінші болып Қызылорда облысы қабылдады. Мүмкіндігі шектеулі жандардың жағдайын жақсарту үшін облысымыздың барлық аудандарында «инваташи» қызметі жұмыс істейді. Үстіміздегі жылы 20 автобусқа арнайы аппарель орнатылды. Сонымен қатар, жыл басында 700 мүгедек жан жұмысқа алынды. «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы бойынша 45 мүмкіндігі шектеулі адам 90 млн теңге несие алып, өздерінің жеке істерін бастады. Қарттар үйін мекендеген Ғалым Жұбанов «Даму» кәсіпкерлікті дамыту орталығының демеушілігімен қайтарымсыз несие алып, қазіргі таңда өз кәсібін дөңгелентіп отыр.

Мәслихаттар еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуында ел игілігі үшін атқарған абыройлы істердің арқасында халықтың зор сеніміне ие болған органға айналды.

Депутат – халық пен билік арасындағы дәнекер. Оның құқығы мен міндеті ел игілігі үшін бөлініп отырған қаржы көздерін бақылау. Ол кезек күттірмейтін күрделі мәселелердің, оның ішінде халықтың мұң-мұқтажының шешімін табуына, аймақтың өсіп-өркендеуіне, көркеюіне, инфрақұрлымының қазіргі заман талабына сай дамуына, жаңарып-жаңғыруына үлес қосып жұмыс жасайды.

МЫҚТЫ БИЗНЕС – ҚУАТТЫ МЕМЛЕКЕТ

Бейсенбі күні «Нұр Отан» партиясының «Теміржол» филиалы мен «Жас Отан» ЖҚ белсенді мүшелері халықтың көп шоғырланатын жері теміржол вокзалында қала тұрғындары мен жолаушыларға «Қазақстандық өнімді таңдаймыз» атты тақырыпта акция өткізді.

ШАРА

«ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӨНІМДІ ТАҢДАЙМЫЗ»

Шараның басты мақсаты отандық кәсіпкерлерге қолдау көрсете отырып, тұрғындарды елімізде өндіріліп жатқан өз өнімдерімізді тұтынуға шақыру.

«Елбасы жуырда өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында отандық өнімдерге қолдау көрсету, әрі оны тұтынуды назарға алу керектігін айтқан болатын. Осы ретте бізде өз үлесімізді қосу мақсатында акция ұйымдастырып, тұрғындарға түсіндірме жұмыстарын жүргізудеміз. Бүгінгідей әлемдік дағдарыс кезеңде кез келгеніміз өз еліміздің патриоты ретінде дүкеннен Қазақстанда жасалған өнімдерді сатып алуымыз қажет» – деді «Теміржол» партия филиалының бірінші орынбасары Базара Танбаева.

Акция барысында жолаушылардың пікірлері де тыңдалды.

«Отандық тауарларға көңіл бөлу керек деген ұсыныстарыңыз өте орынды. Қазіргі күні Қазақстанда жасалған тауарлар өте сапалы, бағасы да тиімді. Өз басым отандық тауарларды сатып алуды қолдаймын», – дейді жолаушы Ләззат Ермекешова.

Осылайша, жасалып жатқан игі бастама көптің көңілінен шықты. Мұндай шара өңірімізде әлі де жалғасын табатын болады.

М.ОТАРАЛЫ.

АРДАГЕРГЕ «ДАБЫЛ» ТҮЙМЕСІ БАР ТЕЛЕФОН ТАБЫС ЕТТІ

Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерейтойына арналған «Өмір жолы» атты қайырымдылық акциясының аясында майдангер қарияларға шұғыл шақырту түймесі бар мобильдік телефон табыс етілуде.

Бұл жолы Жаңақорған ауданының әкімі Руслан Рүстемов Ақүйік ауылдық округінің тұрғыны, Ұлы Отан соғысы ардагері Найманбай Құрбановтың шаңырағына барып, «SOS» дабыл қағу тетігі бар ұялы телефон сыйға берді. Елбасы атынан құрмет көрсеткен аудан басшысы қан майданда ел үшін, жер үшін аянбай соғысқан ардагерге жақсылық пен ұзақ ғұмыр тіледі. Президент сыйлығын ардагер ерекше ілипатпен, алғыспен қабыл алды.

Сонымен қатар, аудандағы Жастарды қолдау орталығының ұйымдастыруымен жастар ардагердің үйінің ауласын тазартып, ағаштардың түбін қопсытты.

Айта кетейік, «Өмір жолы» қайырымдылық акциясының модераторлары – «Самұрық-Қазына» қоры және Қазақстан Республикасының Ардагерлер ұйымы.

Дәурен ОМАРОВ.

«Сыр бойы» газетінің оқырмандарының құқық саласындағы сұрақтарына Қызылорда облыстық адвокаттар алқасының мүшесі, адвокат С.Д.Жұбатов жауап береді.

Сұрақ: *Мұғалімдердің біліктілігін арттыру үшін қазіргі таңда 3 айлық курстар ұйымдастырылуда. Мен 2013 жылы ІІІ деңгейді оқып сертификат алғам. Енді І немесе ІІ деңгейді оқығым келеді, алайда мені жібермей отыр. Бұл қаншалықты заңды? Әр деңгейге ақша қосылады. Бұл туралы еңбек инспекторынан сұрайын ба?*

А.Уразымбетова

Жауап: Қазақстан Республикасының 27.07.2007 жылғы № 319 «Білім туралы» Заңының 5-бабының 38-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушысының 04.01.2013 жылғы № 1 «Педагог кадрлардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Бұйрығының талаптарына сәйкес біліктілікті арттыру курстарына жолдау мәселелері бойынша білім беру ұжымдарының педагогикалық кеңесі шешім қабылдайды. Яғни, Сіз білім беру ұжымдарының педагогикалық кеңесіне өзіңізді аталған курсқа жолдау жөнінде өтініш бересіз. Өтінішке қоса біліктілікті арттыру курсына сауалнама (анкета), жеке куәлігіңіздің көшірмесін, жұмыс орнынан лауазымыңыз мен педагогикалық жұмыс өтілі көрсетілген анықтама, оқу мен қоғамдық өмірдегі табыстарыңызды айғақтайтын грамота, дипломдардың, сертификаттар мен басқа да құжаттардың (егер олар бар болса) көшірмелерін ұсынуыңызға болады. Осы өтініш педагогикалық кеңесте қаралып, қабылданған шешім Сізге хабарлану керек.

Т.Бақытжанов,
Қызылорда қаласы.

Сұрақ: *Біз сот шешімі арқылы бала асырап алғанбыз. Енді сол баланың алыс туыстары баланы асырап алу жөніндегі шешімді бұзу жөнінде сотқа арыз беріп отыр. Баланың осындай туыстары оны асырап алу жөніндегі шешімді бұзу жөнінде талап қоя ала ма?*

Жауап: Қазақстан Республикасы Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексінің 108-бабының талаптарына сай баланың ата-аналарының, бала асырап алушылардың, бала асырап алушының жұбайының, он төрт жасқа толған асырап алынған баланың, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның, сондай-ақ прокурордың баланың мүддесінде бала асырап алудың күшін жоюды талап етуге құқығы бар. Бұл тізімге кірмейтін адамдарға бұндай талап қоюға құқық берілмеген.

М. Жалғасбаев,
Қызылорда қаласы.

Сұрақ: *Менің ағамның қылмыстық жауапқа тартылуына байланысты тергеушіге, прокурорға мені оның қорғаушысы қылып тану туралы өтініш берсем де, бұл өтінішім қанағаттандырылмай отыр. Бұл жөнінде кімге шағымдануға болады?*

Жауап: Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процессуалдық кодексінің 66-бабына сай, қорғаушы-қорғалуға құқы бар куәнің, күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталған адамның, ақталған адамның құқықтары мен мүдделерін заңда белгіленген тәртіппен қорғауды жүзеге асыратын және оларға қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде заң көмегін көрсететін адам. Адвокат қорғаушы ретінде қатысады. Адвокат қылмыстық процеске қорғаушы ретінде қатысқан кезде қорғалуға құқығы бар куәнің, күдіктінің, айыпталушының,сотталушының, сотталған адамның, ақталған адамның жазбаша арызы бойынша оларды адвокатпен қатар қорғауды мына адамдардың біреуі: жұбайы (зайыбы) немесе жақын туысы, қорғаншысы, қамқоршысы, не қорғалатын адамды қорғаншылыққа немесе асырауына алған ұйымның өкілі жүзеге асыра алады. Адамның қорғалуға құқығы бар куә, күдікті,айыпталушы мәртебесін алған кезінен бастап, сондай-ақ қылмыстық процестің кез келген келесі кезінде қорғаушы қылмыстық процеске қатысуға құқылы.

А. Қорғанбекова,
Жаңақорған ауданы.

Сұрақ: *Менің күйеуім жасы толмаған балаларыма 33 пайыз алимент төлеп келген. Алайда соңғы айларда ол алиментті төлемей қойды. Алименттен 5 айға қарызы бар. Оны қалай ала алам? Алимент пайызын көтере алам ба?*

Жауап: Қазақстан Республикасы Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексінің 139-бабының талаптарына сай Алимент төлеу туралы келісім болмаған кезде сот кәмелетке толмаған балаларға олардың ата-аналарынан алиментті ай сайын мынадай мөлшерде: бір балаға - ата-анасы табысының және (немесе) өзге де кірісінің - төрттен бір бөлігін; екі балаға - үштен бір бөлігін; үш және одан да көп балаға тең жартысын өндіріп алады.

Бұл үлестердің мөлшерін сот тараптардың материалдық немесе отбасылық жағдайларын және назар аударарлық өзге де мән-жайларды ескере отырып, кемітуі немесе көбейтуі мүмкін.

Құқық тақырыбына байланысты басқа сұрақтарыңызды заңгердің zhubatov.serik@mail.ru, редакцияның syrboyi@mail.ru электрондық пошталарына жолдауларыңызға, немесе заңгермен оның 8(7242) 40 88 66; 8 708 440 88 66 телефондары арқылы хабарласуларыңызға болады.

ТІЛ МЕРЕЙІН АРТТЫРҒАН БАЙҚАУ

Облыстық ішкі саясат басқармасы мен Қазақстан халқы облыстық Ассамблеясы хатшылығының ұйымдастырумен «Тіл – татулық тірегі» атты өзге ұлт өкілдері арасында облыстық байқау болып өтті.

Ассамблея жылы қарсаңында мемлекеттік тілдің аясын кеңейту мақсатында өткен шараға аудандар мен қатар Қызылорда қаласының жастары қатысты. Байқау 18-30 жас аралығын қамтыса, оған қатысуға 11 талапкер өтініш білдірген. Шараны қоғамдық келісім орталығы директорының орынбасары Асылбек Жұмабаев ашып берді.

Байқау үш кезеңді қамтыды. І кезеңде үміткерлер «Тіл – татулық тірегі» атты бейнероликтер бойынша қазақ тілін меңгерудің маңыздылығын, өздерінің интернационалдық отбасы екендіктерін көрсетсе, екінші кезеңде ұлттық мәдениетті және этносаралық келісімді нығайту мен оны насихаттау бойынша эссе жазды. Ал, соңғы кезеңде слайдтар арқылы туған жерлерін таныстырып, ауызша сұрақтарға жауап берді. Сайысты Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дың қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының қауымдастырылған профессоры Аман Абасилов бастаған қазылар алқасы бағалады. Нәтижесінде І орынды қызылордалық Геннадий Шиповский иеленсе, ІІ орын жалағаштық Виолетта Бондаренкоға бұйырды. ІІІ орынды Қазалы ауданының тұрғыны Наталья Беркова қанжығасына байлады. Сыннан сүрінбей өткен қатысушылар арнайы дипломмен марапатталып, бағалы сыйлықтарға ие болған болатын. Бүгінде жеңімпаз Г.Шиповский Астана қаласында өткен республикалық байқаудан ІІІ орынды иеленді. Осылайша Сыр елінің намысын қорғаған жас көпшілік алдында тіл мерейін арттырды.

ЖАҢА БІРЛЕСТІК ҚҰРЫЛДЫ

Қазақстан халқы Ассамблеясы жылына орай Қазалы ауданында тағы бір бірлестік бой көтерді. Атаулы жылдың ашылуы күнімен тұспа-тұс келген “Бірлік – Единство” қоғамдық бірлестігінің тұсаукесу рәсімі ерекше ықыласпен аталып өтті.

Бүгінде өз жұмысын бастап кеткен бірлестіктің ашылу салтанатына аудан әкімі Б.Жаханов арнайы қатысып, бірлестік ұжымы мен оның төрайымы Н.Жұманың жұмысына сәттілік тіледі. Түрлі ұлт пен ұлыстың мәдениетін, салт-дәстүрін жаңғырту мақсатында құрылған шарада ұлттық ән де шырқалып, би де орындалды. Сондай-ақ, мәдениет үйінде көрме ұйымдастырылып, ұлттық киімдер, тағамдар және кітаптар қалың көпшілікке ұсынылды. Осылайша жаңа бірлестік мерекеде аудан тұрғындарына жақсы көңіл-күй сыйлап, Ассамблеяның ашылу салтанатына өз үлестерін қосты.

ДОСТЫҚ – БІЗДІҢ ТІРЕГІМІЗ

Облыстың мемлекеттік мұрағатының ұйымдастыруымен Қазақстан халқы Ассамблеясы жылына орай «Достық – біздің тірегіміз» атты кездесу кеші болып өтті. Оған Қызылорда қаласының құрметті азаматы М.Подольский, қоғамдық келісім орталығының ғылыми-сараптама және әдіс-темелік қамтамасыз ету бөлімінің басшысы У.Ибраев пен облыстық этномәдени бірлестік өкілдері, сондай-ақ, Қызылорда гуманитарлық-техникалық заң колледжінің оқытушылары мен студенттері, мұрағат саласының қызметкерлері қатысты.

Кездесудің басты мақсаты жастарға көпұлтты еліміздегі этностардың бірлігін, салт-дәстүрі мен мәдениетін насихаттау, бірегей институт Ассамблеяның маңыздылығын түсіндіру. Шараны мұрағат директоры Н.Қуанышева ашып, ҚР Президентінің бастамасымен құрылған Ассамблеяның 20 жылда жеткен жетістігін, атқаратын жұмыстарын айтып өтті.

Ал, бөлім басшысы Ж.Алтынбаева «Халықтар бірлігі – достықтың негізі» тақырыбында сөз қозғаса, қоғамдық келісім орталығының қызметкері Уәлихан Ибраев ҚХА-ның құрылу тарихына және атқарылып жатқан іс-шаралардың мазмұнына тоқталды. Сонымен бірге шара барысында облыстық этномәдени бірлестік өкілдері де өздерінің атқарып жатқан жұмыстары туралы мағлұмат берді.

Шара соңы 1890 жылдан 2013 жылдар аралығындағы әр этнос өкілі мен қазақ халқының достығынан мәлімет беретін «Қазақстан – баршамыздың ортақ Отанымыз» атты көрмені тамашалауға ұласты.

М.ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ БЕЙБІТШІЛІККЕ БАСТАУ

Жуырда Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында «Толеранттылық бейбітшілікке бастау» атты оқырмандар конференциясы болып өтті.

Конференцияның негізгі мақсаты ұлттар татулығы мен бірлігі, достығы жайында кеңінен насихаттау, олардың атқарып жатқан жұмыстарын дәріптеу болып табылды. Конференцияға қатысушылар толеранттылықтың сипаттары, төзімсіздік салдарынан қандай келеңсіздіктер туындайтыны туралы мәселелерді де қозғады. Шара барысында «Қорқыттану және өлке тарихы» ғылыми-зерттеу институты директорының орынбасары, техника ғылымының кандидаты, доцент Айтжан Оразбақов және Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ғылыми қызметкері Бақытжан Ахметбек өңіріміздегі ұлттар татулығы мен ұлттық-мәдени орталықтың жемісті еңбектері жайында кеңінен әңгімеледі.

Сонымен қатар, достық байланыс орнаған елдердің шекаралық аумақтарындағы халықтардың өзара қарым-қатынасының мәні жайлы жиналғандар өз ойларын ортаға салып, пікірлер айтылды.

Конференция соңында қатысушылар «Менің елім – Мәңгілік Ел» атты кітап көрмесімен танысып, Қазақстанда қоныстанған халықтардың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі жайлы мол мағлұматтар алды.

С.АДАЙБАЕВА.

Ерлік ұмытылмайды. Кешегі сұрапыл соғыста Отанын жау табанына таптатпаған ерлердің қаһармандығы ұрпақтар санасында жаңғыра береді. Әңгімеміздің түп-төркінін патша көңілді оқырман түсініп отырған шығар. Иә, біз бүгін сонау сұрапыл жылдарда Отан үшін от кешкен қаһармандар жайлы (осы атаққа баршасы толық лайықты) сыр шертпекшіміз. Әлемді дүр сілкіндірген Ұлы Отан соғысы адамзат тарихында қанды әріптермен жазылғаны баршаға аян. Сонан бері қаншама жылдар өтті. Жолындағысын жалмауыздай жалмаған жендеттердің желкесін үзіп, өз ордасында талқандаған кешегі жауынгерлердің саусақпен санарлықтай қалғаны қандай өкініште. Дәтке қуаты көзі тірі майдангерлерге көрсетілер сый-құрмет толастаған жоқ. Солай болуға тиісті де. Елбасымыздың тікелей бастамасымен жаңа жыл қарсаңында соғыс ардагерлеріне қошемет жасалды. Мұндай ізет жер-жерде көрініс тапты. Бұл шара Қазалыда да жалғасты. Осындай қуанышқа кенелгендердің бірі соғыс және еңбек ардагері Егеубай Сахиев болатын.

ЖАУЫНГЕРДІҢ ЖОРЫҚ ЖОЛЫ

Егеубай аға ерте есейді. Жастайынан еңбектің қазанында пісіп жетілді. Әсілі дала перзентінің кез келген шаруаға епті, сезімтал болары мәлім. Бұл өз кезегінде адам тағдырына зор әсерін тигізері де бар. Мұндай жайттар Егеубайдың да басынан өтті. Өтті деу аз шығар, өлімнен алып қалды. Ажал мен өмір белдескен сын сағатта алға жетеледі. Егеубайдың әкесі Сахи ауыл-аймаққа танымал аңшы адам еді. Асқан шеберлікпен салған қақпандары құр қалған емес. Үй толы қыруар жан отағасының ұстаған аңқұсымен ырзығын айырды. Шіркін, сол кездегі пейіл неткен дархан десеңші?! Шиттей бала-шағаның аузынан жырып көрші-көлемге дәм таттыратын.

Ерекең әкесіне қолқанат бола білді. Ауыр кезең тұрмыс тауқыметіне төтеп беруге талпындырды. Жасөспірім кезінен көкесіне еріп аңға шығуды дағдыға айналдырды. Киікке қақпан құруды үйренді. Желден жүйріктігіне қоса аса сақ хайуанатты қанжығаға байлау оңайға соқпайды. Шалымдылықты, шеберлікті талап етеді. Оған қоса қақпаның, күллі асай- мүсейің мұнтаздай таза болуы шарт. Оның себебі айтқызбай-ақ белгілі. Сәл қиыс бассаң... Иіс сезу қасиеті ерекше дамыған жануар қақпанға мүлде жоламай шығынып кетеді. Сәтсіздікке ұшырасаң жанары жәудіреп жолыңды тосып отырған қоралы жанның өзегі талды дей бер. Әкелі-балалы аңшылар мейлінше сақ болуға тырысатын. Бірде қызықты оқиғаны бастарынан кешірді. Таңсәріде қақпан қарауға барған бұлар бір қақпанның орнында жоқ екенін аңғарды. Дәлірегі қақпанға түскен киік сүйретіп кетіпті. Сексеуілдің бұтағын сындырып алған бала Егеубай шынжырдың ізімен тұра жүгірді. Жаралы болса да қуып жету үлкен күшке түсті. Бірнеше төбеден асты. Ақыры әупірімдеп жақындап қолындағы сексеуілдің жігерімен сұлатып салды. Нән қарақұйрық екен. Сол сапар үйге мол олжамен оралды.

Даланың өзіндік заңы, философиясы бар. Егер жаныңмен түсіне, ұғына білсең шыңға шығасың. Болмаса тұралап қаласың. Егеубай көкесінен көп нәрсеге қанықты. Өлшеусіз мағлұмат алды. Мол тәжірибе жинақтады. Төзімділікке, байсалдылыққа бет бұрды. Сақтыққа, сергектікке, шапшаңдыққа, шұғыл да дұрыс шешім қабылдауға машықтанды. Мұнысы бекерге кетпеді. Соғыста жүргенде қажетіне жарады. «Қырық жыл қырғын болғанмен ажалды өледі». Талай қарулас серіктері мерт болды. Сан боздақтар көмусіз қалды. Алланың жазғаны болар, Егеубай аман-есен елге оралды.

Ақсақалдың жорық жолдары Фин соғысынан басталды. Даңқты Ленинград қаласын шайқасқа аттанған бұлардың бөлімшелері Финляндия тізе бүккен соң әскери дайындықтарына қайта кірісті. Мамыражай тыныштық ұзаққа созылған жоқ. Елге қайтамыз деп жүргенде Ұлы Отан соғысы тұтанды. №115 полктың арнайы жасақталған атқыштар бөлімшесінің пулеметшісі ретінде алғаш рет ұрысқа түсті. Донецк қаласының маңында фашистермен бетпе-бет жолықты. Қарсылас тараптар ауыр шығынға ұшырады. Минут сайын ажалмен белдесті. 1942 жылдың қоңыр күзі еді. Арасында Егеубай бар жауынгерлерге жаудың бұзылып тұрған үш танкісін жоюға бұйрық берілді. Немістер сауысқаннан да сақ. Кеңес солдаттары бірнеше бөлікке бөлініп дұшпанның танктеріне жақындады. Егеубайдың аңшылығы кәдеге жарады. Жер бауырлап еңбектеп келеді. Оқ жаңбырша жауып тұр. Құдайдың құдіретін қарасаңызшы, қарсы алдынан жыра шықты. Саймен сыбысын білдірмей, иек артымға дейін жылжыды. Ата-бабасының аруағына сыйынып гранатасымен танкті дөп көзделі. Сосын тұңғиыққа шым батып бара жатқандай болғанын біледі. Есін госпитальда жиды. Жанындағы жауынгер жолдастары түгелдей қаза тапқанын халін сұрап келген командирінен естіді. Ерлігі үшін Елубай әскери марапат иеленді.

Ленинград, Мәскеу қаласын қорғаудан басталған Сахиевтың жорық жолдары Украина, Белоруссияда жалғасты. Батылдығына орай Жоғары бас қолбасшының алғыс хатын алды. Неміс самолеттерінің бомбасынан, танк, минометтен жаңбырша жаудырған оғынан аман қалды. Қоршауға да түсті. Онан да аман шықты. Жеңіс күнін Германияда қарсы алды. Алайда елге қайтуға әлі алыс еді. Қираған шаруашылықты қалпына келтіруге қатысты. Украинаның шахтасында болды. Стахановшы атанды. Бас-аяғы сегіз жыл дегенде сағынған әке-ана, туған-туысымен қауышты. Көп ұзамай, Күлзада анамызбен бас қосты. Перзент сүйді. Шүкір, қазір баршасы бір-бір шаңырақтың егесі. Кешегі майдангер қазір тоқсанның төріне көтерілді. Ғұмыр бойы адалдығынан танбады. Шаруашылықта еңбек етті. Абырой-даңққа бөленді.

Арада санаулы күндер өтті. Аяқ астынан суық хабар естідік. Егеубай ата дүниеден озыпты. Ажалға не шара? Ел басына қатерлі сәт туғанда қолына қару ұстаған саңлақ солдат сол биік қалпында көз жұмыпты. Ардагерді соңғы сапарға аттандырып салуға жиналғандар өте көп болды. Қаралы жиында ат арқасындағы азаматтар, қабырғалы жұрты ақсақалдың өнегелі өмірі жайлы зор толғаныспен сөз сөйледі. «Жақсының аты өшпейді» деген осы шығар. Ендеше сіз мәңгі тірісіз, жеңіс солдаты.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы.

“ҚЫЗЫЛ ЖҰЛДЫЗДЫ” МАЙДАНГЕР

Ұлы Отан соғысының ардагері “Қызыл жұлдыз” орденінің иегері, қауіпсіздік комитетінің қызметкері, бөлім бастығы, майор Талғат Әбуов соғыс басталған жылы 16 жаста еді. Өз сұрауы бойынша Қармақшы аудандық әскери комиссариатына келіп, әскерге шақыруын өтінеді де, алдымен Қытайдың Манчжурия қаласына жақын Манеевский стансасында болып, сонда дайындықтан өтеді. Осы жерде ірікteліп, Талғат Ленинградты қорғау үшін баратын эшелон әскерлеріне қосылады. Мұнда ол 92-дивизияның 9-полкіндегі 8-атқыштар ротасына түседі. Жауды ығыстырып, Ленинградтың аумағын тазартқаннан кейін Псков облысы, Кенгисепп қаласына бекініс жасайды. Осы үлкен шайқаста ол қатты жараланады. Көп уақыт госпитальда жатып емделген соң қайтадан майданға аттанады. Сол соғыстарда небір қайғылы, қасіретті оқиғаларды басынан өткерді.

1944 жылдың шілде айында Кеңес әскерінің ең мықты топтары Эстонияның Нарва қаласын азат етуге жіберілді. Осы ұрыста жанқиярлық ерлік көрсеткен Талғат Әбуұлы “Қызыл Жұлдыз” орденімен марапатталды. 1945 жылғы қыркүйек айында жапон самурайларымен соғысқа қатысты. Ұқыпты, білімді, алғыр, турашыл қасиеттерінің арқасында штабта қызмет атқарды. Сұрапыл соғыстың ауыр азабын тартқан асыл азамат 1950 жылы мамыр айында елге оралды. Тәкең елге келген соң Камалқызы Кенжеханыммен отау құрды. Көп ұзамай Львов қаласындағы арнайы милиция мектебіне оқуға жіберілді. Лейтенант шенін алып келген Тәкең облыстағы Қармақшы, Қазалы, Арал, Байқоңыр қалаларында қауіпсіздік қызметінде болды.

Ұзақ жыл бейбіт өмірдің тыныштығын күзетіп, халыққа қызмет жасады. “Жүйрікте де жүйрік бар, қазанаты бір бөлек” дегендей Тәкеңнің елге жасаған қызметтері де еленбей қалған жоқ. Үлкенді-кішілі он бес (медаль) төсбелгімен, екі орден және Қазақстан Республикасы Президентінің “Құттықтау хатымен” марапатталған. Батырлығы, мықтылығы, қиялының ұшқырлығы, ақылдылығы, байсалдылығы, ұрпағына әкелік мейірімін төгуі жаратылысын айшықтайтын сипаттары еді. Осының арқасында саналы ұрпақ тәрбиеледі. Бауырынан өрген бес ұл, бір қыз, жиырма төрт немере, он шөбере болатын. Барлығы да жоғары білімді, немерелері жоғары оқу орындарында білім алып жатыр. Әскери қызметтен кейін Қармақшы ауданының Жаңақала совхозында кадр бөлімінде жиырма жыл еңбек етті. Инженер қызметін атқара отырып, 1985 жылы еңбек демалысына шықты.

Сонан кейін “Белкөл” кентіне көшіп келді. Облыс және кент ардагерлерінің барлық жұмыстарына, мерекелік жиындарына үзбей қатысып отырды. Соғыс және еңбек ардагері 82 жасқа қараған шағында өмірден өтті. “Замана соққан жел, дүние дөңгеленген көл” демекші жас ұрпақты патриотизмге тәрбиелеу үшін тұғыры биік майдангер ағаның өмірін танып білудің маңызы зор.

Майдангер ағаны мәңгі есте қалдыру үшін “Белкөл” кентіндегі II линия көшесін Талғат Әбуовтің атына беруді кент әкімшілігі мен қалалық ономастикалық комиссиядан сұраймыз. Көзден кеткенмен көңілден кетпеген аға рухын қадірлеп, ол кісіге қызмет жасау елінің, тарихтың оған берген бағасы.

Сәруар ЕСЕНҚҰЛОВ,
еңбек ардагері.

ТҰТҚЫННЫҢ АЗАПТЫ ТАҒДЫРЫ



Әкем соғыс туралы әңгіме айтқанды аса ұнатпаушы еді. Балалықпен оны-мұны көп сұрайтынмын. Соғыс салған жан жарасының аузын тырнаймын-ау деп ойламайтын едік. Менің бітпейтін сұрақтарыма терең күрсініп алып, қысқа ғана жауап беретін.

– Майданға кеткен 20 жігіттен елге 4-міз ғана аман оралдық. Төлепов Рамаш, Әжібаев Сағдат, Жүсіпов Тұрсынбайлар бүгінде марқұм болып кетті. Қазір арттарында бала-шағалары бар, шүкір ғой, – деп қысқа қайыратын.

Әкем Құлтай Сүлейменұлы Сырдария ауданының Шіркейлі ауылында дүниеге келген. Он үш жасқа келгенде әкесі дүниеден озып, Ханша әжеміздің төрткіндерінің қолында ер жетіпті. Нағашылары Мырзақожа, Биқожа, Төреқожа деген кісілер әкемізді өз балаларынан да артық көріп, таршылық көрсетпеген. Кішкентайымыздан “Адамның жақсы болуы нағашыдан” деген сөз тектен-тек айтылмағанын құлағымызға құйып отыратын.

Қару ұстауға жарайтын ер азамат түгел майданға аттанғанда, Шіркейлі ауылынан да қылқан кескендей жастар кетеді. Сол кезде әкем жиырма жастан асқан екен.

Харьков бағытындағы кескілескен соғыста жарақат алып, госпитальда 2-3 ай емделген соң Панфилов атындағы 8-ші армияның 583 атқыштар полкі құрамында қайта соғысқа кіріседі. Сөйтіп 1945 жылы Рейхстагқа тігілген Жеңіс туының куәгері болып, 1947 жылы ғана елге оралған.

Менің әкемнің тағдыры туралы белгілі журналист Мырқы Исаұлының «Жол үстінде тұтқындау» атты мақаласынан көп жайды ұғуға болады.

«... Самарқан қаласындағы үш айлық жаттығу... Харьков майданы. Белгілі алтыншы армия, екінші дивизиясы. Тек мұндағы полк басқаша еді. 583 атқыштар полкінің құрамында Харьков облысының Тарановка-Лозовой стансалары бағытында шайқасып жүрген. Беліне оқ тигеніне қарамай, жауға тұтқын болмау үшін өзге жауынгерлермен бірге Лозовой стансасына қарай жаяу аяңдады. Ақыры қашып құтыла алмады. Көп тұтқынның бірі болып Украинада орман шаруашылығында жұмыс істеуге мәжбүр болды. Одан кейін Беларусь ормандары. Сонда жүргенде қашпақ болған тұтқынның бірі ретінде Гамбургтегі айыптылар концлагеріне апарып қамалды. Екі жылдан соң тұтқындарды Америка тұтқындары босатты. Жеңістен соң іле Кеңес миссиясына өткізді де, олар Эльба өзені жағасындағы Торгау қаласына әкелініп, екі ай сонда ұсталды.

– Соғыс біткенімен, бізді қайтадан әскер қатарына жіберді, – деп Құлекең әңгімесін одан әрі жалғастырды. Мәселен, менің сегізінші армияның екінші дивизиясына, 583-полкіне қабылдандым. Бұрынғы алтыншы армия сегізінші армия болып қайта құрылған ба деп те ойладық. Дивизиясы да, полкі де сол баяғысынша болғаны қалай дедік. Мен мұнда сегіз ай, яғни 1946 жылдың сәуір айына дейін әскери міндетімді өтедім. Ауылға қайтып келе жатқанда жол үстінде КГБ қырғилары тосып алды да, бірден түрмеге қамап, он бес жылға соттап қоя берді. Әй-шәйге қаратпай, Енисей өзенінің құярлығындағы Норильск лагеріне жеткізді. Сегіз жылға таяу оның дәмін таттым. Көрмеген азабым қалмады. Сталин өлгенде өзгелерге кешірім берілгенде, ондай жеңілдік маған бұйырмады. Тек Берия ұсталып, атылғаннан кейін ғана КГБ өздеріне оңаша шақырып алып сотталғаныңды, жер аударылғаныңды айтпайсың деп қорқытты.

Сөз арасында айта кететін жайт, Құлтай ақсақалдың анасы Ханша әже “балам елге аман-есен келер болса, той-томалағына жұмсаймын” деген оймен екі сиырды бағып келсе керек. Құлтайды алдынан шығып, жол үстінде күтіп алып, бірден соттап жіберу “операциясы” жүргізіліп жатқан күндерде «мықтылар» екі сиырды тартып әкетіпті.

Осы мақаланы оқып отырып, әкемнің тағдырының соғыс біткен соң елге оралғандардан бірнеше есе азапты болғанын түсінгендеймін. Менің сұрақтарыма ашылып жауап бермеуінің сыры да осында сияқты. Жастық шағы қан майданда, тұтқында, одан қала берді лагерьде өткен соң өзі бастан кешкен қиындықтар туралы ұрпағының білмегенін, естімегенін қалаған екен.

Әкем II дәрежелі Отан соғысы орденінің, бірнеше медальдардың иегері. Елге келгесін еңбекке араласып, қолынан келгенше ауылды көркейтуге үлес қосты. Шіркейлі ауылында 1992 жылға дейін күріш екті, анамызбен 5 қыз, 4 ұл сүйіп, немере-шөбере сүйді. Бейнетінің зейнетін көріп, 2004 жылы 15 желтоқсанда дүниеден озды.

Күн санап қатары сиреп бара жатқан майдангерлердің кейінгі ұрпаққа айтары, берер тағылымы аз емес. Өзінің жастық шағы, балалық балдәурен күндері соғыс алапатына тап келген, адамзатқа зор қасірет әкелген зұлматпен тағдыры бетпе-бет келген майдангер аталарға бүгінде қандай құрмет, қандай сый-сияпат жасаса да артық емес.

Г.СҰЛЕЙМЕНОВА,
№235 орта мектептің мұғалімі.
Қызылорда қаласы.

БІЗ – ЖЕҢІСТІҢ МҰРАГЕРЛЕРІМІЗ

Жауды жеңген майдангер дарасың,
Бізді тастап, өмірден өтіп барасың,
Ерліктерің ұрпағыңа үлгі боп,

Ата! Мәңгі сен есімде қаласың, – деп кеше ғана өмірден озған атамды сағынып, мен, шөбересі – Аружан майдангер атам туралы сыр шертемін. Арал топырағы киелі, бұл жерден қаншама ел қорғаған батырлар, әділ би-шешендер шыққан. Ал Ұлы Отан соғысына аттанып, елін жаудан қорғаған ауданымыздағы әрбір соғыс ардагерінің барлығы да батыр деген атқа әбден лайық. Сондай батыр аталарымыздың бірі – менің сүйікті атам Жолсұлтан Жансүгіров болатын.

Атам Жолсұлтан Жансүгіров 1921 жылы Арал ауданы Құмбазар елді мекенінде дүниеге келген. Ресейдің Сталинград жерінде соғыста болған атам, 1942 жылы жарақаттанып, Астрахань қаласындағы госпитальда емделеді. Атамның жорық жолы Қалмақ АССР-да, Сальск-Батайск, Ростов қалаларында жалғасты, 1944 жылдың 7 ақпанында оң қолынан ауыр жарақаттанып, Саратов қаласындағы госпитальда емделген. Соғысқа жарамсыз болған атамды әскери комиссариат шешімімен ауылға қайтарыпты. Ауылға келген соң, Жолсұлтан атам Бекбауыл елді мекеніндегі 4 жылдық мектепте аз уақыт сабақ беріп, 1944-1946 жылдары өндірістік комбинатта қойма меңгерушісі қызметтерін абыройлы атқарған. 1952-1955 жылдары Құланды балық колхозында төраға болып еңбек еткен атам “Еңбек ардагері” төсбелгісімен, “Таңдаулы сауда қызметкері” дипломымен марапатталған. Атамның әртүрлі еңбегі үшін берілген 18 медалі бар. Атам өмірінің 40 жылын сауда-саттық саласына арнап, елге, халыққа адал қызмет етті.

Жолсұлтан атам Шыман әжеміз екеуі отбасын құрып, алты бала тәрбиелеп өсірген. Атам көзі тірісінде сол алты ұл мен қыздан 11 немере, 7 шөбере, 1 шөпшек сүйген бақытты жан. Атам жыл сайын 9 мамыр – Жеңіс күні мереесін асыға күтетін. Мен, ағаларым Сағыныш пен Бекболат

атамызға еріп, жыл сайын Жеңіс күні мерекесінде орталық алаңға шығатынбыз. Биыл да солай болар, биылғы Жеңістің 70 жылдық мерейтойын атамызбен бірге тойласақ деп армандайтынбыз. Әттең, атам бұл күнге жете алмай кетті. Алматыда емделіп жатқан атамды Жаңа жылда құттықтап қоңырау шалдым, “Ата, Жаңа жылыңыз құтты болсын! Сізді қатты сағындым. Тездетіп сауғып, үйге қайтыңызшы” дедім. “Аружан, қызым, бір айдан соң қайтам” деген атам өкінішке орай үйге қайтып оралмады, 2015 жылы 20 қаңтар күні қайтыс болды.

Өмірден өтсе де, майдангер атамның есімі аралдықтардың жадында мәңгі сақтала бермек. Біз сияқты жас ұрпағы – немерелері мен шөберелері тұрғанда аталарымыздың аты мәңгі өшпейді, ерліктерін үлгі тұтып, ержететін болады.

Аружан ЖОЛСҰЛТАНОВА,
№13 мектептің 4-сынып оқушысы.
Арал қаласы.

МӘҢГІ ӨЛМЕС ЕРЛІК ИЕСІ

Орал облысының Жәнібек ауданына қарасты Қамысты ауылында дүниеге келген Ерденбек Ниетқалиев 1936 жылы Алматы мал-дәрігерлік-зоотехникалық институтын тәмамдағаннан кейін жолдама бойынша Қызылорда облысына қызметке жіберілді. Ол Қызылорда қаласында ауыл шаруашылығы техникумының оқытушысы, облыстық атқару комитетінің инспекторы қызметтерін атқарды. 1939 жылы әскерге Қызылордадан шақырылып, Ұлы Отан соғысында ерліктің ғажайып үлгісін көрсеткен батыр Жайық пен Сырға ортақ қаһарман. Біз бүгін академик Досмұхамед Кішібековтің батыр жайлы мақаласын ықшамдап беріп отырмыз.

Отан соғысы моторлар соғысы болғаны белгілі. Бұл соғыста танк, артиллерия, авиация бүтіндей толық қолданылғаны мәлім. Сонымен қатар, атты әскерлер де соғысқа қатысып, жеңіске үлес қосты. Оған дәлел атақты И.А.Плиев, О.И.Городовиков, А.М.Доватор сияқты генералдар басқарған атты құрамдар, дивизиялар, корпустар болғаны. Солардың бірі эскадрон командирі, гвардия капитаны Ерденбек Ниетқалиев еді.

Ерденбек эскадроны басқа әскерлермен бірге 1941 жылдың қазан айынан алдымен Тула қорғаныс шебіндегі Угодский завод деген село маңында соғысты. Одан соң Мәскеуді жаудан қорғауға қатысты. Кейін Кашираны қорғап, Тула бағытындағы шайқастарда Венев және Сталиногорск, Калуга операциясында Козельск пен Мосальск қалаларын жаудан босатуға үлес қосты. 1942 жылдың қысынан сол жылдың жазына дейін Ниетқалиев қатысқан корпус Ржев-Вязьма бағытындағы, әсіресе, Дорогобужа ауданындағы ұрыстарға араласып, ерлікпен көзге түсті. Сол шайқаста жарақат алған Ерденбек 1942 жылдың 3 қазанында полкке қайта оралып, Подосиновка-Аристово маңындағы жау бекіністерін бұзып, оның тылына кіріп, Ржев-Сычев теміржол байланысын үзіп, қозғалысын тоқтатты. Одан соң оның эскадроны жау тылындағы Никишкино деревнясында 1942 жылдың 28 қарашасында үш күн бойы қырғын соғыста жау күшіне соққы берді. Бірақ, 30 қарашада өзі ауыр жарақат алады. Село тұрғындары оны көтеріп партизандарға апарады. Содан ол ұшақпен «Үлкен жерге» жеткізіліп, күрделі операциядан соң аман қалады.

Ерденбектің полкі 1943 жылдың қысында Орталық майдан операциясына қайта араласып, үш рет жау шебін бұзып, талай ерлік көрсетті. 1943 жылдың қарашасында Гомель-Речинка және Калинковичко-Мозырь операциясына қатысты. 1944 жылдың 14 қаңтарында Ерденбек аттылары Мозырь қаласын босатты. Орлов және Брянск бағытындағы ұрыстарда гвардия аға лейтенанты Ерденбек Ниетқалиев эскадроны ерлікпен көзге түсті.

1944 жылдың 26-30 шілдесі аралығында Ниетқалиев эскадроны Радзынь, Лукув, Седлец бағытында жауға қатты соққы беріп, Седлец қаласының шетіне жетті. Сол күні кешке қарай 12-ші атты полк Седлец қаласын жаудан босатты. Осы ұрыс нәтижесінде Ерденбекке гвардия капитаны атағы берілді. Сөйтіп, оның эскадроны жауды Ресей, Белоруссия жерлерінен қуып шығып, Батыстағы Буг өзенін бірінші болып атпен кесіп етті. Одан әрі КСРО-Польша шекарасынан өтіп, фашистерді поляктар жерінде талқандауға кірісті. Сөйтіп, Польша-Германияның бұрынғы шекарасына жетіп, Померания үшін ұрысқа қатысты. Бұл 1945 жылдың 20 қаңтары болатын.

Жалпы айтқанда, Ұлы Отан соғысында атты әскерлер ерекше рөл атқарды. Олар танк, артиллерия, жаяу әскерлермен бірігіп жаумен айқасты. Сондай-ақ, жоғары басшылық тапсырмасымен жау бекінісін бұзып, оның тылына талай рет өтіп, сойқан әрекеттер жасады. Мәселен, 1942 жылдың 28 қарашасында әлгі айтқан Смоленск облысы Сычевский ауданындағы соғыста жау шебін бұзып, оның тылына өткен Ерденбек эскадронын жау қоршап алып жоймақ болған әрекетіне күшті қарсылық көрсетіп, үш күнге созылған ауыр ұрыста Ниетқалиевтың аттылары немістің 80 солдаты мен офицерінің көзін жойып, жаудың бронды пойызын істен шығарды.

1943 жылдың жазында Орлов және Брянск операцияларында жау тылына өткен Ерденбек басқарған аттылар немістің үлкен бір жүк керуенін талқандады. Бұл мәліметтердің бәрі ресми әскери ақпараттардан алынған. Аттылардың бір ерекшелігі, олар ұрыста еш нәрсені паналай алмайды, бәрі ашық, іс-қимылдары тек шапшаңдық пен ерлікке негізделген.

Сонымен, Польша-Германия шекарасына жеткен Ерденбектің 12-атты әскер полкіне 1945 жылдың 29 қаңтарында Кюдо өзенінің батысында жаудан жеңіп алған кең алқапты қолда бекем ұстап, жаудың екі бөлінген күшінің қайта бірігуіне мүмкіндік бермеу тапсырылады. Осы қырғын ұрыста Рацебур қаласының түстігінде бекінген Ерденбек Ниетқалиев эскадроны жаудың 15-ші дивизиясына жататын «Остланд» СС жаяу әскер бөлімшесі мен 23-ші механикаландырылған «Недерланд» СС дивизиясының сан рет жасаған қарсы шабуылдарына ерлікпен қарсылық көрсетіп, жаудың бұларды қырмақ болған әрекетін жүзеге асырмай тастайды. Сол ұрыста ауыр жарақат алған Ерденбек, сорғалап аққан қанына қарамастан, станокты пулемет гашетіне жабысып, жауды қырып, шабуылға бұйрық беріп жатқанда, екінші рет ауыр жарақат алып, көз жұмады. Бұл 1945 жылдың 2 ақпаны еді. Артынша кеңес әскерлері жеткенде, 150-дей жауынгері бар Ерденбек эскадронынан тек оншақты жауынгер қалыпты. Осы ұрыста 400-дей неміс солдаты мен офицері жан тапсырады.

Сол қырғын ұрыста көрсеткен ерен ерлігі үшін Ерденбек Ниетқалиевке КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1945 жылғы 24 наурыздағы Жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Ердің көз жұмған жері Польша республикасы Оконек қаласының маңы.

Отан соғысына бастан-аяқ қатысқан Рәпілбек Ұлтанбаев «Ерлер есімі ел есінде» деп аталған Алматыда «Қазақстан» баспасынан 1973 жылы жарық көрген естелік кітабының 107-бетінде Ерденбектің ерлігіне мынадай сипаттама береді: «Ерденбек Ниетқалиев 1914 жылы туған, коммунист, көптеген жортуылдарға қатысып ысылған, қанды және ауыр шайқастарда көзге түскен, ерлігімен аты жайылған, омырауы ордендер мен медальдарға толы ержүрек офицер еді. Жауынгер гвардияшылар оны адамгершілігі, бауырмалдығы үшін жақсы көретін». Міне, бұл «қанды көйлек» гвардияшының жүрекжарды пікірі болатын. Ерденбектің тірі кезіндегі наградалары: Жауынгерлік Қызыл Ту ордені (30.03.1943), «Қызыл Жұлдыз» ордені (5.11.1943), «Қызыл Жұлдыз» ордені (6.08.1944), «Ерлігі үшін» медалі (5.09.1942), т.б.

Азаматтығы мен патриотизмі оның ата-анасына жазған хаттарынан айқын көрінеді. Ерденбек сондай ержүрек батыр болса да, жүрегі жандүниесі нәзік, бауырмал болған. Мерзімі көрінбей қалған, шамасы 1942 жылы жазған бір хатында Ерденбек сөзін былай бастайды: «Дрался с немцами под Москвой, под Вязьмой и еще во многих других направлениях и только три раза уходил в госпиталь по случаю ранения. В тылу не был, ибо там нет нам места, наше дело на передовой», дей келіп, одан әрі былай жазады: «Дорогие мои! Уже два года ношусь на конях. За это время возмужал, окреп. Я теперь не тот кто был в 1932-1936 годах (өзінің студенттік кезін айтқаны – Д.К.). За время войны пришлось видеть многое и страшное, испытать все тяготы военной жизни, сменяющейся хорошим делом».

Тағы бір үйге жазған хатында Ерденбек былай дейді: «Успанчик пацан тоже в армии, кажется в Туркмении, а от Анвара так и с начало войны ни звука. Видимо, парень погиб, ведь он был на самой латвийской границе».

Ерденбектің үйіне, інілеріне қамқорлығы ұдайы байқалады. Тағы бір хатында жаралы болып елге келген Талғат жөнінде: «Талғат! Менің киімдерімді кие бер, тірі болсақ, киім табылады ғой», деп жазады. Одан әрі: «Біз Әнуардан үміт үзген шығармыз. Оның соңғы адресін жоғалтпаңдар, керек болар», дейді. Ең кіші інісі Оспанды еске алғаны тіпті көңіл босатады. Тағы бір жазған хатында анасына «ер-тұрмандарымды сақтап қой, елге келгенде іздеп жатамыз ба, дайын тұрсын» деп өтініш айтады. Бұл да өмірге үлкен құштарлық, сенім белгісі болатын.

Сонымен, тарих бәрі айқын сызылып қойған тура жол емес. Ол – түрлі иірім, қайталаулардан тұратын, бірақ, түп негізі үлкен заңдылыққа бағынып, ілгері дамитын күрделі құбылыс. Өмірде бәрі болады. Дегенмен, бәрін орын-орнына қоятын, анықтайтын өмір. Егер оның бір шетін бүгіп қалсаң, тарих бұзылады. Сондықтан, Ерденбектің ерлігіне байланысты айтпағымызды толығырақ беруге тырыстық. Өйткені, құр тақырға шөп те шықпайды. Осының бәрі тәрбие, үлгі.

Досмұхамед КІШІБЕКОВ,
академик.

БАТЫР –

Барша қызылордалықтардың құрметіне бөленген Кеңес Одағының Батыры Жәлел Қизатовтың Солтүстік Қазақстан облысының тумасы екенін екінің бірі біле бермесі белгілі. Биыл тоқсанның бесеуіне толатын оның азан шақырылып қойған аты Ғабдолжәлел болса да, кішкентайынан Жәлел атанып кеткен. Есіл ауданының Жалғызтау етегіндегі шағын ғана Аяққөл ауылында қоңыр күзде дүниеге келген ол тағдырдың тауқыметін тартып өседі. Ашаршылық жылдары шаңырақтағы жеті баланың үшеуі аман қалса, ордабұзар отыздан аса бере әкесі Қизат та бақилық сапарға аттаныпты. Балалардың үлкені болғандықтан ендігі бар қиыншылық Жәлел ағаның мойнына түскен.

Тумысынан еті тірі бозбала ауылдағы төртжылдық мектепті бітіріп, Петропавл қаласындағы ФЗО-ға қабылданады. Онда темір жолдың слесарь жөндеушісі мамандығы бойынша білімін ұштап, орыс тілін меңгеруге де ден қойған. Ынталы өрен көп ұзамай ФЗО жастарының көшбасшысы саналыпты. Алайда отбасы жағдайы оны ауылға қайтуға мәжбүрлеген. Мұнда он үш-он төрт жастағы бозбала колхозшы болып еңбекке араласса, шаруадан толас қыс айларында көркем әдебиет оқып, аңшылық құрған, ауыл мергені атанған. Бұдан әрі "Бұлақ" ұжымшарында есепші болған ол Айыртау ауданының қазір "Саумалкөл" аталатын Володаровка ауылында ашылған есепшілер курсында оқыған.

Колхоздағы қызметі жақсы болса да, білімге деген құштарлық жеңген Жәлел аға 1936 жылы Ақжар (қазіргі Покровка) ауылшаруашылық техникумына оқуға түскен. Ол кездерде елде мұғалімдер өте аз болатын, мектептерде кадр тапшылығы анық байқалатын. 1940 жылдың 8 ақпанындағы әскери комиссариаттың шақыртуымен Қарағай бастауыш мектебінің мұғалімі әрі меңгерушісі Жәлел Қизатұлы Бекмағанбет бабасының батасын алып, азаматтық борышын өтеуге аттанған. КОКП мүшелігіне кандидат әрі орыс тіліне жетік оны әскери және саяси басшылар Орта Азия мен Әзірбайжаннан келген жас сарбаздарға тілмаш етіп тағайындапты.

Фашистік Германия тұтқиылдан шабуыл бастағанда Қизатов қызмет атқаратын атақты Чапаев дивизиясының 422-ші артиллерия полкі әскери дайындыққа көшіріліп, Одесса түбіндегі шайқасқа араласқан. Дивизия қиындыққа қарамастан неміс-румын әскерлеріне қарсы тойтарыс беріп отырған. Ұлы Отан соғысы тарихында Сталинград шайқасының орны ерекше десек, Жәлел аға сол шайқастың бел ортасында болған.

1943 жылы 28 қыркүйекте 154-ші Чернигов гвардиялық атқыштар дивизиясының взвод командирі, аға лейтенант Жәлел Қизатовқа жаудың Днепр жағалауындағы атыс ұяларын барлауға бұйрық берілген. Жанындағы төрт қаруласымен өзеннен өтіп, ортадағы түбекке орналасады да, таң білінісімен биноклімен барлап, жау бекіністерін картаға түсірген. Кеңес әскерлері шабуылға шыққанда жау нүктелерінің координаттарын дәл ұсынып, Днепрдің сол жағалауына да бірінші болып өткен. Ең бастысы – бекініс плацдармы алынды. Осы ерлігі үшін оған 1944 жылы 15 қаңтарда Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Екінші дүниежүзілік соғыстың басынан аяғына дейін болған Жәлел Қизатов Одесса, Керчь, Сталинград сияқты батыр қалаларды қорғауға, Украина, Белорусь, Польшаны фашистерден азат етуге қатысса, соғысты Германия жерінде аяқтады. Сол 1945 жылы жоғары артиллериялық офицерлік мектепті бітіріп, елге капитан шенінде жеңіспен оралды.

Туған топыраққа табаны тиісімен Совет аудандық партия комитетінің хатшысы болып сайланған Жәлел Қизатұлы 1947-1950 жылдары Ленин аудандық атқару комитетінің төрағасы қызметін атқарған. Елі үшін еңбектенген ол соғыстан кейін

ДНЕПРДЕН

Ежелгі грек философы Аристотель "Ерлік қауіп-қатермен жарыса өршиді, неғұрлым қиын тиген сайын соғұрлым күш те арта түседі деген екен. Сол айтқандай, өткен ғасырдағы Ұлы Отан соғысында ерлік пенептіліктің, әскери шеберліктің бар қыр-сырын жақсы меңгерген Кеңестер Одағының Батыры Жаппасбай Нұрсейітов бүгінгі ұрпағына өнегелі өмір жолын қалдырып кетті. Шындығында ерлер өнегелері тарихты нұрландыра түсетіні де рас. Өйткені, мұндай ерлердің өнегелі өмір жолдары адамдарды алға жетелейді. Болашағына зор сеніммен қарайды. Біз әңгімелеп отырған Жаппасбай Нұрсейітов Кеңестер Одағының Батыры аталған 22 қызылордалықтардың ішінде осы "Алтын жұлдызды" алғашқылардың бірі болып иеленген жан.

Жаппасбай Нұрсейітов 1923 жылы Қызылорда облысы Тереңөзек ауданына қарасты Құрайлы колхозында шаруа отбасында дүниеге келді. Болашақ батырдың жастық шағы өз замандастары секілді небір ауыртпалықтарды бастан кешіруден басталды. Жаппасбай әкеден ерте айырылды. Сонан да болар ерте есейді. 1939 жылы жетінші класты тәмамдаған соң анасы Айшамен бірге колхоз жұмысына араласты. Көпбалалы отбасының үлкені болған соң оның небір ауыртпалықтарды көтеруіне тура келді. Сөйтіп үйдің басты асыраушысы болды. Жас кезінде мал дәрігері болсам деген ойы жай арман күйінде қалды. Колхоз жұмысынан шығып, Қызылорда қаласындағы теміржолда қарапайым жұмысшы болып істеді. Алайда, сұм соғыстың басталуымен Жаппасбай Нұрсейітов 1942 жылы әскер қатарына шақырылды. Сөйтіп атқыштар курсына түсіп, сол кезде бар барлық қару-жарақпен жұмыс істеуді оқып, үйреніп алды. Мұнан кейін ол Калинин майданының 22-ші армиясының 155-ші атқыштар дивизиясының 436-шы полкіне түседі.

Жаппасбай түскен дивизия Поволжье жерінде ұрыс жүргізді. Соның ішінде Сталинград шайқасында болып, атақты Паулюстың алтыншы армиясын тас-талқан етіп жеңуге қатысты. Осы ұрыста өзінің ерлігімен көзге түскен Жаппасбай Нұрсейітов "Ерлігі үшін" медалімен марапатталды. Дегенмен ол көп ұзамай ұрыс барысынада ауыр жарақат алды. Сол тұста оны өлдіге санаған қатарлас жауынгерлер үйіне қара қағаз жібереді. Ал дала госпиталінде ауыр жараланып, көп қан жоғалтқан жас жауынгерді дәрігерлер емдеп, аяғынан тік тұрғызады. Сөйтіп қызылордалық жауынгер өз бөлімшесін қуып жетіп, солардың қатарына қайта қосылады. Бұл жолы соғысқа ерекше құлшыныспен кіріседі. Өйткені, сол кезде оның ойында бір-ақ нәрсе, өзінің қайтыс болған жолдастары үшін кек қайтару тұрды.

Мұнан кейін ол Украинаның Харьков және Сумск облыстарын азат етуде ерекше батырлығымен көзге түседі. Неміс басқыншылары болса бұл кезде Курск доғасында жеңілгеннен кейін өз армиясының күшін қалпына келтіріп, маңызды деген жерлерді қайта басып алуға көп күшін жібереді. Соның бірі Воронеж майданының 27-ші армиясы ұстап тұрған Ахтырка қаласының солтүстік бөлігінде болған еді. Сол тұста бұл соғысқа 155-ші атқыштар дивизиясы да кіріскен болатын

Осы Ахтырка қаласы үшін болған соғыста Ж.Нұрсейітов ерекше көзге түсті. Бірінші болып бүкіл ротаны көтеріп шабуылға шықты. Осы ұрыс барысында ол 35 гитлершінің көзін жойып, көптеген

ЕЛДІҢ ҚОРҒАНЫ

әлсіреген шаруашылықты қалпына келтіру, халықтың әл-ауқатын көтеру жұмыстарының алдыңғы шебінде болып, адамдарды ауыр еңбектен құтқару, жерді өңдеуді жетілдіру сияқты жасөспірім шағындағы армандарын жүзеге асыруға кірісті, қарамағындағыларға жанашырлықпен қарады. 1950-1952 жылдар аралығында Қазақстан жоғары партия мектебінде оқыса, 1952-1957 жылдары Булаев аудандық атқару комитетінің төрағасы лауазымында болып, ел экономикасының дамуына өз үлесін қосты.

Ешкімнен қаймықпай, ойлағанын бетке айтатын тік мінез жан жоғарыдағыларға жақпайтыны бесенеден белгілі. Сондықтан Жәлел ағаның қызметі төмендетіліп, аталған ауданның "Таман дивизиясы" атындағы кеңшарға директор болып тағайындалған. Осында алты жыл тер төккен білікті басшы бұдан әрі бес жыл Қарақоға элеваторына директор болды. Оның ұсынысы бойынша шаруашылықта алғаш рет элеватор құрылысының жаңа технологиясы қолданыла бастаған.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің сенім артуымен 1968 жылы Қызылорда облыстық астық өнімдері басқармасына бастық болып бекітілген Жәлел Қизатұлы өңір экономикасын өрістетіп, ауыл шаруашылығы мен өңдеуші өнеркәсіп саласын дамытуға елеулі үлес қосқан. Бұл астық элеваторы жоқ аймақта күріш ысырабына жиі жол беріліп тұрған кезең болатын. Сондықтан оның тікелей басшылығымен Қызылорда астық өнімдері комбинаты мен Шиелі және Жалағаш элеваторлары салынды.

"Батыр – еліне қорған" демекші, Жәлел аға батырлығын бейбіт өмірде де көрсетіп баққан. – "Халықтың аузында "күріш зауыты" аталып кеткен аймақтағы ірі өндіріс орнын салуда Жәкеңнің еңбегі өлшеусіз болды, – деп еске алатын зауытқа ұзақ жыл директор болған марқұм Қарымсақов Нағызхан аға.

Сол зауыт салынып жатқан кезде Жәкең "Шұғыла" шағын ауданынан 100 пәтерлі үй салуға тапсырыс береді. Ол уақытта тапсырыс беруші мен салған құрылысшылар он пайыздан үлес алса, жергілікті атқару комитеттегілер де қарап қалмайтын. Мамандарының жетпіс пайыздайы үйсіз екенін, сондықтан пәтер бере алмайтынын алға тартқан Жәкеңе олар да келісе қоймайды. Содан комбинатқа ашумен жеткен Жәкең партком, кәсіподақ, комсомол және тұрғын үй шаруашылығының басшыларын жинап алып, үйі жоқтар дайын үйге кіріп алсын деп тапсырма берген. Сол күні комбинаттың жұмысы да тоқтап тұрады. Болған жайды есіткен облыс прокуроры ертеңіне Жәкеңді шақыртқанмен, ол бармайды. Бұның арты айқайға ұласып, қалалық партия комитеті Жәкеңе сөгіс беріп тынады. Бұған наразы болған батыр аға Дінмұхамед Қонаевтың қабылдауында болып, болған жайлы баяндайды. Сонда Димаш Ахметұлы:

– Әй, Жәлел! Сенің мына ісің батырдан басқаның қолынан келмейтіні анық. Қазір көмекшіме тапсырма беремін деп, облыстық партия комитетінің сөгісін алдыртып тастаған".

Сырбойылықтарға етене таныс Жәлел аға сонау 1954-1958 жылдар аралығында КСРО Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланса, зейнет жасына жеткен соң Қызылорда облыстық табиғат қорғау қоғамы президиумының төраға орынбасары және төрағасы болған кездерінде аймақ экологиясын сауықтыруда ауқымды істер атқарды. Ол Арал аймағындағы азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы заңды өмірге әкелушілердің бірі болды. Сондай-ақ, соғыс және тыл ардагерлері, ауған соғысы мен Чернобыль апатына қатысушылар да Жәлел Қизатұлының назарынан тыс қалмады. Батырын құрметтеген қызылордалықтар оған 1995 жылы 28 сәуірде "Қызылорда қаласының құрметті азаматы" атағын берсе, бүгінде облыс орталығындағы №23 мектеп оның есімімен аталады.

Кеңес Одағының Батыры Жәлел Қизатұлы 1999 жылы 28 сәуірде өмірден озды. Батырдың тағылымды өмірі бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге.

Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.

ӨТКЕН ДАРАБОЗ

адамды тұтқынға алады. Мұнан кейін ол Сарынчевка деревнясы үшін болған соғысқа кіріседі. Бұл жерде де ол кеңес жауынгеріне лайықты жоғары дәрежеден көрінеді. Қарша боратқан оққа қарамастан ол танкке қарсы қолданылатын гранатты алып жаудың шебіне кіріп, жедел ататын зеңбіректі жарып жібереді. Сөйтіп, жау жасырынған траншеяға түсіп он фашистің көзін жойып, үшеуін тұтқынға алады. Осы ерлігінің арқасында ол өзінің ротасына Сарынчевка деревнясын алуға жол ашып береді. Ал осы деревня үшін болған қиян-кескі ұрыста ол жаудың тағы да 32 жауынгерінің көзін жояды.

1943 жылы 28 қыркүйекте болған Днепр өзенін кесіп өту ұрысы Ж.Нұрсейітовті ерекше жоғары даңққа бөледі. Ені 800 метрдей болатын өзеннің екінші бетіне өту үшін кеңес жауынгерлерінің оншақтысы қаружарақтарымен қайыққа мінеді. Орта тұсқа келгенде бұларды байқап қалған жау артиллериямен және миномётпен атқылап оқтың астына алады. Өзен үстіндегі алай-дүлей болып жатқан жарылыстардың бірі қайықты аударып жіберуге сәл-ақ қалады. Жарықшалардың бірі кіші сержант Богданов деген жауынгердің маңдайына тиіп, ол сол жерде мерт болады. Ал қайықтың астында жарықшақ тиген екі үлкен тесік пайда болды. Сол тесіктерден аққан су қайықты лезде толтыра бастайды. Бұл кезде еш нәрседен сасқалақтамаған Жаппасбай ойылған жердің бірін үстіндегі шинелімен жауып, екіншісін өз денесімен жабады. Соның арқасында тоғыз жауынгер, қару-жарақты оқ-дәрісімен жағаға алып шығады. Сөйтіп күтпеген жерден Днепрден өте шыққан жауынгерлер жауға алты пулеметпен оқ жаудырып, олардың бастарын көтертпейді. Бұлардың Григорьевка деревнясына жақын жердегі биіктікке бекінген жеріне фашистер қайта-қайта шабуыл жасайды. Бірақ Жаппасбай өз жауынгер жолдастарымен бірге қандай сойқан соққы болса да оның бетін қайтарады. Дегенмен екінші тәулікте жалғыз Жаппасбай ғана аман қалады. Жалғыз қалғанына қарамастан ол соғысуын тоқтатпайды. Бірнеше пулеметті әр жерге қойып, олардан оқ жаудыруын жалғастыра береді. Оның мұндай іс-әрекетке баруы жаудың бұл бекіністі бірнеше жауынгер ұстап тұр деген ой туындату үшін жасаған қадамы еді. Жараланғанына қарамастан ол қосымша келген күшке дейін жалғыз өзі жаудың он үш шабуылына тойтарыс беріп, жүздеген фашистің көзін жояды. Осы жерде оның жарақатын көріп, тамырын ұстаған дәрігер Жаппасбайдың тірі қалмайтынын айтады. Сөйтіп қайтыс болған ержүрек жауынгерді ең жоғары награда – Кеңестер Одағының Батыры атағына ұсынады. Сол кезде бұл хабар Қызылордаға да жетеді. Әсіресе қызылордалық жас комсомол мүшелері жаужүрек жерлесін есте қалдыру үшін Сталинге хат жазып, "С-16" сүңгуір кемесіне оның есімін беруді сұрайды. Осы мақсатта оқушылардың өздері жинаған үш мың тонна металл қалдықтары мен тұрғындардың жинаған 5 миллиондай рублін қорғаныс қорына аударады. Сөйтіп, 1944 жылғы 24 сәуірде әскери-теңіз флотының халық комиссары Н.Г.Кузнецовтың бұйрығымен "С-16" сүңгуір кемесіне Кеңестер Одағының Батыры Ж.Нұрсейітовтің есімі беріледі. Қазір бұл сүңгуір қайықтың қалдықтары Ресейдің Мурманск қаласындағы әскери-теңіз мұражайында сақтаулы тұр.

Шындығында Днепрден өткен ұрыста Ж.Нұрсейітовтің алған жарақаты өте ауыр болған еді. Ол бірнеше апта өмір мен өлім арасында жатты. Десе де, жас жігіттің жігерлілігі жеңіп, ол орнынан түрегелді. Оны соңынан Киев қаласына емдеуге жібереді. Осы жерде госпитальдің бас дәрігерінен ол өзі қайтыс болғаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағымен және Ленин орденімен наградталғанын естіп, біледі. Сөйтіп мың өліп, мың тірілген жиырма жастағы ер жүрек қазақ батыры Мәскеуге барып өз наградасын алады. Мұнан кейін оған еліне барып келуге бір ай демалыс береді. Туған жерінде оны көкке көтерген жерлестері ауыл ауылды аралатып, көптеген кездесулер өткізеді.

Демалыстан кейін қайтадан сапқа тұрған Ж.Нұрсейітов Румынияны азат етуге қатысады. Бұл жерде де ол аяғынан қатты жараланып госпитальға түседі. Онда он жеті күн емделіп, қайта бөлімшесіне қосылады. Венгрияны жаудан азат етуге де қатысады. Адам баласының бір таңқалатыны осы сұрапыл соғыста үйіне үш мәрте Жаппасбай Нұрсейітов қайтыс болды деген қара қағаз келеді.

Азаматтық ерлік пен жауынгерлік ерлік бір негізден тарайды демекші, ол бейбіт өмірде де еңбекке араласып, көпшілікке үлгі бола білді. Жоғарыдағылар бірнеше басшылық қызметті ұсынғанымен, ол қарапайым жұмысшы болуды қалады. Сөйтіп, алдымен целлюлоза-картон зауытында, онан кейін ұзақ жылдар Қызылорда әуежайында жұмыс істеп, зейнеткерлікке шығады. Сонымен қатар Ж.Нұрсейітов жас ұрпақты тәрбиелеуде қоғамдық жұмыстарға да белсене қатысады. Негізі достары мен жақындары оны адал, қарапайым және мейірімді адам ретінде таныды.

Жалпы Жаппасбай Нұрсейітовке көрсеткен ерлігі мен қаһармандығы үшін Қызылорда қаласындағы бір көшеге оның есімі, ал 1995 жылы 25 сәуірде батырға "Қызылорда қаласының құрметті азаматы" атағы берілді.

Айғали ҚАРАБАЛАЕВ.

ЖЕҢІСТІ ЖАҚЫНДАТҚАН НҰРАҒА

Облыс орталығынан шалғайлау орналасқан Аманкелді ауылына қарасты Қызылту бөлімшесінде 1907 жылы өмірге келген Нұрғали Нақыпбаев екінші дүниежүзілік соғыс басталғанда ордабұзар отыз жастан асып бара жатқан-ды. Неге екені белгісіз, Нұрғали соғысқа өз қатарларымен қабат шақырылмады. Тепсе темір үзетін шағында қолына қару алып, Отан қорғауға аттанбағанына іштей намыстанса да сырт көзге сыр бермейтін. Анасы Айтолқын атпалдай азаматтың елге көмегі ересен екенін, қашанда қол күшін, ердің қаруын қажет ететін істен бас тартпауы тиіс екенін ескертіп, үнемі басу айтатын. Көңілі алаң болса да, "Бәрі де жеңіс үшін, бәрі де майдан үшін" деп еңбек еткен ауылдастарының қатарында уақытпен санаспай еңбек етті. Қайда ауыр жұмыс бар, ер азаматтың күші қайда керек Нұрғали сол жерден табылатын. Қысқасы, ауылдың бар шаруасын өз қолынан өткерді.

Соғыс өрті қаулап тұрған 1942 жылдың 15 ақпанында көп күттірген шақырту қағазы да қолына тиді. Өзімен бірге шақырылған әртүрлі жастағы жандармен бірге Ресейдің Новосібір облысындағы Татарка стансасына келді. Осы арада сегіз ай соғыс өнеріне машықтанды. Одан кейін Смоленск облысы аймағында арнайы жасақталған №7 гвардиялық барлау эскадроны құрамында Украинаны азат ету мақсатында Харьков бағытындағы соғысқа қатысты. Жауды өкшелей қуып, Житомир қаласына дейін жеткен-ді. Сол арадағы екіжақты жан алып, жан беріскен соғыста ішінен ауыр жарақат алды. Сөйтіп Нұрғали Өтеуліұлы қырық төртінші жылдың алғашқы күнін Ленинград қаласындағы госпитальда қарсы алды. Одан шыққаннан кейін №372 жаяу әскер құрамында Нарва қаласын азат етті. Одан кейін әскери қала атанған Гарбольда ерекше бөлім бастығы Иван Шумиловтың арнайы қызметшісі болды. Ол жұмыс айтуға жақсы болғанымен, командирдің атшабары болу оңай емес-ті. Оның қасқабағын бағып, ойындағысын айтқызбай ұғу да шеберлікті, шалттықты қажет етеді. Қызметінің ұнағаны болар кіші сержант Нұрғали Нақыпбаев ерекше бөлім бастығымен соғыстың соңына дейін бірге болды. Солай жүріп Выборг қаласын финдерден азат етуге, Варшаваны неміс басқыншыларынан тазартуға атсалысты. Польшаның астанасы үшін айқас үш тәулікке созылды. Неміс әскері шегіне-шегіне өз аймағына енді. Жан беру оңай ма, кескілескен ұрыстар жүріп жатты. Нұрғали Өтеуліұлы Германияның Штитен мен Дансег қалаларын алуға қатысты. Ұлы Жеңіс мерекесін неміс жеріндегі жан жағын су қоршап жатқан бір аралда қарсы алғаны есінде. Отанды қорғау жолындағы үш жылға созылған жанқиярлық еңбегі еш кетпеді. Бірнеше жауынгерлік медальдармен марапатталды. 1944 жылы майдан даласында коммунистік партия қатарына қабылданды. Ажал оғы зуылдап, адам қаны судай төгіліп жатқан соғыс аймағында партбилетін жүрегіне басып тұрып берген антына өле-өлгенше адал болып кетті. Ел үшін, туған жердің бір уыс топырағы үшін жан алып, жан беріскен бірнеше миллион кеңес әскерлерінің қатарында қарапайым ауыл жігіті Нұрғали Нақыпбаев та Ұлы Жеңісті жақындатуға бір кісідей атсалысты.

Ел Жеңіс мерекесін тойлап жатқанымен кеңес жауынгерлерінің басым бөлігі соғыс жайпап өткен аймақтарда қалпына келтіру жұмыстарымен айналысты. Нұрғали да өз полкімен бірге одақтас республикалар аумағында сондай жұмыстармен айналысып жүріп, қырық бесінші жылдың қыркүйегінде елге 45 күндік демалысқа оралды. Қызылордаға келісімен ең алдымен әскери есепке уақытша тіркелуі тиіс-ті. Демалыс деген аты ғана, тек жеңіс үшін, майдан үшін деп еңбек еткен ауылдың ахуалы да оңып тұрғаны шамалы. Ыңғайсыз айналған ауыл шаруашылығы, ер азаматтың қарулы күшін қажет ететін құрылыс саласы алақан мейіріміне шөлдеп тұрған сыңайлы. Үй-іші тірлігі өз алдына. Нұрғалидың демалысы егін жинау науқанымен тұспа-тұс келді. Алғашқыда сағыныштары басыла қоймаған Өтеулі ақсақал мен Айтолқын ана, өзінің жары Бегайым қырғын соғыстан аман қайтқан солдатты төрге отырғызып қоймақшы да болған. Алайда, көзге көрініп, ер азаматтың қолын керек етіп тұрған сан тірлік, туғандарына деген жанашырлық сезім Нұрғалидың алаңсыз демалуына мүмкіндік бермеді. Білек сыбана іске кірісті. Есік алдындағы жердің күтімі, ауыл сыртына еккен қауын-қарбыздың жиналуы мен жүгері, бидайдың бастырылуы, азын-аулақ малдың қорақопсының жөнделуі мен қыстық жем-шөбінің дайындалуы секілді жұмыстар бірінен кейін бірі келіп тұрды. Үш жылдай оқ пен оттың ортасында жүріп, әскери қатаң өмірге әбден төселіп қалған қызыләскер ауылдың күйбең тірлігін сағынып-ақ қалған екен. Әр істі қуана, құлшына атқарды. Уақыты бітуге жақындағанда өз полкіне оралу үшін әскери комиссариатқа барды. Олар ер азаматтың көмегі мұндағы елге де қажет екенін, өзінің әскер қатарынан босатылғанын, енді осында еңбек ететінін айтты.

Нұрғали Нақыпбаевтың соғыстан кейінгі өмірі Сырдария ауданының Жетікөл ауылында басшылық қызметтен басталды. Бес жылға созылған алапат соғыс тұралатқан ауыл экономикасын жандандыру, халықтың әл-ауқатын көтеру, ел болашағы балалар мен жастардың жағдайын жасау барысында бірқатар жұмысты атқаруына тура келді. Атқарды да. Кейін ел басқаруға білімді жас буындар келгенде өзі өзге жұмысқа ауысты. Облыстық қаржы бөлімінде абыройлы қызмет етті. Содан кейін аймақтағы орман шаруашылығын дамыту бағытына біраз еңбек сіңірді. Қай жерде еңбек етсе де өзінің бір сөзді әділдігімен, тура айтар мінезімен көзге түсіп, айналасындағыларға сыйлы болды. Партия ұйымдары тарапынан үнемі алғысқа, марапаттауларға ұсынылып отырылатын.

Нұрғали – жары Бегайыммен бірге он бала тәрбиелеп өсірген бақытты жан. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырған берекелі отбасы туған-туыстың, ағайын-жекжаттың бас тіреп келер қарашаңырағы еді. Бегайым ана жарын соғысқа аттандырып, өзі елдегі бар шаруаға бел шеше кіріскен-ді. Атасы мен енесінің, кішкентай баласының күтімі, үй тірлігі бәріне де үлгіретін. Кейін ойлап қараса соғыс жылдарындағылар демалудың не екенін ұмытқандай екен. Түннің бір уағына дейін колхоздың шаруасын бітіріп келіп, таңертең ерте өздерінің қорасындағы санаулы малын жайғап, шағын егістігін баптайтын. Өйткені, соғыс жылдарында үкіметтен еш көмек берілмейтін еді. Жүгері мен бидай егіп, дәнін бастырып алатын. Дәнді қыс бойы диірменге тартып, ұн, одан нан дайындайтын еді. Қауыннан қақ тіліп, қауынқұрт қайнатып алатын. Сиыр сүтінен қыстық жейтін құрт, май, сүзбе, жент дайындайды. Осының бәрі қыстық азық. Сондықтан үй тірлігінен үлкен-кіші бәрі де бас тартпайтын. Нұрғали Өтеуліұлының қызы Қалимаш ата-анасы жайлы мынадай естелік айтады:

– Анамыз Бегайым өз жанынан өлең шығаратын, үнемі ыңылдап ән салып жүретін-ді,– дейді.– Майданға өлеңмен хат жазып, ауыл-үй арасында қайныларымен өлеңдете айтысатын. Қалаға алпысыншы жылдардың бас кезінде көшіп келдік. Бойында ерекше қасиет болғаны болар, анам кейін сынықшы болды. Қолы шыққан, буыны тайған, аяғы зақымданған жандар анама жиі келетін еді. Әкем бес уақыт намазын оқып, әркез бізге біреудің ала жібін аттамау, өтірік-өсек айтпау, тек қана адалдықпен өмір сүру қажеттігін ұғындыратын. Е-е, қазір осының бәрі ертегі секілді.

Ал Шымкент қаласында тұратын үлкен қызы Патима әкесінің майдан, одан кейінгі еңбек жолдарын еш жаңылмай еске алады. Өзі де карттықтың ауылымен қоныстас болған жан үшін жүзден әрі асқан, әлдеқашан бақилық болған әке-шешесі әлі қасында, өзімен бірге секілді. Өйткені, жаны таза жақсы адамның соңында жақсы естелік қалады. Өздері жоқ болса да оны сағынышпен еске алатын үрім-бұтағы бар, айбыны асқақ елі бар. Демек, олардың есімі еш ұмытылмайды. "Адам ұрпағымен мың жасайды" деген осы болар, сірә.

Жұмагүл ОРАЛБАЕВА.

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

«Қызылорда қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі, 120000, Қызылорда қаласы, Ы. Жақаев көшесі, 16 үй, анықтама үшін телефондары: 8(7242) 400953, person.kadr2013@mail.ru «Б» корпусы бос әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

Қала әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық бөлімінің бас инспекторы (Е-3 санаты - 1 бірлік). Лауазымдық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 78797 - 106345 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері:

Жетекшілік жасайтын салалары бойынша қала әкімдігі мәжілісінің күн тәртібіне ұсыныс енгізеді, мәжілістің отырысын ұйымдастыруға атсалысады, тапсырмалардың орындалуын бақылайды.

Жетекшілік жасайтын салалары бойынша қала әкімі жанындағы тұрақты Кеңес отырысын ұйымдастыруға атсалысады, тапсырмалардың орындалуын бақылайды.

Жетекшілік жасайтын салалары бойынша Үкімет, облыс әкімдігі мәжілістеріне мәліметтер дайындайды.

Қала әкімінің қала, кент және ауылдық округтердің тұрғындармен есепті кездесу кестесін әзірлейді, бұқаралық ақпарат құралдарына жариялайды.

Қала әкімінің қала, кент және ауылдық округтердің тұрғындармен есепті кездесу кезінде айтылған ұсыныс-пікірлерді іске асыру жөніндегі іс-шара жоспарының дайындалып орындалуын жинақтайды және қала әкімінің тұрақты кеңес, әкімдік мәжілістерінің күн тәртібіне тоқсан сайын ұсынады.

Қала әкімінің қала, кент және ауылдық округтердің тұрғындармен есепті кездесу кезінде айтылған ұсыныс-пікірлерді іске асыру жөніндегі іс-шара жоспарының орындалу барысын тоқсан сайын бұқаралық ақпарат құралдарына жариялайды.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды.

Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар, қалалық ішкі саясат, қалалық ветеринария және ветеринариялық бақылау, қалалық ауыл шаруашылығы бөлімдерінің, жұмыспен қамту орталығының жұмысын үйлестіреді.

Ақсуат, Ақжарма, Қызылжарма ауылдық округтері әкімі аппаратының жұмысын үйлестіреді.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар: Техникалық ғылымдар және технологиялар немесе білім немесе құқық мамандықтары бойынша жоғары білім.

Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

1) мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;

2) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда жұмыс өтілі екі жылдан кем емес;

3) жоғары және жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы;

4) ғылыми дәрежесінің болуы.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясын білуі.

Мемлекеттік тілді білуі, компьютерде және интернетте жұмыс істеу қабілеті.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:

1) Өкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш;

2) 3х4 үлгідегі суретпен өкілетті орган белгілеген нысанда толтырылған сауалнама;

3) Білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) Еңбек кітапшасының нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) Құжаттарды тапсыру сәтінде өкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат. (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді. Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар өздерінің білімі, жұмыс тәжірибесі, кәсіби деңгейі және беделі жайлы (кәсіби біліктілігін арттырғаны жайлы, ғылыми атағы және дәрежесін алғандығы туралы құжаттардың, мінездемелерінің, ұсыныстардың, ғылыми жарияланымдардың және тағы басқа көшірмелері) қосымша ақпарат ұсына алады.

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру БАҚ-та («Кызылординские вести» және «Сыр бойы») соңғы жарияланған күннен бастап он жұмыс күні ішінде «Қызылорда қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, 120000, Қызылорда қаласы, Ы.Жақаев көшесі, 16 үй, мекен-жайы бойынша қабылданады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер конкурс комиссиясы шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әңгімелесу өткізу күні туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекен-жайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Үміткерлермен әңгімелесу «Қызылорда қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, (Қызылорда қаласы, Ы. Жақаев көшесі, 16 үй) әңгімелесуге шақырған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппе аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Осы Қағидалардың мемлекеттік органның басшысымен (жауапты хатшы) конкурс комиссиясының отырысына сарапшылардың қатыстырылуына жол беріледі. Сарапшы ретінде конкурс жарияланған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихат депутаттары қатыса алады.

«Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына үміткерлер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана, Алматы, Атырау, Көкшетау, Павлодар, Тараз, Өскемен, Орал, Петропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған, (Ақтөбе, Ақтау және Шымкент қалаларындағы аймақтық тестілеу орталықтарында белгіленген тәртіппен өтеді.

Е-3 - санаты үшін тестілеу бағдарламасы: мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма); логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының конституциялық заңы; «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ), «Әкімшілік рәсімдер туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

***

«Қызылорда қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, 120000, Қызылорда қаласы, Ы. Жақаев көшесі, 16 үй, анықтама үшін телефондары: 8(7242) 40-09-53, person.kadr2013@mail.ru «Б» корпусы бос әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

Қызылөзек ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманы (Е-G-4 санаты 1 бірлік). Лауазымдық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 48047- 55094 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері:

1. Салық салу объектісі болып табылатын жеке тұлғалардың жылжымайтын мүлік есебін жүргізу.

2. Тұрғындардың міндетті (жер және мүлік) салық төлемдерін төлеуін қадағалау, салық органдарына тиісті мәліметтер беру.

3. Ауылдық округтің бекітілген әлеуметтік-экономикалық даму индикаторларының өнеркәсіп саласы бойынша жұмыс жасау.

4. Әскер қатарына шақырылатын жастарды тіркеу, есепке алу, әскерге шақыру мен әскери борышын өтеп келгендердің тіркелуін қамтамасыз ету, ай сайын, тоқсан сайын мәлімет ұсыну.

5. Қызылорда қаласының әкімдігінің ресми WEB сайтына тиісті мәліметтер ұсыну, сол сияқты күнделікті қарап, өткізілген шаралар жөнінде ақпараттар ұсыну.

6. Ауыл шаруашылығы саласын: мал және егін шаруашылығына басшылық жасап, шаруашылық жөніндегі кітаптарды жүргізеді, статистикалық мәліметтерді әзірлейді.

7. Ауылдық округ аумағында шағын және орта бизнесті дамытуға, кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың жергілікті жерде орындалуына жұмыс жасау, шағын және орта бизнес өкілдеріне мемлекеттік қолдау көрсету жөнінде ұсынымдар әзірлеу;

8. Азаматтық қорғаныс төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарға басшылық жасайды, Әкімшілік ғимараттарында өрт қауіпсіздігін болдырмау мақсатындағы жұмыстар жасау, қажетті өрт қауіпсіздік құралдарын қамтамасыз етеді.

9. Жетекшілік ететін салаларын дамыту бойынша ұсынымдар әзірлейді.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар: Жоғары немесе ортадан кейінгі экономикалық, техникалық білім не орта техникалық немесе кәсіптік білім.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалды міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Мемлекеттік тілді білуі, компьютерде және интернетте жұмыс істеу қабілеті.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:

1) өкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш;

2) 3х4 үлгідегі суретпен өкілетті орган белгілеген нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек кітапшасының нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде өкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді. Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар өздерінің білімі, жұмыс тәжірибесі, кәсіби деңгейі және беделі жайлы (кәсіби біліктілігін арттырғаны жайлы, ғылыми атағы және дәрежесін алғандығы туралы құжаттардың, мінездемелерінің, ұсыныстардың, ғылыми жарияланымдардың және тағы басқа көшірмелері) қосымша ақпарат ұсына алады.

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру БАҚ-та («Сыр бойы» және «Кызылординские вести») соңғы жарияланған күннен бастап он жұмыс күні ішінде «Қызылорда қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, 120000, Қызылорда қаласы, Ы.Жақаев көшесі №16 үй мекен-жайы бойынша қабылданады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер конкурстық комиссия шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әңгімелесу өткізу күні туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекен-жайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Үміткерлермен әңгімелесу «Қызылорда қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (Қызылорда қаласы, Ы.Жақаев көшесі, 16 үй) әңгімелесуге шақырған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппе аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Осы Қағидалардың мемлекеттік органның басшысымен (жауапты хатшы) конкурс комиссиясының отырысына сарапшылардың қатыстырылуына жол беріледі. Сарапшы ретінде конкурс жарияланған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихат депутаттары қатыса алады.

«Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына үміткерлер Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Астана, Алматы, Атырау, Көкшетау, Павлодар, Тараз, Өскемен, Орал, Петропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған, Ақтөбе, Ақтау және Шымкент қалаларындағы аймақтық тестілеу орталықтарында белгіленген тәртіппен өтеді.

Е-G-4 - санаты үшін тестілеу бағдарламасы: мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма); логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының конституциялық заңы; «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

«Қызылорда қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің конкурстық комиссиясы.

ЖОБА

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ «Б» КОРПУСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРІ ҚЫЗМЕТІН ЖЫЛ САЙЫНҒЫ БАҒАЛАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

«Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметіне жыл сайынғы бағалау жүргізу және оларды аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 21 қаңтардағы №327 Жарлығына және «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың үлгілік әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі Төрағасы міндетін атқарушысының 2014 жылғы 5 маусымдағы № 04-2-4/93 бұйрығына сәйкес (нормативтік-құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 9521 нөмірімен тіркелген) Қызылорда облысының әкімдігі
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қызылорда облысы әкімдігінің «Б» корпусындағы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың Әдістемесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің басшысы Қ. Жайсанбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының
әкімі **Қ.КӨШЕРБАЕВ**

Қызылорда облысы әкімінің
2014 жылғы «___» _____ №____
қаулысына қосымша

«Б» КОРПУСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРІ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қызылорда облысы әкімдігінің және «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесі (бұдан әрі - Әдістеме) Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 21 қаңтардағы № 327 «Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметіне жыл сайынғы бағалау жүргізу және оларды аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы» Жарлығын іске асыру үшін әзірленді және «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің (бұдан әрі – қызметшілер) қызметіне бағалау жүргізу тәсілін айқындайды.

2. Мемлекеттік органдар өз қызмет ерекшеліктерін ескере отырып, осы Әдістеме негізінде «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін әзірлеп, бекітеді.

3. Қызметшілердің қызметін жыл сайынғы бағалау (бұдан әрі – бағалау) олардың жұмыс тиімділігі мен сапасын айқындау үшін жүргізіледі.

4. Бағалау мемлекеттік әкімшілік қызметте болған әрбір жыл өткен сайын, көрсетілген мерзім басталған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей, бірақ осы лауазымға орналасқан күннен бастап алты айдан ерте емес мерзімде жүргізіледі.

5. Қызметшілерді бағалау мыналардан:
1) қызметшінің тікелей басшысының бағалауы;
2) айналмалы бағалау (қызметшінің қарамағындағы немесе олардың әріптестерінің бағалауы);
3) қызметшінің қорытынды бағасынан тұрады.

Қызметшінің тікелей басшысы оның лауазымдық нұсқаулығына сәйкес өзі бағынатын тұлға болып табылады.

Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын жергілікті атқарушы органдар басшылары үшін бағалау облыс әкімі немесе оның уәкілеттік беруімен оның орынбасарларының бірімен өткізілуі мүмкін.

6. Бағалау нәтижелері бойынша қызметшілер қызметіндегі кемшіліктерді жою бойынша ұсыныстар әзірленеді, олардың қызметіндегі жақсартуды қажет ететін бағыттар айқындалады, тағылымдамадан өткізу, ілгерілету бойынша ұсыныстар әзірленеді.

7. Қызметшінің соңғы үш жыл бойы «тиімді» деген баға алуы, оны лауазымы бойынша көтеруге негіз болып табылады.

8. Қызметшінің соңғы үш жыл бойы екі «қанағаттанарлықсыз» деген баға алуы, оны аттестаттаудан өткізуге негіз болып табылады.

Аттестаттаудан өткізу туралы шешім қабылдау кезінде алдыңғы аттестаттаудан өткізуге негіз болған бағалау нәтижелері ескерілмейді.

9. «Қанағаттанарлықсыз» деген баға алған қызметші мемлектетік әкімшілік лауазымға алғаш қабылданған тұлғаға тәлімгер ретінде бекітілмейді.

10. Қызметшінің қорытынды бағасын тұрақты жұмыс істейтін Бағалау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) бекітеді, оны қызметшіні лауазымға тағайындау және лауазымнан босату құқығы бар адам құрады.

11. Комиссия кемінде үш мүшеден, соның ішінде төрағадан тұрады.

12. Дауыс беру қорытындысы Комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен айқындалады. Дауыс саны тең болған жағдайда, комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Комиссия төрағасы болып «Қызылорда облысы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің басшысы табылады.

Комиссия хатшысы мемлекеттік органның персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) (бұдан әрі – персоналды басқару қызметі) қызметкері болып табылады. Комиссия хатшысы дауыс беруге қатыспайды.

Егер Комиссия құрамына оған қатысты бағалау жүргізілетін қызметшінің тікелей басшысы, сондай-ақ осы Әдістеменің 5-тармағы 2) тармақшасында көрсетілген қызметшілер кіретін болса, олар осы қызметшіге қатысты дауыс беруге және шешім қабылдауға қатыспайды.

2. Бағалау жүргізуге дайындық

13. Персоналды басқару қызметі Комиссия төрағасының келісімі бойынша бағалауды өткізу кестесін әзірлейді.

Персоналды басқару қызметі бағаланатын қызметшіге, сондай-ақ осы Әдістеменің 5-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген тұлғаларға бағалау жүргізілетіні туралы хабарлайды және оларға бағалау өткізуге дейін бір айдан кешіктірмей толтыру үшін бағалау парағын жібереді.

3. Тікелей басшының бағалауы

14. Тікелей басшы осы Әдістеменің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бағалау парағын персоналды басқару қызметінен алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде толтырады, қызметшіні толтырылған бағалау парағымен таныстырады және екі жұмыс күні ішінде толтырылған бағалау парағын персоналды басқару қызметіне қайтарады.

Қызметшіні толтырылған бағалау парағымен таныстыру жазбаша немесе электронды нысанда жүргізіледі.

Қызметшінің танысудан бас тартуы құжаттарды Комиссия отырысына жіберуге кедергі бола алмайды. Бұл жағдайда персоналды басқару қызметінің қызметкері және тікелей басшы танысудан бас тарту туралы еркін нұсқада акт жасайды.

4. Айналмалы бағалау

15. Айналмалы бағалау қызметшінің қарамағындағы адамдардың, ал қарамағындағы адамдар болмаған жағдайда – қызметші жұмыс істейтін құрылымдық бөлімшеде лауазымды атқаратын адамның (олар болған жағдайда) бағалауын білдіреді.

Мұндай адамдардың тізімін (үш адамнан аспайтын) қызметшінің лауазымдық міндеттері және қызметтік өзара әрекеттестігіне қарай персоналды басқару қызметі бағалау жүргізілгенге бір айдан кешіктірмей анықтайды.

16. Осы Әдістеменің 15-тармағында көрсетілген тұлғалар осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес нысанда бағалау парағын толтырады.

17. Осы Әдістеменің 15-тармағында көрсетілген тұлғалармен толтырылған бағалау парағы персоналды басқару қызметіне оларды алған күннен екі жұмыс күні ішінде персоналды басқару қызметіне жіберіледі.

18. Персоналды басқару қызметі осы Әдістеменің 15-тармағында көрсетілген тұлғалардың бағалауының орташа есебін жүргізеді.

19. Осы Әдістеменің 15-тармағында көрсетілген тұлғалардың бағалауы жасырын түрде жүргізіледі.

5. Қызметшінің қорытынды бағасы

20. Персоналды басқару қызметі қызметшінің қорытынды бағасын мына формула бойынша Комиссия отырысына дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей есептейді:

$a = b + c$

a – қызметшінің қорытынды бағасы,
b – тікелей басшының бағасы,
c – осы Әдістеменің 15-тармағында көрсетілген тұлғалардың орта бағасы.

21. Қорытынды баға мына шкала бойынша қойылады:
26 балдан төмен – «қанағаттанарлықсыз»,
26-дан 33 балға дейін – «қанағаттанарлық»,
33 балдан жоғары – «тиімді».

6. Комиссияның бағалау нәтижелерін қарауы

22. Персоналды басқару қызметі осы Әдістеменің 13-тармағында көрсетілген кестеге сәйкес бағалау нәтижелерін қарау бойынша Комиссияның отырысын өткізуді қамтамасыз етеді.

Персоналды басқару қызметі Комиссияның отырысына мына құжаттарды:
1) толтырылған тікелей басшының бағалау парағын;
2) толтырылған айналмалы бағалау парағын;
3) қызметшінің лауазымдық нұсқаулығын;
4) осы Әдістеменің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қорытынды баға көрсетілген Комиссия отырысы хаттамасының жобасын тапсырады.

23. Комиссия бағалау нәтижелерін қарастырады және мына шешімдердің бірін шығарады:
1) бағалау нәтижелерін бекітеді;
2) бағалау нәтижелерін қайта қарайды.

Бағалау нәтижелерін қайта қарау туралы шешім қабылдаған жағдайда Комиссия хаттамада тиісті қысқаша түсіндірмемен бағаны түзетеді. Бұл ретте қызметшінің бағасын төмендетуге жол берілмейді.

24. Персоналды басқару қызметі бағалау нәтижелерімен ол аяқталған соң бес жұмыс күні ішінде қызметшіні таныстырады.

Қызметшіні бағалау нәтижелерімен таныстыру жазбаша немесе электронды нысанда жүргізіледі.

Қызметшінің танысудан бас тартуы бағалау нәтижелерін оның қызметтік тізіміне енгізуге кедергі бола алмайды. Бұл жағдайда персоналды басқару қызметінің қызметкері танысудан бас тарту туралы еркін нұсқада акт жасайды.

25. Бағалау нәтижелері қызметшінің қызметтер тізіміне енгізіледі.

26. Осы Әдістеменің 22-тармағында көрсетілген құжаттар, сондай-ақ комиссия отырысының қол қойылған хаттамасы персоналды басқару қызметінде сақталады.

7. Бағалау нәтижелеріне шағымдану

27. Комиссия шешіміне қызметшінің Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментіне шағымдануы шешім шыққан күнінен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

28. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті қызметшіден шағым түскен күнінен бастап он жұмыс күні ішінде шағым қарайды және бұзушылықтар анықталған жағдайда, мемлекеттік органға Комиссия шешімінің күшін жою туралы ұсыныс жасайды.

29. Қабылданған шешім туралы ақпаратты мемлекеттік орган екі апта ішінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментіне береді.

Қызылорда облысы әкімдігінің және
«Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік
қызметшілерінің қызметін бағалаудың
әдістемесіне 1-қосымша

ТІКЕЛЕЙ БАСШЫСЫНЫҢ БАҒАЛАУ ПАРАҒЫ

Бағаланатын қызметшінің Т.А.Ә.:_____
Бағаланатын қызметшінің лауазымы: _____

№ р/н	Өлшем	Көрсеткіштің мәні (саны)	Баға (балл)
1.	Бастамашылығы	2-ден 5-ке дейін	
2.	Лауазымды міндеттерін орындау сапасы	2-ден 8-ге дейін	
3.	Әрекеттестікке икемділігі	2-ден 5-ке дейін	
4.	Қызметтік этиканы сақтауы	2-ден 5-ке дейін	
	БАРЛЫҒЫ (барлық бағалардың бағасы)		

Таныстым:
Қызметші (Т.А.Ә.) _____күні _____қолы _____ Тікелей басшы (Т.А.Ә.) _____күні _____ қолы _____

Қызылорда облысы әкімдігінің және
«Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік
қызметшілерінің қызметін бағалаудың
әдістемесіне 2-қосымша

АЙНАЛМАЛЫ БАҒАЛАУ ПАРАҒЫ

Бағаланатын қызметшінің Т.А.Ә.:_____
Бағаланатын қызметшінің лауазымы: _____

№ р/н	Өлшем	Көрсеткіштің мәні	Баға (балл)
Бағынышты адам			
1	Жұмысты жоспарлай алу қабілеті	2-ден 5-ке дейін	
2	Жұмысқа ынталандыру қабілеті	2-ден 5-ке дейін	
3	Қызметтік этиканы сақтауы	2-ден 5-ке дейін	
	Барлығы (барлық бағалардың бағасы)		
Әріптесі			
1	Топта жұмыс істей алу қабілеті	2-ден 5-ке дейін	
2	Қызметтік этиканы сақтауы	2-ден 5-ке дейін	
3	Лауазымды міндеттерін орындау сапасы	2-ден 5-ке дейін	
	Барлығы (барлық бағалардың бағасы)		

Қызылорда облысы әкімдігінің және
«Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік
қызметшілерінің қызметін бағалаудың
әдістемесіне 3-қосымша

БАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

_____
(мемлекеттік орган атауы)

№ р/р	Қызметшінің Т.А.Ә.	Тікелей басшының бағасы	Айналмалы баға	Қорытынды баға
1				
…				

Комиссия қорытындысы:
_____
_____
_____

Тексерген:

Комиссия хатшысы:_____ Күні: _____
(Т.А.Ә., қолы)

Комиссия төрағасы:_____ Күні: _____
(Т.А.Ә., қолы)

Комиссия мүшесі:_____ Күні: _____
(Т.А.Ә., қолы)

ЖОБА

«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БЮДЖЕТТІК ЖОСПАРЛАУ БАСҚАРМАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ЕРЕЖЕСІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген «Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.

2. «Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Н.Н.Годуноваға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі **Қ. Көшербаев.**

Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы «__» _____ №_____ қаулысымен бекітілген

«Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. «Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) Қызылорда облысындағы стратегиялық, экономикалық және бюджеттік жоспарлау саласында функцияларды жүзеге асыруға Қызылорда облысының әкімдігі уәкілеттік берген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Басқарманың құрылтайшысы Қызылорда облысының әкімдігі болып табылады. Басқармаға қатысты коммуналдық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын «Қызылорда облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ, осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарма мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Басқарма егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Басқарма құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның тұрған жері: Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, 120003, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, құрылыс 1.

10. Мемлекеттік органның толық атауы – «Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

12. Басқарма қызметін қаржыландыру облыс бюджетінен жүзеге асырылады.

13. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарма функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Басқарманың миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Басқарманың миссиясы: облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының басым міндеттерін іске асыру және стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған мемлекеттік жоспарлаудың тиімді және біртұтас жүйесін қалыптастыру үшін стратегиялық, экономикалық және бюджеттік жоспарлау саласында қызметтер атқару.

15. Міндеттері:

1) облыстағы стратегиялық, экономикалық және бюджеттік жоспарлау саласында функцияларды жүзеге асыру;

2) облыстық бюджет комиссиясының жұмысы органы бола отырып, облыстық бюджет комиссиясы айқындайтын мерзімдер мен күн тәртібіне сәйкес бюджеттік комиссияның отырыстарына материалдар дайындау;

3) облыстық бюджетті әзірлеу;

4) инвестициялық ұсынысқа экономикалық қорытынды дайындау;

5) жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың іске асырылуы мониторингін және оны бағалауды жүзеге асыру;

6) байланысты және байланысты емес гранттарды тартуға мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның қарауына өтінім ұсынады;

7) облыстың шекарасындағы қазіргі және жаңадан құрылатын әкімшілік-аумақтық бірліктер мен жекелеген елді мекендерді есепке алады және тіркейді, сондай-ақ, оларды есепті деректерден шығарады;

8) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға міндетті.

16. Функциялары:

1) жыл сайын бес жылға арналған облыстың әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлейді;

2) әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу кезінде облыстың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) атқарушы органдарының жұмысына әдіснамалық басшылықты және үйлестіруді жүзеге асырады;

3) облысты дамыту бағдарламасын Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жоғары тұрған құжаттары негізінде бесжылдық кезеңге әзірлейді;

4) ауданды (облыстық маңызы бар қаланы) дамыту бағдарламасын келіседі;

5) Қызылорда облысын дамыту бағдарламасының іске асырылу мониторингін жүргізеді;

6) үш жылдыққа арналған облыстық бюджет және аудандар мен Қызылорда қаласы бюджеттері арасында жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы облыстық мәслихат шешімі жобасын әзірлейді;

7) облыстық бюджет комиссиясының жұмыс органы функциясын іске асырады;

8) облыстың әлеуметтік-экономикалық даму болжамын ескере отырып, облыстық бюджетті жыл сайын жоспарлы кезеңге әзірлейді;

9) облыстың әлеуметтік-экономикалық даму болжамын ескере отырып, облыстық бюджетке түсетін түсімдерді болжауды жүзеге асырады;

10) бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттерін, жана бастамаларға арналған лимиттерді жоспарлы кезеңге облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының, республикалық және жергілікті бюджеттің болжамды көрсеткіштері, бюджет қаражатын жұмсаудың басым бағыттары, облыстық бюджет тапшылығының мөлшері негізінде айқындайды;

11) есепті қаржы жылындағы бюджеттің атқарылуын талдау және бюджет қаражатын басқару жөніндегі мемлекеттік орган қызметінің тиімділігін бағалау нәтижелерін ескере отырып бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін олардың Қазақстан Республикасының бюджет және өзге де заңнамасына, облыстың әлеуметтік-экономикалық даму болжамына, аумақтарды дамыту бағдарламасының көрсеткіштеріне және қолданыстағы заттай нормаларға сәйкес келуі тұрғысынан қарайды, бұл ретте, бюджеттік өтінімдерді қарау кезінде әрбір бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар түрлері бойынша есеп-қисап кезінде бағдар ретінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында белгіленген тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге бағалардың дерекқоры да пайдаланылады;

12) есепті қаржы жылындағы бюджеттің атқарылуын талдау және бюджет қаражатын басқару жөніндегі мемлекеттік орган қызметінің тиімділігін бағалау нәтижелерін ескере отырып бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобаларын олардың бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің функцияларына, өкілеттіктеріне, қызметінің бағыттарына сәйкес келуі тұрғысынан қарайды;

13) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін, бюджеттік бағдарламаларының жобаларын қарау қорытындылары бойынша бюджеттік өтінімдер және бюджеттік бағдарламалардың жобалары бойынша қорытындылар қалыптастырады және оларды облыстық бюджеттік комиссияның қарауына жібереді;

14) облыстық бюджет жобасын жасайды және оны облыстық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді;

15) облыстық бюджет комиссиясының облыс бюджетінің жобасы бойынша ұсыныстары негізінде облыс бюджеті туралы мәслихат шешімінің жобасын әзірлейді және оны облыс әкімдігінің қарауына ұсынады;

16) заңнамамен белгіленген тәртіппен кезекті қаржы жылының бірінші тоқсанына арналған жергілікті қаржы жоспары туралы облыс әкімдігі қаулысының жобасын әзірлейді;

17) облыстық бюджет туралы облыстық мәслихат шешімін іске асыру туралы облыс әкімдігі қаулысының жобасын әзірлейді;

18) инвестициялық ұсынысқа экономикалық қорытынды дайындайды;

19) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 154 бабтың 6-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің ұсынысы мен экономикалық қорытынды негізінде заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы жоспарланатын бюджеттік инвестицияларды іріктеуді жүзеге асырады және қорытындыны облыстық бюджеттік комиссияның қарауына жібереді;

20) «Концессиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 3-2) тармақшасында белгіленген жағдайда, Қызылорда облысы әкімдігі айқындайтын заңды тұлға тартылатын болса, оның сараптамасы негізінде концессиялық ұсыныс бойынша қорытынды дайындайды;

21) бюджеттік комиссия мақұлдаған, концессиялық ұсыныстарда қамтылған концессиялық жобалар бойынша концессиялық жобалардың тізбесін қалыптастырады;

22) «Концессиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 3-3) тармақшасында белгіленген жағдайда, концессиялық жобаның конкурстық құжаттамасының ажырамас бөлігі болып табылатын концессиялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін қамтитын концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамасын Қызылорда облысының әкімдігі айқындайтын заңды тұлғаға сараптамаға жібереді;

23) Қазақстан Республикасының концессиялар туралы заңнамасына сәйкес тиісті сараптамалар мен келісулер негізінде концессиялық жобаның конкурстық құжаттамасы бойынша қорытындылар қалыптастырады және оларды облыстық бюджеттік комиссияның қарауына енгізеді;

24) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ оларға қажетті сараптамалар жүргізу тәртібіне сәйкес әзірленген техникалық-экономикалық негіздеме негізінде бюджеттік инвестициялық жобаны қарайды және іріктейді;

25) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік инвестициялық жобаларын қарайды және бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне олар бойынша экономикалық қорытынды жібереді;

26) бюджеттік инвестициялық жобаны облыстық бюджет жобасына енгізу үшін іріктеуді жүзеге асырады;

27) бюджеттік комиссиялар мақұлдаған, экономикалық қорытындысы бар инвестициялық ұсыныстарда қамтылған инвестициялық жобалар бойынша бюджеттік инвестициялық жобалардың тізбесін қалыптастырады;

28) жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың, сондай-ақ нысаналы даму трансферттері мен республикалық бюджеттен берілетін кредиттер есебінен қаржыландыруға жоспарланатын жобалардың экономикалық қорытындысын Қызылорда облысының әкімдігі айқындайтын заңды тұлғалардың экономикалық сараптамасының қорытындысы негізінде дайындайды;

29) жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың іске асырылуы мониторингін және оны бағалауды жүзеге асырады;

30) заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы жергілікті бюджеттік инвестициялардың іске асырылуы мониторингін және оны бағалауды жүзеге асырады;

31) концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу жөнінде қызметтер көрсетуге арналған қорытындыны облыстық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді;

32) бюджеттік комиссиялар мақұлдаған әрбір концессиялық жобаны консультациялық қолдау жөніндегі қызметтерді қаржыландыру көлемдері бойынша концессиялық жобаларды консультациялық қолдау жөніндегі қызметтердің тізбесін қалыптастырады;

33) байланысты және байланысты емес гранттарды тартуға мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның қарауына өтінім ұсынады;

34) төмен тұрған бюджеттердің қолма-қол ақша тапшылығын жабуға бағытталатын бюджеттік кредиттерді қоспағанда, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіппен бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындайды;

35) бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік кредиттеу арқылы іске асыруға ұсынатын бюджеттік бағдарламаларды олардың бюджеттік кредиттеу критерийлеріне сәйкес келуі тұрғысынан қарайды.

Жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеуді талап ететін бюджеттік инвестициялық жобаларды және қаржы агенттіктерінің мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруын бюджеттік кредиттеудің орындылығын экономикалық сараптаманың қорытындысын ескере отырып айқындайды;

36) пайдалы қазбалардың бекітілмеген қоры бар кен орындары бойынша барлау, сондай-ақ, бірлескен барлау және өндіру бойынша жұмыстар жүргізуге арналған келісім-шарт жобаларына экономикалық сараптама жүргізеді;

37) бюджеттік бағдарлама әкімшісі ретінде Басқарманы қаржыландырудың жылдық жоспарларын әзірлейді;

38) жыл сайын коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін, сондай-ақ коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін келіседі;

39) аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) атқарушы органдарының ұсынуы бойынша облыстың шекарасындағы қазіргі және жаңадан құрылатын әкімшілік-аумақтық бірліктер мен жекелеген елді мекендерді есепке алады және тіркейді, сондай-ақ, оларды есепті деректерден шығарады;

40) құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі шараларды қолданады;

41) азаматтардың құқықтық тәрбиесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

42) өз құзыреті шегінде жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру саласындағы шараларды іске асырады;

43) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) Басқарма өзіне жүктелген міндеттерді және өзінің функцияларын жүзеге асыру барысында заңнамада бекітілген тәртіппен:

мемлекетті органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпараттар мен материалдарды сұрауға және алуға;

өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар өткізуге;

қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге де құқықтарды атқаруға құқылы;

2) Басқарма:

заңды және негізделген шешімдер қабылдауға;

қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз етуге;

қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге де міндеттерді іске асыруға міндетті.

3. Басқарманың қызметін ұйымдастыру

18. Басқармаға басшылықты Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. Басқарманың бірінші басшысын облыс әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. Басқарманың бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

21. Басқарманың бірінші басшысының өкілеттігі:

1) өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде облыс әкімі мен жетекшілік ететін облыс әкімінің орынбасарына есеп береді;

2) өз құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Басқарманы білдіреді;

3) еңбек қатынастары мәселелері өз құзыретіне жататын Басқарма қызметкерлерін заңнамаға сәйкес қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

4) стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың әзірленуін қамтамасыз етеді;

5) еңбек қатынастары мәселелері өз құзыретіне жататын Басқарма қызметкерлеріне заңнамада белгіленген тәртіппен тәртіптік жаза қолданады және көтермелеу шараларын қабылдайды;

6) бұйрықтарға қол қояды;

7) Басқарма атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

8) шарттар жасасады;

9) сенімхаттар береді;

10) өз қызметін ұйымдастыру және оның ішкі тәртібі мәселелері бойынша регламент қабылдайды;

11) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруға дербес жауапты болады;

12) Басқарманың жұмысын ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;

13) облыс әкімдігі мен әкімінің актілері мен тапсырмаларын орындайды;

14) Басқарманың құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

15) құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуді ұйымдастырады;

16) қызметтік этика нормаларының сақталуын қамтамасыз етеді;

17) гендерлік теңдік саясатын жүзеге асырады;

18) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесін бекітеді;

19) Қазақстан Республикасы заңнамасымен көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Басқарманың бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

22. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

23. Басқарманың жұмыс режимі:

1) Басқарма дүйсенбі және жұма аралығында аптасына 5 (бес) күн жұмыс істейді;

2) Басқарманың жұмыс уақыты жергілікті уақыт бойынша сағат 09.00-де басталып, сағат 19.00-де аяқталады. Сағат 13.00-ден сағат 15.00-ге дейін үзіліс;

3) Басқарма сенбі және жексенбі күндері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мереке күндері жұмыс істемейді.

24. Басқарма мен облыс әкімдігі арасындағы, Басқарма әкімшілігі мен оның еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынастар қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

4. Басқарманың мүлкі

25. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ, өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

26. Басқарма бекітілген мүлік облыстық коммуналдық мүлікке жатады.

27. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарманың, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату

28. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Басқарма таратылған жағдайда оның мүлкін пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕЛЕРМЕН ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНА АРНАЛҒАН «АҚПАРАТТЫҚ СЕРВИС» ВЕБ ПОРТАЛЫНЫҢ МҮМКІНШІЛІГІ

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің аумақтық Басқармаларымен мемлекеттік органдар мен мекемелерге және жеке тұлғаларға қатысты ақпаратты-анықтамалық қызметтері көрсетіледі.

Ол қызметтердің бірі «азаматтарға қатысты тексеру іс-шараларын жүзеге асыруға өкілетті мемлекеттік және өзге де органдар мен ұйымдарға ақпараттық-анықтамалық есеп мәліметтерін ұсыну».

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 20.01.2004 жылғы №4 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасаған, тәртіптік жауаптылыққа тартылған тұлғалардың есебін жүргізу жөніндегі» Нұсқаулығының талаптарына сәйкес мемлекеттік және өзге де органдар мен ұйымдар мемлекеттік қызметке үміткер және қызметкерлерге қатысты сыбайлас жемқорлық сипатында құқық бұзушылық жасағандығы немесе жасамағандығы жөнінде мәлімет алу мақсатында Комитеттің аумақтық Басқармаларына сұрау (№3 қосымша) салады.

Осы нұсқаулық талаптарына сәйкес мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілдік берілген тұлғаларға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайланған тұлғалар, заңмен белгіленген тәртіппен, Қазақстан Республикасы Парламенті мен мәслихаттардың депутаттығына, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару сайланбалы органдарының мүшелігіне кандидаттар ретінде тіркелген азаматтар, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтін, еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетінің қаражатынан төленетін қызметкерлер, жарғылық капиталында мемлекеттік меншіктің жиынтық үлесі кемінде отыз бес пайызды құрайтын мемлекеттік ұйымдардың басқару міндеттерін атқаратын тұлғалар тексерілуге жатады.

Нұсқау талаптарына сәйкес сұраным Басқармаға келіп түскен сәттен бастап 3 жұмыс күні ішінде орындалып, сұрау салушыға кері жолданады.

Сонымен қатар, сұрауларды ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің «Ақпараттық сервис» Веб-Порталынан алуға болады.

«Ақпараттық сервис» Веб-Порталына барлық мемлекеттік органдар мен оған тенестірілген мекемелер және құқық қорғау органдары қосылуға құқылы.

Электронды түрде сұрауларды орындалу мерзімі бір жұмыс күні.

Басқарма қызметкерлерімен үстіміздегі жылы «Ақпараттық сервис» Веб-Порталымен жұмыс жасау тәртібі бойынша облыс аумағындағы барлық мемлекеттік органдар мен мекемелердің кадр қызметкерлерінің арасында бірнеше семинар сабақтары ұйымдастырылды.

ҚР ҰЛТТЫҚ МУЗЕЙІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ӨТЕТІН «ТАРИХИ ФОТОСУРЕТТЕР» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ФОТОБАЙҚАУЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

Байқаудың тақырыбы
Қазақ хандығының 550 жылдығы;
Жеңістің 70 жылдығы;
ҚР Конституциясының 20 жылдығы;
Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы;

Мақсаты
- Тарихымыздағы атаулы даталардың фотоқұжаттарын жасап, Ұлттық музей қорына жинақтау.
- Қазақ тарихының аса маңызды оқиғаларына қоғам назарын аудару, осы арқылы жас ұрпақтың өткенімізге деген құрметін арттыру;

Байқаудың шарттары
1. Байқауға кәсіби және әуесқой фотографтар қатыса алады, жасына шектеу қойылмайды.
2. .jpg (jpeg) форматындағы түпнұсқа фотосуреттер қабылданады. Көлемі 300*1200-дан кем болмауы керек.
3. Байқауға ақ-қара түсті суреттер де қабылданады.
4. Фотоколлаж, арнайы эффектілермен өңделген фотосуреттер қабылданбайды.
5. Байқауға сапасыз, талапқа сай келмейтін фотосуреттер қатыстырылмайды.
6. Байқауға қатысушы әрбір тақырып бойынша 3 фотосуреттен, барлығы 12 фотосурет жолдауы тиіс.
7. Фотосуреттер қатысушы жайлы толық ақпаратпен (аты-жөні, тұрғылықты жері, жұмыс орны, байланыс телефондары, фотосуреттің тақырыптық атауы, қайда, қашан түсірілгені туралы т.б) қоса электронды поштамызға жіберілуі тиіс.
8. Байқауға фотосуреттер жіберу арқылы қатысушы байқау ережесінде көрсетілген барлық талаптармен келісетіндігін растайды. Яғни, байқауға қатысушы өзі жайлы ақпараттардың және оның фотосуреттерінің жариялануына қарсы еместігін мақұлдайды. Қазақстан Республикасының Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы заңның талаптарын толықтай сақтайтынына кепілдік береді. Авторлық құқық мәселесіне байқауға қатысушы тарап жауапты.
8. Суреттер арнайы мамандардан жасақталған қазылар алқасымен іріктеліп алынады.

Байқауға қатысатын фотосуреттерді іріктеу шарттары
- Байқау ережесінде көрсетілген барлық тақырыптардың қамтылуы;
- Көркемдік шешімнің сонылығы, байқау тақырыптарын ерекше жеткізу;
- Фотосуреттің сапалылығы: бейненің анықтығы, дәлдігі;
- Фотосуреттерді әзірлеудегі кәсіби көркемдік талғам.

Байқау жүлдесі
1-орын 200 мың теңге (оған қоса, 1-орын иегерінің фотоларынан Ұлттық музейде жеке фотокөрмесі ұйымдастырылады)
2-орын 200 мың теңге.
3-орын 100 мың теңге.

Байқаудың мерзімі
Байқау III кезеңнен тұрады:
I-кезең. Фотосуреттерді байқауға қатысушылардан қабылдау – 2015 жылғы 16-ақпаннан 30-қазанға дейін.
II-кезең. Фотосуреттерді іріктеу, бағалау – 2015 жылғы 10-қарашаға дейін.
III-кезең. Фотобайқау жеңімпаздарын марапаттау – 2015 жылғы 20-қарашада өтеді.

Ұйымдастыру комитеті және байқаудың қазылар алқасы

1. Байқаудың ұйымдастыру жұмыстарын Байқаудың қазылар алқасының қызметін атқаратын Ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады. Ұйымдастыру комитетінің құрамын Ұлттық музей директоры бекітеді.
2. Ұйымдастыру комитеті ұсынылған материалдарға талдау жасап, бағалап, ең үздік материалдарды анықтайды және Фотобайқаудың жеңімпаздарын марапаттауды ұйымдастырады.
3. Қазылар алқасы тарихшы-ғалымдар, белгілі кәсіби фотографтардан жасақталады.
4. Қазылар алқасы қатысушылардың жұмысын фотобайқаудың барлық тақырыбы бойынша бағалайды.
5. Қазылар алқасының әрбір мүшесі қарастырылған жұмыстар бойынша хаттама толтырады.
6. Ұйымдастыру комитеті қосымша номинацияларды, арнайы жүлделерді, ынталандыру дипломдарын жариялай алады.

Байланыс
Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы 54 үй,
Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінің
Ақпараттық-имидждік орталығы.
Email: ulttyqmuzei@mail.ru
Тел: 8(7172) 91-90-35 (ішкі 344).

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

«Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесі, 120008, Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 52, анықтама үшін телефондары: 8 /7242/ 40-10-62, 8 /7242/ 23-54-87, факс 8 /7242/ 23-54-87 dpp_korda@mail.ru«Б» корпусы бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

Кәсіпкерлікті дамыту бөлімінің басшысы – D-O-3 санаты – 1 бірлік (уақытша, негізгі қызметкердің бала күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыс кезеңіне). Лауазымдылық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 84 563 теңгеден 114 032 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері:

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары мен Қазақстан Республикасы Заңдарының, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен облыс әкімияты қаулыларының және облыс әкімінің шешімдері мен өкімдерінің орындалуын жүзеге асыру.Басқарма басшысына бөлім қызметкерлерін марапаттау немесе тәртіптік шара көру туралы ұсыныс енгізеді. Бөлімді жалпы басқарады және бөлімге жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуына тікелей жауапты болады.Бөлімді жалпы басқарады және бөлімге жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуына тікелей жауапты болады.Кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік және аймақтық бағдарламаларын іске асыруға қатысу. Кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың басым бағыттарын анықтап, басқарма басшылығына ұсыныс беру. Кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыруға қатысу. Қызылорда қаласы мен аудандарда кәсіпкерліктің дамуына рейтингілік бағалау жүргізуге қатысу. Кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту мәселелері бойынша талдау жасау.Облыс әкімінің жанындағы шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі комиссиясы мен шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мәселелері жөніндегі Сарапшылық кеңесінің жұмыстарын ұйымдастыру. Кәсіпкерлікті ғылыми-методикалық қамтамасыз етуді жүзеге асыру. Кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту жағдайын жақсарту бойынша ұсыныстар енгізу. Кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың отандық және шетелдік тәжірибелерін (лизинг, франчайзинг) зерттеу және аймақта оны ендіруге жағдай жасау жөнінде ұсыныс беру. Бөлімнің құзырына кіретін мәселелер бойынша жиналыстар, конференциялар мен басқа да іс-шараларды ұйымдастыруға қатысу және өткізу. Облыстағы кәсіпкерлікті дамытудың негізгі басым бағыттарын анықтайды және дайындайды. Қазақстан Даму Банкі, «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, Халықаралық қорлар және екінші деңгейдегі банктер арқылы кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру үшін жобаларды іріктейді. Кәсіпкерлік, оның ішінде қаржыландыру мәселелері бойынша «дөңгелек үстелдер», семинарлар, мәжілістер, конференциялар ұйымдастыруға қатысады.Кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі заңнама мәселелері бойынша ақпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, белгіленген тәртіпте азаматтардың хаттарын, арыз-шағымдарын қарау. Мемлекеттік бағдарлама негізінде кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту мемлекеттік саясатын іске асыруға қатысады. Өз құзыретінде облыстағы әлеуметтік-экономикалық өзекті мәселелерді шешуге бағытталған бағдарламаларды әзірлеуге қатысады және оларды іске асыруға кәсіпкерлік субъектілерін, бірлестіктер мен одақтарды қатыстырады. Кәсіпкерлікті қолдаудың инфрақұрылымдық жүйесін (бизнес-инкубаторлар, технопарктер және т.б.) жасау және дамыту, оларды пайдаланудың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізіп, жүзеге асырады. Халықаралық және отандық қаржы институттарының, жергілікті бюджет қорларының қаражаттарын тарта отырып, кәсіпкерлік қызметке қаржылық, техникалық және кеңестік көмек көрсетуді ұйымдастырады. Кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі заңнама мәселелері бойынша ақпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, белгіленген тәртіпте азаматтардың хаттарын, арыз-шағымдарын қарайды. Басқарманың басқа бөлімдерімен бірге облыстың басқа аймақтармен, шетел фирмаларымен қарым-қатынас жөнінде келісім-шарттар мен келісімдер дайындауға қатысады. Кәсіпкерлердің қаржылық қолдау бағдарламасын жасауға және іске асыруға қатысады. Басқарма басшысына керекті анықтама, мәлімет, баяндамаларды дайындап береді. Кәсіпкерлік субъектілерін ынталандыру мақсатында іс-шаралар өткізу (бизнес-форумдар, көрмелер, конкурстар) және басқа аймақтарда, республика көлемінде өтетін іс-шараларға қатысуларына ықпал жасау, оның ішінде «Қазақстанның үздік тауары» көрме-конкурсын, Қазақстан Республикасы Президентінің «Алтын сапа» сыйлығына арналған конкурсына қатысушаларға насихат жұмыстарын өткізу, «Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудағы жетістіктері үшін» конкурсын өткізу, облыс әкімінің бизнес қауымдастығымен кездесуін ұйымдастыру.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар: Жоғары экономикалық, заңгерлік немесе техникалық (инженер-құрылысшы, инженер-механик, инженер-гидротехник) білімі.

Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

1) мемлекеттік қызмет өтілі екі жылдан кем емес;

2) мемлекеттік органда басшылық немесе өзге лауазымдарда жұмыс өтілі бір жылдан кем емес;

3) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда жұмыс өтілі үш жылдан кем емес, оның ішінде басшылық лауазымдарында бір жылдан кем емес;

4) жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы;

5) ғылыми дәрежесінің болуы.

Мемлекеттік тілді білуі, компьютерде және интернетте жұмыс істеу қабілеті, мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесінің болуы.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Нормативтік құқықтық актілер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасын бекіту туралы қаулысы, «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасын іске асырудың кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы, «Бюджет кодексі», «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республиксының Заңы, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясын білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:

1) нысанға сәйкес өтініш;

2) 3х4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат, немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі.

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді. Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады. Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады. Азаматтар жоғарыда аталған құжат тігілетін мұқабада орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе почта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Азаматтар жоғарыда аталған құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондық почта мекен-жайына электронды түрде бере алады. Конкурсқа қатысу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды электрондық почта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірілмей береді. Жоғарыда аталған құжаттардың түпнұсқасы берілмеген жағдайда тұлға әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру БАҚ-та («Кызылординские вести» және «Сыр бойы» басылымдары) соңғы жарияланған күннен бастап он жұмыс күні ішінде«Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесі, 120008, Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 57, № 417 кабинетте қабылданады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер конкурс комиссиясы шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әңгімелесу өткізу күні туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекен-жайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Үміткерлермен әңгімелесу «Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесінде (Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 52, №415 кабинетте) әңгімелесуге шақырған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, үәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Осы Қағидалардың мемлекеттік органның басшысымен (жауапты хатшы) конкурс комиссиясының отырысына сарапшылардың қатыстырылуына жол беріледі. Сарапшы ретінде конкурс жариялған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихат депутаттары қатыса алады.

«Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына үміткерлер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана, Алматы, Атырау, Көкшетау, Павлодар, Тараз, Өскемен, Орал, Петропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған, Ақтөбе, Ақтау және Шымкент қалаларындағы аймақтық тестілеу орталықтарында белгіленген тәртіппен өтеді.

D-O-3 - санаты үшін тестілеу бағдарламасы: мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма); логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ); «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының конституциялық заңдары; «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ), «Әкімшілік рәсімдер туралы» (15 сұрақ), «Нормативтік құқықтық актілер туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы»(15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасының конкурстық комиссиясы.

***

«Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесі, 120008, Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 52, анықтама үшін телефондары: 8 /7242/ 40-10-62, 8 /7242/ 23-51-57, факс 8 /7242/ 23-51-57 dpp_korda@mail.ru «Б» корпусы бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс жариялайды:

Әкімшілік бөлімінің басшысы D-O-3 санаты, 1 бірлік (уақытша, негізгі қызметкердің бала күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыс кезеңіне). Лауазымдылық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 84 563 теңгеден 114 032 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері:

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары мен Қазақстан Республикасы Заңдарының, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен облыс әкімияты қаулыларының және облыс әкімінің шешімдері мен өкімдерінің орындалуын жүзеге асыру. Басқарма басшысына бөлім қызметкерлерін марапаттау немесе тәртіптік шара көру туралы ұсыныс енгізеді. Басқарманың персоналды басқару (кадр жұмыстарын) жүргізу. Басқарма басшысының бұйрықтарын рәсімдеу. Мемлекеттік қызметшілердің жеке істерін жүргізу, еңбек кітапшаларына қажетті жазбалар енгізу. Мемлекеттік қызметшілердің заңда белгіленген шектеулерді қабылдауы туралы келісімін жазбаша нысанда белгілеу. Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің Қызылорда облысы бойынша басқармасына тоқсандық, жылдық есептер беру. Мемлекеттік қызметші теріс қылық жасаған жағдайда қызметтік тексеру жүргізіп, құжаттарын әзірлеп, тәртіптік комиссияның қарауына ұсыну. Аттестациялаудан өтетін қызметшілердің тізімін, аттестация өткізу мерзімі және аттестация комиссиясының құрамын анықтап, аттестациядан өткізу құжаттарын рәсімдеу. Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің мемлекеттік қызметтегі еңбек өтілін анықтау. Мемлекеттік қызметшілерді оқытуды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру. Басқарманың мемлекеттік қызметшілерінің мониторингін жасау. Мемлекеттік қызметке тұңғыш рет қабылданған қызметшілердің ант беру рәсімін ұйымдастыру. Мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптары мен лауазымдық нұсқаулықтарды әзірлеу. Бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға өткізілетін конкурс материалдарын рәсімдеп, конкурс өткізілуін ұйымдастыру. Әкімшілік құқық бұзушылық жайында ақпарат тиісті органдарға тапсыру. Жаңадан енгізілген 2014-2016 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламасын әзірлейді, өзгертіп енгізеді.

Бөлімге жалпы басшылық жасайды.

Басқарма басшысының бұйрықтары жобасының заңдылығын алдын ала зерттеп, өзінің келісімі жөнінде қолын (визасын) қою. Басқарманың құзырына кіретін мәселелер бойынша рәсімделетін құжаттардың, оның ішінде берілетін лицензиялардың, заңды және жеке тұлғалармен жасалатын келісім-шарттардың, кәсіпкерлік субъектілеріне несие беру барысының заңдылығын алдын-ала тексеріп, қолын қою. Сот және құқық қорғау органдарында басқарма мүддесін білдіру, қорғау және басқарманың өкілі ретінде сот процесстеріне қатысу және заңдарды әзірлейді. Басқарма қызметкерлеріне жұмыс барысында заңгерлік кеңестер береді, басшылыққа анықтама, мәлімет, баяндама жасайды, ішкі бақылау жұмыстарына жалпы басшылық жасайды.

Басқарманың құжат айналымын қалыпты жұмыс жасауын қамтамасыз ету, басқарманың бақылауға қойылған құжаттарының мерзімінде және толыққанды жауап берілуін қамтамасыз ету. Басқарманың ақпараттық технологияларды қолдану және жаңалау бағытында басқарма басшылығына ұсыныстар беру. Басқарма қызметкерлерінің әскери есепке алу және арнайы жұмыстарды жүргізу.

Басқарманың атқарылған жұмыстар мен алда тұрған міндеттері және жеткен жетістіктері туралы жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында тұрақты түрде мақалалар, бейне-сюжеттердің шығарылуын ұйымдастыру. ҚР Мемлекеттік рәміздерін насихаттау бойынша шараларды жүзеге асыру. Қазақстан Республикасының Гендерлік теңдік стратегиясын жүзеге асыру. Азаматтық институттарды нығайту, қоғамдық бірлестіктер мен үкіметтік емес ұйымдармен қарым-қатынасты нығайту, сонымен қатар басқармаға азаматтардан, мекемелерден келіп түскен арыз-шағымдардың жүргізілуін, сенім телефоны, арыз шағым жәшігі жұмыстарын ұйлестіру, басқарма басшыларының азаматтардың жеке қабылдауын ұйымдастыру.Басқармаға жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен арыз-шағымдарының мерзімінде және толыққанды жауап берілуін қамтамасыз ету. 1-ОЛ және «Айқын» бағдарламасы бойынша есептемелерді әзірлеу және мерзімінде орындалуын қадағалау. Басқарманың сыбайлас жемқорлыққа, терроризмге қарсы күрес, құқықтық оқу бойынша бағдарламаларының толыққанды орындалуын қамтамасыз етеді, «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР заңына сәйкес жоспарлауды, есеп пен есеп беруді жүргізуге тиісті орындаушыларымен шарттарды құрастыруды, хаттамаларды рәсімделуіне бақылау жасайды.

Басқарманың істер номенклатурасын қалыптастыруға басшылық жасайды, «Қызмет бабында пайдалану (ДСП)» белгісі бар құжаттардың жүргізілуіне жауапты болады.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар: Жоғары заңгерлік немесе экономикалық білімі

Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

1) мемлекеттік қызмет өтілі екі жылдан кем емес;

2) мемлекеттік органда басшылық немесе өзге лауазымдарда жұмыс өтілі бір жылдан кем емес;

3) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда жұмыс өтілі үш жылдан кем емес, оның ішінде басшылық лауазымдарында бір жылдан кем емес;

4) жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы;

5) ғылыми дәрежесінің болуы.

Мемлекеттік тілді білуі, компьютерде және интернетте жұмыс істеу қабілеті, мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесінің болуы.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Нормативтік құқықтық актілер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасын бекіту туралы қаулысы, «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасын іске асырудың кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы, «Бюджет кодексі», «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республиксының Заңы, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясын білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:

1) нысанға сәйкес өтініш;

2) 3х4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат, немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі.

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді. Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады. Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады. Азаматтар жоғарыда аталған құжат тігілетін мұқабада орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе почта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Азаматтар жоғарыда аталған құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондық почта мекен-жайына электронды түрде бере алады. Конкурсқа қатысу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды электрондық почта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірілмей береді. Жоғарыда аталған құжаттардың түпнұсқасы берілмеген жағдайда тұлға әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру БАҚ-та («Кызылординские вести» және «Сыр бойы» басылымдары) соңғы жарияланған күннен бастап он жұмыс күні ішінде«Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесі, 120008, Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 57, № 417 кабинетте қабылданады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер конкурс комиссиясы шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әңгімелесу өткізу күні туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекен-жайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Үміткерлермен әңгімелесу «Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесінде (Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 52, №415 кабинетте) әңгімелесуге шақырған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, үәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Осы Қағидалардың мемлекеттік органның басшысымен (жауапты хатшы) конкурс комиссиясының отырысына сарапшылардың қатыстырылуына жол беріледі. Сарапшы ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихат депутаттары қатыса алады.

«Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына үміткерлер «Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына үміткерлер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана, Алматы, Атырау, Көкшетау, Павлодар, Тараз, Өскемен, Орал, Петропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған, Ақтөбе, Ақтау және Шымкент қалаларындағы аймақтық тестілеу орталықтарында белгіленген тәртіппен өтеді.

D-O-3 - санаты үшін тестілеу бағдарламасы: мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма); логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ); «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының конституциялық заңдары; «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ), «Әкімшілік рәсімдер туралы» (15 сұрақ), «Нормативтік құқықтық актілер туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы»(15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасының конкурстық комиссиясы.

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

«Жаңақорған ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, 120300, Қызылорда облысы, Жаңақорған кенті, М.Көкенов көшесі № 37 үй, анықтама үшін телефондары 22-4-18, факс 22-4-29, электрондық почта org_acim@mail.ru, «Б» корпусы бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурс жариялайды:

1. Жайылма ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы (Е-G –3) - 1 бірлік. Лауазымдық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 53813 теңгеден 72391 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері: Ауыл-аймақ көлемінде адам мен жануарларға ортақ аурулардан халық денсаулығын қорғау, округ аумақтарында жануарлардың аса қауіпті аурулары бойынша профилактикалық іс-шаралар жоспарын бекітілген мерзімінде орындау, толық мал басының қамтылуын ұйымдастыру, округ аумақтарында жануарлардың энзоотикалық аурулары тіркелген жағдайда, аймағын анықтап, толық мәліметін беру. Ауылдық округтегі ауылшаруашылық құрылымдары мен кәсіпкерлік тұлғаларының жұмыстарын талдап, сараптама жасау. Жер және мүлік салықтарын жинау жұмыстарының орындалуын қадағалайды. Елді мекендерді абаттандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады. Ауыл әкімінің қызмет бабындағы басқа да тапсырмаларын орындайды.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар: Жоғары кәсіптік білім.

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі болған жағдайда ортадан кейінгі кәсіптік білімі барларға рұқсат етіледі.

2. Жаңақорған кент әкімі аппаратының бас маман - есепшісі (Е-G –3) - 1 бірлік. Лауазымдық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 53813 теңгеден 72391 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері: Кент әкімі аппараты әкімшісі болып табылатын бюджеттік бағдарламаларды әзірлеп, аудандық мәслихаттың бекітуі үшін аудан әкімдігінің қарауына ұсыну. Қаржы-шаруашылық есеп жұмыстарын жүргізіп, тиісті орындарға уақтылы қаржылық есептерді тапсырып отыру. Бюджеттік бағдарлама бойынша міндеттеме мен төлем қаржылық жоспарын жасап, ішкі есеп жұмыстарын жүргізіп отыру. Атқарылған жұмыстар көлемін нақтылап, орындаушылармен есептесіп отыру. Мемлекеттік сатып алу бойынша жылдық жұмыс жоспарын жасап, ҚР осы саладағы заңнама нормаларына сәйкес мемлекеттік сатып алуды жоспарға сәйкес жүзеге асырылуын қамтамасыз етіп, қажетті есептерді тиісті орындарға уақтылы тапсырып отыру.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар: Жоғары әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (экономика, менеджмент, есеп және аудит, қаржы, мемлекеттік және жергілікті басқару) білімі.

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес, немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі болған жағдайда ортадан кейінгі әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (экономика, менеджмент, есеп және аудит, қаржы, мемлекеттік және жергілікті басқару) білімі барларға рұқсат етіледі.

3. Аққорған ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы (Е-G –3) - 1 бірлік. Лауазымдық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 53813 теңгеден 72391 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері: Жергілікті әлеуметтік инженерлік инфрақұрылымның дамуына, нысандардың электр энергиясымен, сумен, газбен үздіксіз қамтамасыз етілуі мен елді мекен көше жарығының үздіксіз берілуіне ықпал ету. Ауылдық округте автомобиль жолдары мен электр энергиясы желісін қайта жаңартылуын, жөнделуін және күтіп ұсталуын қамтамасыз етеді. Елді мекен жерлерінде мал жаятын орындарды айқындау және елді мекендер аумақтарын санитариялық тазалауды ұйымдастыру. Елді мекендерді абаттандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағындағы малдың статистикалық есебін жүргізеді, мал басы туралы анықтама береді.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар: Жоғары кәсіптік білім.

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі болған жағдайда ортадан кейінгі кәсіптік білімі барларға рұқсат етіледі.

4. Жаңақорған аудандық білім бөлімінің жетекші маманы (Е-R-5) -1 бірлік. Лауазымдық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 49969 теңгеден 67907 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері: Оқушыларды бейінді оқыту, он екі жылдық білім беруге көшу жүйесін іске асыру жұмыстарын үйлестіреді. Бейінді оқытудың қолданбалы және электронды курстарының бағдарламаларын әдістемелік-бағдарламалық қолдауды қамтамасыз етілуін ұйымдастырады. Бейінді оқыту, әр түрлі деңгейлі бағдарламаларды енгізу бойынша білім беру ұйымдарының қызметін перспективалық болжауды және ағымдағы жоспарлауды ұйымдастырады. Он екі жылдыққа көшуде ұйымдарға қажетті материалдық-техникалық құрал-жабдықтарға тапсырыс беру жұмыстарымен айналысады. Білім беру ұйымдарында өзін-өзі тану пәні бойынша бағдарламаның іске асырылуына бақылау мен басшылық жасайды. Жалпыға міндетті оқу қорының жұмысын үйлестіреді. Есеп құжаттарының белгіленген тәртіпте сапалы және уақытылы жасалуын, оның дұрыстығын және берілуін қамтамасыз етеді.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар: Жоғары немесе ортадан кейінгі педагогикалық білім.

5. Аққорған ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманы (Е-G – 4) - 1 бірлік. Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы 48047 теңгеден 64704 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері: Аудандық статистика бөлімі және ауыл шаруашылығы бөлімімен тығыз байланыста болып жұмыс жасау. Шаруа қожалықтарының есеп кітабын жүргізу, шаруашылықтар бойынша статистикалық есепке алуды жүзеге асыру, қажетті анықтамалар беруді қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығы құрылымдарынан мәліметтер алып, оларды жинақтап, тиісті орындарға жолдауды қамтамасыз етіп отыру. Тұрғындар арасында ауыл шаруашылығы бойынша түсіндірме жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу, егін шаруашылығы бойынша статистикалық есебін жүргізеді. Ауылдық округтегі жеке шаруа қожалықтары мен жеке тұрғындардың үй іргелік жерлерінің көлемін және көшелердің ұзындықтарын «Жер ҒӨО» РМК Қызылорда филиалының аудандық бөлімшесі мен сәйкестендіріп нақтылау. Ауыл әкімінің қызмет бабындағы тапсырмаларын орындайды.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар: Жоғары немесе ортадан кейінгі құқықтық, әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (мемлекеттік және жергілікті басқару) ауылшаруашылық ғылымдары, білім; не орта техникалық немесе кәсіптік білім.

6. Қожакент ауылдық округі әкімі аппаратының қаржы саласы бойынша жетекші маман - есепшісі (Е-G – 4)- 1 бірлік. Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы 48047 теңгеден 64704 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері: Қазақстан Республикасы заңдарының негізінде ауылдық округі әкімінің аппаратының қаржы есеп жұмыстарын жүргізу. Тауарлы-материалдық құндылықтарын және негізгі қорларын есепке алу. Қызметкерлердің еңбекақыларын, салықтарды және басқа да төлемдерді есептеу және уақтылы аудару. Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын жасақтап, бюджет қаражатының мақсатты және тиімді пайдаланылуына, мемлекеттік сатып алудың нәтижесі бойынша әлеуетті өнім берушілермен шарт жасауды уақтылы орындауға және Қазақстандық мазмұн есептілігін веб-порталға уақтылы орналастыруға жауапты.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар: Жоғары немесе ортадан кейінгі әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (экономика, қаржы, есеп және аудит, жергілікті мемлекеттік басқару, статистика) не орта техникалық немесе кәсіптік білім.

7. Кейден ауылдық округі әкімі аппаратының қаржы саласы бойынша жетекші маман - есепшісі (Е-G – 4)- 1 бірлік. Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы 48047 теңгеден 64704 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері: Қазақстан Республикасы заңдарының негізінде ауылдық округі әкімінің аппаратының қаржы есеп жұмыстарын жүргізу. Тауарлы-материалдық құндылықтарын және негізгі қорларын есепке алу. Қызметкерлердің еңбекақыларын, салықтарды және басқа да төлемдерді есептеу және уақтылы аудару. Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын жасақтап, бюджет қаражатының мақсатты және тиімді пайдаланылуына, мемлекеттік сатып алудың нәтижесі бойынша әлеуетті өнім берушілермен шарт жасауды уақтылы орындауға және Қазақстандық мазмұн есептілігін веб-порталға уақтылы орналастыруға жауапты.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар: Жоғары немесе ортадан кейінгі әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (экономика, қаржы, есеп және аудит, жергілікті мемлекеттік басқару, статистика) не орта техникалық немесе кәсіптік білім.

8. Машбек Нәлібаев ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы (Е-G–3) – 1 бірлік. Лауазымдық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 53813 теңгеден 72391 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері: Елді мекен жерлерінде мал жаятын орындарды айқындау және елді мекендер аумақтарын санитариялық тазалауды ұйымдастыру. Елді мекендерді абаттандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады. Ауыл шаруашылығы құрылымдарынан мәліметтер алып, оларды жинақтап, тиісті орындарға жолдауды қамтамасыз ету. Шаруашылық есеп кітабын, тұрғындардың статистикалық есебін жүргізу, тиісті өзгертулер мен толықтырулар енгізу. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағындағы малдың статистикалық есебін жүргізеді, мал басы туралы анықтама береді. Ауыл әкімінің қызмет бабындағы тапсырмаларын орындайды.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар: Жоғары кәсіптік білім.

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі болған жағдайда ортадан кейінгі кәсіптік білімі барларға рұқсат етіледі.

9. Сүттіқұдық ауылдық округі әкімі аппаратының қаржы саласы бойынша жетекші маман - есепшісі (Е-G-4) - 1 бірлік. Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы 48047 теңгеден 64704 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері: Қазақстан Республикасы заңдарының негізінде ауылдық округі әкімінің аппаратының қаржы есеп жұмыстарын жүргізу. Тауарлы-материалдық құндылықтарын және негізгі қорларын есепке алу. Қызметкерлердің еңбекақыларын, салықтарды және басқа да төлемдерді есептеу және уақтылы аудару. Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын жасақтап, бюджет қаражатының мақсатты және тиімді пайдаланылуына, мемлекеттік сатып алудың нәтижесі бойынша әлеуетті өнім берушілермен шарт жасауды уақтылы орындауға және Қазақстандық мазмұн есептілігін веб-порталға уақтылы орналастыруға жауапты.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар: Жоғары немесе ортадан кейінгі құқықтық білім; не орта техникалық немесе кәсіптік білім.

10. Бесарық ауылдық округі әкімінің аппаратының жетекші маман-заңгері (Е-G-4) - 1 бірлік. Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы 48047 теңгеден 64704 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері: Ауылдық округтің әкімі қабылдайтын нормативтік актілердің жобасын заң талаптарына сай әзірлеу, мемлекеттік тіркеуге жататындарын әділет басқармасына жолдайды, тіркелуін қамтамасыз етеді, баспасөз бетіне ресми жариялауға беріп отырады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы, нашақорлыққа қарсы күрес бағдарламасының және кәмелетке толмағандар комиссиясының іс-шарасын жасап, жүзеге асырып отырады. «Заңды және жеке тұлғалардың арыздарын қарау туралы» 1-ОЛ статистикалық есебін тапсыруды қамтамасыз етеді, ұйымдастырады және жауап береді. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының талаптарына сәйкес, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырады және оны жүзеге асырады, заңның тиісті тәсілдерін қолдану арқылы құжаттарды жасақтайды.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар: Жоғары немесе ортадан кейінгі әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (экономика, қаржы, есеп және аудит, жергілікті мемлекеттік басқару, статистика) не орта техникалық немесе кәсіптік білім.

11. Машбек Нәлібаев ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы (Е-G-3) – 1 бірлік. Лауазымдық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 53813 теңгеден 72391 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері: Әкімге қол қоюға ұсынылатын құқықтық сипаттағы құжаттардың заң талаптарына сәйкестігін тексеру. Мемлекет тарапынан көп балалы аналарға берілетін мемлекеттік наградалар құжаттарын қабылдап, тиісті орындарға табыстау. Округтегі сайлаушылар тізімін жасақтау және мекен-жай тіркелімінің жұмыстарына жауапты. Білім беру, денсаулық сақтау, мектепке дейінгі білім беру мекемелерімен қарым-қатынаста жұмыс жасау. ҚР Жер кодексіне сәйкес жеке тұрғын-үй құрылысына және кәсіпкерлік нысандарының құрылысына байланысты жер бөлу, оның барысын қадағалау арқылы жұмыс жүргізу. Ауылдың әлеуметтік экономикалық дамуын сараптау және оған бақылау жасауды ұйымдастыру.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар: Жоғары кәсіптік білім. Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі болған жағдайда ортадан кейінгі кәсіптік білімі барларға рұқсат етіледі.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:

1) нысанға сәйкес өтініш;

2) 3х4 үлгідегі суретпен нысанға сәйкес толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариатты куәландырылған көшірмесі).

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді. Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады. Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады. Азаматтар жоғарыда аталған құжат тігілетін мұқабада орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе почта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Азаматтар жоғарыда аталған құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондық почта мекенжайына электронды түрде бере алады. Конкурсқа қатысу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды электрондық почта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірілмей береді. Жоғарыда аталған құжаттардың түпнұсқасы берілмеген жағдайда тұлға әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру БАҚ-та («Кызылординские вести» және «Сыр бойы») соңғы жарияланған күннен бастап он жұмыс күні ішінде «Жаңақорған ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, 120300, Жаңақорған кенті, М.Көкенов көшесі, 37 үй, № 302 кабинетте қабылданады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер конкурс комиссия шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әңгімелесу өткізу күні

туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекен-жайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Үміткерлермен әңгімелесу «Жаңақорған ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде (Жаңақорған кенті М.Көкенов көшесі, 37 үй) әңгімелесуге шақырған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Осы Қағидалардың мемлекеттік органның басшысымен (жауапты хатшы) конкурс комиссиясының отырысына сарапшылардың қатыстырылуына жол беріледі. Сарапшы ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихат депутаттары қатыса алады.

«Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына үміткерлер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Астана, Алматы, Атырау, Көкшетау, Павлодар, Тараз, Өскемен, Орал, Петропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған, Ақтөбе, Ақтау және Шымкент қалаларындағы аймақтық тестілеу орталықтарында белгіленген тәртіппен өтеді.

E-R-5, E-G-3, E-G-4 - санаттары үшін тестілеу бағдарламасы: мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма); логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ); «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

«Жаңақорған ауданы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің конкурстық комиссиясы.

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

«Жалағаш ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, 120200, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Әйтеке би көшесі №12 үй, анықтама үшін байланыс телефондары:8(72431) 40-9-26, zhalagash.gov.kz «Б» корпусы бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

Жалағаш аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің бюджеттік жоспарлау секторының меңгерушісі (E-R-3 санаты-1 бірлік). Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы 74313 теңгеден 99938 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері:

Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметі актілерінің, сондай-ақ орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік-құқықтық актілерінің орындалуын бақылауға алу.

Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы және бюджеттік параметрлері болжамының жобасын әзірлеу.

Ауданның салық-бюджет саясатының негізгі бағыттарын, аудан бюджетінің негізгі параметрлерінің болжамдарын және аудандық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бойынша шығыстардың болжамды көлемін қамтуға тиіс бюджеттік параметрлердің үш жылға арналған болжамын әзірлеу. Ауданның бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің бюджеттік бағдарламалар жобалары мен бюджеттік өтінімдерінің тапсырылуын бақылау.

Аудандық мәслихаттың аудан бюджеті туралы шешімдер жобасын әзірлеу.

Бекітілетін, өзгертулер мен толықтырулар енгізілетін аудан бюджетінің қаулысының жобасын сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптамадан өткізілуін және әділет басқармасына тіркелуін қамтамасыз ету. Бақылаудағы қаулыларға, келген қатынас хаттарға уақытылы мәлімет берілуін бақылау.

Бюджеттік жоспарлау секторының ішкі жұмыстарын үйлестіру.

Жеке және заңды тұлғалардан келген арыз-шағымдарды қарау.

Үміткерлерге қойылатын талаптар:

Жоғары экономикалық білім.

Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

1) мемлекеттік қызмет өтілі бір жарым жылдан кем емес;

2) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда үш жылдан кем емес жұмыс өтілінің бар болуы;

3) жоғары және жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы;

4) ғылыми дәрежесінің болуы.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның маманданауына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан - 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс "Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы №06-7/32 бұйрығына сәйкес өткізіледі. (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 20 наурызда №8380 тіркелді).

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар Жалағаш ауданы әкімінің аппаратына келесі құжаттарды тапсырады:

1) өкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш;

2) 3х4 үлгідегі суретпен өкілетті орган белгілеген нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады. Азаматтар жоғарыда аталған құжат тігілетін мұқабада орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе почта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Азаматтар жоғарыда аталған құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондық почта мекенжайына электронды түрде бере алады. Конкурсқа қатысу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды электрондық почта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірілмей береді. Жоғарыда аталған құжаттардың түпнұсқасы берілмеген жағдайда тұлға әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру БАҚ-та («Қызылординские вести» және «Сыр бойы») соңғы жарияланған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Жалағаш ауданы әкімінің аппараты, 120200, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Әйтеке би көшесі №12 үй, №16 бөлмеде қабылданады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер конкурс комиссиясы шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күн ішінде әңгімелесу өткізу туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекен-жайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Үміткерлермен әңгімелесу «Жалағаш ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі: 120200, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Әйтеке би көшесі №12 үй мекен-жайы бойынша әңгімелесуге шақырған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде өтеді.

Конкурстық комиссия жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушылардың қатысуына жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялық өкілдері, уәкілетті органның қызметкер-лері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Осы қағидалардың мемлекеттік органның басшысымен (жауапты хатшы) конкурс комиссиясының отырысына сарапшылардың қатыстырылуына жол беріледі. Сарапшы ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихат депутаттары қатыса алады.

«Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына үміткерлер Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Астана, Алматы, Атырау, Көкшетау, Павлодар, Тараз, Өскемен, Орал, Петропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған, Ақтөбе, Ақтау және Шымкент қалаларындағы аймақтық тестілеу орталықтарында белгіленген тәртіппен өтеді.

E-R-3 санаты үшін тестілеу бағдарламасы: мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма), логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясын (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының конституциялық заңы, «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ), «Әкімшілік рәсімдер туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Аталмыш лауазымға орналасқан адам үшін көтерме шығындар төленбейді, тұрғын үй және жеңілдіктер ұсынылмайды.

Жалағаш ауданы әкімі аппаратының конкурстық комиссиясы.

Электр энергиясы тұтынушыларының назарына!

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 18.02.2015 жылғы №05-21/426 санды дәлелді қорытындысы негізінде 2015 жылдың 1-ақпанынан бастап «Энергосервис» ЕЖШС-нің электр энергияға тарифтерінің өзгеретіндігі туралы хабарлайды.

1. Тұрғындар саны мен тұтыну көлемі негізінде электрплиталарын пайдаланбайтын жеке тұлғалар үшін сараланған тариф:
- 1 – деңгей 70 кВт*с дейін 1 адамға айына – 13,9328 теңге ҚҚС-мен;
- 2 – деңгей 70-тен 150 кВт*с дейін 1 адамға айына – 19,2752 теңге ҚҚС-мен;
- 3 – деңгей 150 кВт*с жоғары 1 адамға айына – 24,0912 теңге ҚҚС-мен.

2. Тұрғындар саны мен тұтыну көлемі негізінде электрплиталарын пайдаланатын жеке тұлғалар үшін сараланған тариф:
- 1 – деңгей 90 кВт*с дейін 1 адамға айына – 13,9328 теңге ҚҚС-мен;
- 2 – деңгей 90-нан 170 кВт*с дейін 1 адамға айына – 19,2752 теңге ҚҚС-мен;
- 3 – деңгей 170 кВт*с жоғары 1 адамға айына – 24,0912 теңге ҚҚС-мен.

3. Тұтыну көлемі негізінде жалғыз тұратын ҰОС ардагерлері және осыларға теңестірілетін мүгедектер, жасы бойынша пенсионерлер үшін сараланған тариф:
- 1 – деңгей 100 кВт*с дейін 1 адамға айына – 13,9328 теңге ҚҚС-мен;
- 2 – деңгей 100-ден 150 кВт*с дейін 1 адамға айына – 19,2752 теңге ҚҚС-мен;
- 3 – деңгей 150 кВт*с жоғары 1 адамға айына – 24,0912 теңге ҚҚС-мен.

4. Тәулік мерзімі бойынша жеке тұлғалар үшін сараланған тариф:
- Күндізгі мерзім (7-00-ден 23-00-ге дейін) – 1 кВт*с үшін 21,2912 теңге ҚҚС-мен;
- Түнгі мерзім (23-00-ден 7-00-ге дейін) – 1 кВт*с үшін 5,2304 теңге ҚҚС-мен.

5. Тәулік мерзімі бойынша заңды тұлғалар үшін сараланған тариф:
- Күндізгі мерзім (7-00-ден 19-00-ге дейін) – 1 кВт*с үшін 16,0608 теңге ҚҚС-мен;
- Кешкі мерзім (19-00-ден 23-00-ге дейін) – 1 кВт*с үшін 35,3024 теңге ҚҚС-мен;
- Кешкі мерзім (23-00-ден 7-00-ге дейін) – 1 кВт*с үшін 5,2304 теңге ҚҚС-мен.

«Энергосервис» ЕЖШС әкімшілігі.

● МАМАНДЫҚ МЕРЕЙІ

ЖАН ДАУАСЫНА ШИПА ДАРЫТҚАН

«Жақсы сөз – жан шуағы», дегендей, әр науқасты аса ілтипатпен, мейіріммен қарсы алып, емімен қоса жанына дауа болатындай рахым таныту кез келген дәрігердің қолынан келе бермейді. Ал біз сөз еткелі отырған дәрігер Жақсылықов Жолдасбай осындай жан. Жүзінен нұры, ісінен парасаттылық пен адамгершілік қасиеті тұнып тұрған осы бір ақ халатты азаматты аралдықтар аса құрметтейді.

Бала күнінен адам жанының арашашысы болуды армандаған Жолдасбай Алматы мемлекеттік медицина институтына түсіп, оны ойдағыдай бітіреді. Қызылорда қаласында облыстық балалар ауруханасында интернатурадан өтіп, 1978 жылы "Арал" кеңшары селолық учаскелік ауруханасына жіберіледі. Ауруханада біраз тәжірибе жинақтап, ауыл адамдарының ықыласына бөлене бастайды. Ауылда ол учаскелік дәрігер және бас дәрігер қызметтерін атқарады. 1989 жылдан осы кезге дейін аудандық орталық ауруханасының жұқпалы аурулар бөлімшесінде дәрігер, онан соң бөлімше меңгерушісі болып еңбек етіп келеді. Айналасындағыларға білікті маман, білімді азамат ретінде сыйлы. Жолдасбай ағамыз жоғары санатты дәрігер-инфекционист, яғни жұқпалы аурулардың қалай пайда болып, онымен қалай күресу керек жолдарына дейін білетін аса білікті де білімді маман.

Жөкең тек дәрігерлік қызметпен тұрып қалмай, ғылыми еңбектермен де айналысады. Оған дәлел, Орталық академиялық медициналық басылымдарда оба ауруының клиникалық-диагностикалық және емдеу мәселелері туралы еңбектері жарық көріп отырған. Қарапайым дәрігердің ізденісі қашанда мадақтауға лайық.

Осындай тынымсыз еңбегі оған абырой, атақ ала келді. Соның бірі – «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 10 жыл», «ҚР Конституциясына 10 жыл» медальдарымен, сондай-ақ, облыстың Құрмет грамотасымен, Алғыс хаттарымен, денсаулық сақтау саласының Құрмет грамоталарымен мадақталған. Ол – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісінің үздігі.

Жөкең жұмысында қандай абыройлы болса, отбасында да сондай мерейлі. Төрт бала тәрбиелеп өсірген, немерелі. Отанасы Хамурова Айзада Жұмағалиқызы екеуі құрған шаңырақтан бүгінде шаттық лебі еседі. Ол да жоғары санатты көз дәрігері. Біраз жылдардан бері аудандық емханада қызмет жасайды. Келіні Балшынбаева Айнұр да дәрігер-кардиолог. Ұлы Абай Атырау мұнай-газ институтын бітірген, өз мамандығы бойынша жұмыс жасайды. Кенжесі Жұлдыз медицина университетінің 3-курс студенті.

Жан дауасына шуақ сыйлап жүрген дәрігер ағамызды жерлестері әрдайым да мақтан тұтады.

Ағыбай ОРЫНБАЕВ.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ АКЦИЯСЫ

Қызылорда қаласына қарасты №179 А.Хангелдин атындағы орта мектебінде үстіміздегі жылдың ақпан айында қайырымдылық акциясы болып өтті. Акция аясында Қарауылтөбе ауылының белді азаматтары, кәсіпкерлері мүмкіндігі шектеулі балаларға планшеттер сыйға тартты.

Шараның өтуіне жаны жайсаң азаматтар Қ.Тәженов, Қ.Ыдырысов Қ.Бермағанбетов, Н.Оразымбетов, А.Базаров біркісідей атсалысты. Осындай жаны жайсаң азаматтар барда балғын балалардың жүзінен күлкі кетпей, өмірге деген көзқарастары жоғары болатынына сеніміміз мол.

Қайырымдылық акциясында мектеп оқушылары ән салып, би билеп өз үлестерін қосты. Мүмкіндігі шектеулі 5-сынып оқушысы қамқорлық көрсеткен ағайларына, мектеп мұғалімдеріне рахмет айтса, үйден оқытылатын 6-сынып оқушысы Махамбет Ердәулеттің әжесі өз разылығын білдірді.

Гүлшара БАЗАРОВА,
№179 А.Хангелдин атындағы орта мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Тұрғындардың назарына!

Электр энергетика халық өміріне маңызды қызмет көрсететін стратегиялық сала болып табылады.

Қазір уақытта өз өміріміздің жарықсыз, теледидар, тоңазытқыш, компьютер, телефонсыз және тағы басқа қажетті құрал-жабдықтарсыз елестете алмаймыз. Бірақ жарыққа төлем жасауды ұмытпауымыз керек. Яғни, тұтынушылар арасында коммуналды төлемге салғырт қарайтындар бар. Қарызы бар тұтынушылар жарықтан ажыратылып, қарыздар белгіленген тәртіппен сот органдары арқылы қайтарылатын болады.

Пайдаланылған жарығымызға төлемақыны уақытылы төлеуді кешіктірсек, онда энергиямен жабдықтаушы мекемелердің қаржылық жағдайына зияны тиеді. Осыған байланысты, біздің облысымыз жарыққа тәуелді болғандықтан, электр энергияны сыртқы энергия көздерінен Жамбыл мен Екібастұз «ГРЭС»-нан сатып алады, оларға 100 пайыз алдын-ала төлем төлеуге тура келеді. Сондай-ақ жарықты тасымалдаушы мекемелерге де алдын-ала төлем төлеуіміз қажет. Тұтынушылар қарыз болғандықтан, энергиямен жабдықтаушы мекемелер «ҚЖЭО» МКК-на және «ҚЭТТК» АҚ-на уақытылы төлемақы төлемейді, ол дегеніміз аталған мекемелердің қаржылық жағына зиянымыз тиеді.

Тұтынушылардың уақытылы төлем жасамауы аймағымызды үздіксіз электрмен қамтамасыз етуіне кері әсерін тигізеді.

Құрметті тұтынушылар, Сіздерден коммуналдық қызмет көрсетушілерге уақытылы төлем төлеуді сұраймыз!

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2015 жылғы 23 ақпандағы №33-НҚ бұйрығымен 2015 жылдың 1 сәуірінен бастап «Қазсушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қызылорда филиалы бойынша суды арналар арқылы жеткізіп беру қызметінің 1 текше метріне тариф қосымша құн салығынсыз 0,298 теңге болып бекітілді.

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	Т.А.Ә.	Лауазымы	Қабылдау күндері	Қабылдау уақыты
1	Ысқақов Қуанышбек Досмайылұлы	Басқарма басшысы	бейсенбі	11.00-17.00
2	Әбдреев Қазтай Тоқтасынұлы	Басқарма басшысының орынбасары	сейсенбі	9.00-18.00
3	Нұрсейтов Нұрлан Сайлауұлы	Басқарма басшысының орынбасары	жұма	9.00-18.00
4	Жүсіпов Ашраф Шағдатұлы	Басқарма басшысының орынбасары	сәрсенбі	9.00-18.00

«СЕНІМ» ТЕЛЕФОНЫ

Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырындағы №1567 санды «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілердің Ар-намыс туралы» Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 1998 жылдың 2 шілдесіндегі №267-1 санды «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес 8(7242) 30-18-53 «сенім» телефоны жұмыс істейтіндігін хабарлайды.

Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы.

САЛЫҚ ТӨЛЕМГЕРЛЕРІ НАЗАРЫНА

Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырындағы №1567 санды «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілердің Ар-намыс туралы» Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 1998 жылдың 2 шілдесіндегі №267-1 санды «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес басқармада «Call_gorkzil@taxkzil.mgd.kz» электронды арыз-шағым жәшігі қызмет ететіндігін хабарлайды.

Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САРАПТАМА

ҚР Экологиялық кодексі 57-бабының талаптарына сәйкес, «Кристалл менеджмент» ЖШС-ның учаскесіндегі аумақта (А Блогы) МТЗ электрбарлау жұмыстарын жүргізуге арналған Техникалық жобаны және оның ҚОӘБ бөлімін Қызылорда облысы бойынша экология департаментіне Мемлекеттік экологиялық сараптамаға жіберетіндігі туралы хабарлайды.

«Кристалл менеджмент» ЖШС учаскесінің аумағында (А Блогы) МТЗ электрбарлау жұмыстарын жүргізуге арналған Техникалық жобамен және оның ҚОӘБ бөлімімен мынадай мекенжайда: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Асқаров көшесі, 3, тел.: 8 (727) 247-26-36, сондай-ақ, www.sed@sed.kz сайтында танысуға, ескертулер мен ұсыныстарды білдіруге болады.

РИЗАШЫЛЫҚ

Облыс, аудан орталығынан шалғайдағы Қармақшы ауданының Қуаңдария ауылында тұрамын. Ақпанның 15-і күні көршілес Т.Көмекбаев ауылынан жылқыларымды айдап бара жатқан ұрлардың Қазалы ауданының аумағында ұсталғаны туралы хабар келді. Беймезгіл уақытта жылқыны қуып бара жатқандарды көрген Сарбұлақ, Басығара ауылдарының тұрғындары учаскелік полиция инспекторына айтқан. Полиция инспекторы Абдулла Досанов үйір жылқыны ұрлардан айырып алып қалып, дарияның арғы бетіне өтіп кеткен ұрыларды қуып кетіпті. Ұзамай кісі малын ұрлап құныққандар құрықталды деген хабар да жетті. Ақ адал малым басы бүтін өзіме бұйырды. Мен өз қызметіне адалдық танытқан Қазалы аудандық ішкі істер бөлімі әкімшілік полиция бөлімшесінің учаскелік полиция инспекторы, аға лейтенант Абдулла Досановқа алғысымды білдіруді азаматтық парызым деп санадым.

Абдулланың ата-анасына, Қазалы аудандық ішкі істер бөлімінің ұжымына, басшылығына мың да бір рахмет. Жанашырлық танытқан Сарбұлақ, Басығара елді мекендерінің тұрғындарына да алғысым шексіз.

Темірбек СЫДЫҚОВ.
Қармақшы ауданы,
Қуаңдария ауылы.

ТҮЗЕТІЛІП ОҚЫЛСЫН

Облыстық «Сыр бойы» газетінің 2015 жылдың 26 ақпанындағы №28 (18916) нөміріндегі Қызылорда облыстық қаржы басқармасының ақпараттық хабарламасындағы 24 тармағындағы «3839» саны «3840» деп оқылсын.

ЖҰМЫСЫН ТОҚТАТАДЫ

Жакапбаева Индира Бермагамбетовнаның атынан ашылған Жакапбаева ЖК нысанының жабылуына байланысты жұмысын тоқтатады (Серия 07915 №0050065).

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Таубаев Кабланбек Аширбековичтің атына Қызылорда қаласы, Абай Құнанбаев даңғылы №65 Е мекен-жайына берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісі (кадастрлық №10-156-002-3291, №0210879) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Алатаев Айбол Алмасовичтің атына Қызылорда облыстық ішкі істер департаментінен берілген КЗ №05048 қызметтік куәлігі (жеке нөмірі А-052000) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Жайшылықов Дәуір Қанатұлының атына Қызылорда қаласы, Абай ауылындағы №138 Абай орта мектебін 21.06.2012 жылы бітіргені жөнінде берілген ЖОБ №0471565 аттестатының қосымшасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Уәли Дәурен Артықбайұлының атына Қызылорда облысы, Шиелі ауданындағы Шиелі индустриалды-аграрлық колледжінде «В,С» дәрежелі автокөлік жүргізушісі мамандығы бойынша қысқа мерзімді оқуын 11.04.2014 жылы бітіргені жөнінде берілген №0343601 куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Арипова Баян Игамбердыевнаның атына Қызылорда қаласы, Әл-Фараби ауданы, 502 А кварталы, №42 учаскесіне берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісі (кадастрлық №10-156-024-813, №0106403) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Арал қаласының №13 Т.Г.Шевченко атындағы қазақ орта мектебінің 11 сыныбын 1964 жылы бітірген сыныптастары **Жақсыбике Үдербаеваның** қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Меншік иесі:
Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

Сыр бойы
Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР
Жұматәли ӘБДІРАМАН
қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:
руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:
Арал, Қазалы:
Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиелі, Жаңақорған:
Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz
Газет аптасына 3 рет, сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
"Сыр бойы" облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 "Сапа менеджменті жүйесі" талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. *"АҚ"-ақылы қызмет.
Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4
Газеттің таралымына "Қазпошта" - 23-54-51, "Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.
Редакция мекен-жайы:
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4

Таралымы 24726
Тапсырыс № 209

Электрондық оқылым – 28000